Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің (оқыту қазақ тілінде емес)

7-сынып
ОҚУЛЫҒЫ

2-бөлім

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің
Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы ұсынған

Рекомендован Республиканским научно-практическим центром экспертизы содержания образования
Комитета по обеспечению качества в сфере образования
Министерства просвещения Республики Казахстан

Көкжиек-Горизонт
2025

Репликация запрещена

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз+83.3 (5Қаз)
Қ17

Авторлар: ***Оразбаева Фаузия Шамсиқызы***
Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы
Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы
Рауандина Айтжамал Қалкенқызы
Мукеева Бибігүл Қазбекқызы

Баспаішілік сараптама: ***Сеилханова Рахила Бексовна***, ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), білім саласының профессоры

Рецензенттер: ***Шойбекова Газиза Бейсенбековна***, ф.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры
Ерназарова Гульжахан Пердахановна, педагог-зерттеуші

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған оқулық (оқыту қазақ тілінде емес). Екі бөлімнен тұрады. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мұкеева. — Қайта басылым. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2025. — 160 б.

ISBN 978-601-363-130-1 (2-бөлім)
ISBN 978-601-363-129-5 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз+83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-363-130-1 (2-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2025
© Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева, 2025

Құрметті жас дос!

Бұл оқулық сені айналаңдағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірлесуге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

Оқулық сабақтарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысасың. Тіл мен әдебиетті қатар меңгересің. Сені қызық тапсырмалар күтеді: қазақша сөйлей білуді, пікіріңді дәлелдеп айтуды үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысасың, мақал-мәтел арқылы ойыңды түйіндеп жеткізесің; дербес, жұптық топтық тапсырмаларды орындайсың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуге көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, қоршаған ортаңды танып, өз ойыңды еркін жеткізуге, сырыңды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындай отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсең, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақтардың шешуін тапсаң, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсең, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Шартты белгілері:

 — жұптық жұмыс

 — топтық жұмыс

 — жобалық жұмыс

 — функционалды сауаттылық

 — сыни тұрғыдан ойлау

 — тыңдалым

Ғаламторды пайдаланамын

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

әлеуметтік, дәйексөз, ешқандай, санаулы, жылдамдық, қосылу, басқа

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Үйіңде ғаламтор желісі жылдам қосыла ма?
2. Ата-анаң ғаламтор желісін пайдалануыңа рұқсат ете ме?
3. Қандай сайтты жиі қарайсың?
4. Саған ғаламтордың қандай пайдасы бар?
5. Жасанды интеллект туралы не білесің?
6. Қандай әлеуметтік желілерді пайдаланасың?



ТЫҢДАЛЫМ

2 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді жазып ал. Солардың негізінде мәтін мазмұнының желісін сызбаға түсір.



1. Жасанды интеллектінің артықшылығы	
2. Жасанды интеллектінің кемшілігі	

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Әлеуметтік-мәдени тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңдер. Тыңдалым мазмұны бойынша парталас досыңмен диалог құрыңдар.

1. Әлеуметтік желілерді күні бойы қарауға болмайды.
2. Ғаламторды тым көп қолдану — денсаулыққа зиян.
3. Жұмыстарды шығармашылықпен өзім орындағанды ұнатамын.
4. Жасанды интеллект жасаған жұмысты өз еңбегім деп ұсыну мәдениетсіздік деп санаймын.
5. Қазақ тілі сабағында жасанды интеллект арқылы көп тапсырма орындауға болады.

ТІЛДІК БАҒДАР

ҚАЛАУ РАЙ

(желательное наклонение)

Анықтамасы

Қалау рай — етістіктің категориясы. Қалау рай іс иесінің нақты бір іс-әрекетті орындауға деген қалауын, ынтасын, ниетін білдіреді.

Қалау райдың жасалу жолдары			
1-жол: Түбір сөз + -ғы/қы, -гі/кі, + тәуелдік жалғауы + кел	**2-жол:** Түбір сөз + -са, - се,+ тәуелдік жалғауы +екен/игі	**3-жол:** Түбір сөз + -ғай/қай, +гей/кей + жіктік жалғауы	**4-жол:** Түбір сөз + -у, +ды/ді + қалаймын
Мысалдары			
қолдан+ғы+м келеді, қос+қы+сы келді, көшір+гі+ңіз келе ме?	қолдан+са+м екен, қос+са игі, көр+сеңіз екен	қолдан+ғай+сыз, қос+қай+сың, көр+гей+сіз	қолдан+у+ды қалаймын, қолдан+у+ды қаламаймын, көр+у+ді қалайды

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Үш бағандағы сөздерден қалау рай түріндегі сөз тіркестерін құрап жаз. Өзің құраған тіркестерді қатыстырып, бүгінгі сабақ тақырыбына қатысты сөйлем құрап айт.

Үлгі: тап+қы+м келді. Мен ғаламтордан тілді тез үйретететін сайт тапқым келеді.

Етістіктер	Қалау рай жасайтын жұрнақтар	Қалау мән тудыратын сөздер
қосу, таңдау, көру, айту, жазу, қатысу, жеткізу, келу, табу, іздеу	-қы, -ғы, кі, -гі, -са, -се, -қай, -кей, -у+ды, -у+ді	кел, еді, игі, қалаймын

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Суретте көрсетілген заманауи ақпараттық технология құралдарының түрлері мен қызметі туралы әңгімелесіңдер. Өзіңде қай құрылғының болғанын қалайсың? Әңгімеде ақпарттық-коммуникативтік технологияға қатысты терминдер мен неологизмдерді қамтыңдар. Қалау рай формасындағы тіркестерді қолданыңдар.



ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

6 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы.

Біздің заманымыз — ақпарат ғасыры. Сондықтан қазір ғаламтор желісі барлық жерде қосылған. Қай жерде жүрсек те, әлемде не болып жатқанын санаулы уақытта, жылдам біліп отырамыз.

Мен ғаламторды үй тапсырмаларын орындағанда, көбірек пайдаланамын. Әсіресе, реферат, жоба жұмыстарын жазғанда өте көп қараймын.

Қажет ақпаратты әлеуметтік желілерді пайдаланып, тез тауып аламын. Бірақ ешқандай дайын материалды көшірмеймін, тек дәйексөз аламын. Жасанды интеллект дайындаған материалды қолданбаймын. Өйткені ол мәдениеттілікке жатпайды.

Ғаламторда оқушыларға арналған сайттар: ашық энциклопедиялар, анықтамалар, географиялық карталар, ең мәнді тарихи дерек қоры бар. Мен биыл қазақ тілінен «Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы» атты жоба жұмысын жазып, мектепішілік байқауға қатыстым. Осы жобаны орындауда маған ғаламтор көп пайдасын тигізді.

Мен үш тілді еркін білемін. Олар: орыс, қазақ, ағылшын тілдері. Қазір ғаламтор арқылы француз тілін де үйреніп жүрмін. Онда аударма, түсіндірме сөздіктерді пайдаланамын.

Ғаламтордан онлайн кітаптарды оқимын. Кейде кино, мультфильмдерді көремін. Әйтсе де компьютерде көп отырмауға тырысамын. Ата-анам да көп отыруға рұқсат етпейді. Себебі компьютерде көп отыру — денсаулыққа зиян. Компьютерді күніне 2 сағаттан артық пайдаланбаған жөн.

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Тірек сөздерді анықта. Мәтінге тақырып қой.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Мәтінге қатысты ақпараттардың дұрыстығын тексер. Дәлеліңді айт.

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Әлеуметтік желідегі еңбектен дәйексөз аламын.		
2	Ғаламтордың зияны көп.		
3	Жасанды интеллект дайындаған тапсырманы жиі қолданамын.		
4	Ол қазақ тілінен жоба жұмысын жазды.		
5	Жоба жұмысы Мағжан Жұмабаев туралы болды.		
6	Ол ғаламторда сөздікпен тіл үйреніп жүр.		
7	Ғаламтордан басқа ақпарат көзі жоқ.		
8	Компьютерді күніне 2 сағаттан артық пайдаланған тиімді.		

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, ғаламторда не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын айт. Өзің бұған не қосар едің? Сызбаны толықтыр.



АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұны бойынша Әлібек пен досының диалогін көрсетіңдер. Өз сөздеріңде «Ғаламторды дұрыс қолдану деген не?» сұрағына жауап беріңдер. Диалогте қалау рай формасындағы сөздерді қолданыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: сенің компьютеріңде ғаламтор желісі істемей қалды. Кімге, қайда өтініш жазу керегін анықтап біл. Жауапты мекеменің басшысына өтініш жаз. Өтініштің үлгісін оқулықтың 1-бөлімінен қара.

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
«Синектика». Ғаламтор өмірімізге енгелі адамдардың кітап оқуы азайып кетті. Ғаламтордан бас көтермейтін 7-сынып оқушысына сөреде ұмытылып қалған көркем-әдеби кітаптың атынан хат жаз. Хатыңда ғаламторда жұмыс істеу мәдениеті жайлы жазуды да ұмытпа!

Ғаламтор-Портал ОНТ

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.
Полилог. «Ойшыл қалпақтар»: «Ғаламтор біздің өмірімізде» тақырыбында 6 оқушыдан топтасып, 6 түрлі қалпақ киіп, өзара пікірталас өткізіңдер.

Ойшыл қалпақтар	Ойшыл қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Ғаламтор арқылы орындалатын қызметтерді санамалап айтады.	Ғаламтордың маңызы қандай?
	Ғаламтордың артықшылықтарын айтады.	Ғаламтордың қандай тиімді жағы бар?
	Ғаламторды қолдану мәдениетіне қатысты кемшіліктерді айтады.	Ғаламтордың қандай зияны бар?
	Ғаламтордың тағы қандай жаңа мүмкіндіктері барын айтады.	Ғаламторда жасанды интеллект арқылы қандай жұмыстар жасауға болады?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
	Бақылау және қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ЕСТЕ САҚТА!

Мен ғаламторды, әлеуметтік желілерді жиі қолданамын. Еңбектерден дәйексөз алам-мын. Ешқандай дайын материалдарды сол қалпында алуға болмайды. Ғаламтордан көшіру — мәдениетсіздік.

Көкжиек Оқулық

Онлайн сөздікті қайдаланасың ба?

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ажырау, сілтеме, түпнұсқа, кеңею, тәуелді, омыртқа, семіздік, өшіру

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөйлемдердің сыңарын сәйкестендіріп жаз. Құрамында қалау райлы сөз бар сөйлемдерді анықта.

Ғаламтордың пайдасы мен	қарағым келді.
Ғаламторды дұрыс қолдану —	қосқысы келмеді.
Ғаламтордағы ақпараттарды	мәдениеттілік көрсеткіші.
Ғаламтор желісін қасақана	деректер көбейсе игі.
Ғаламторда тарихи	зияны бірдей.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


2 -тапсырма.
«Броун қозғалысы». Оқушылардан төмендегі сурет бойынша қандай сайттарды қолданатынын сұра. Тиісті ақпаратты жинау үшін кестені толтыру керек. Кім ақпаратты көп әрі тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні			
Қандай сайтты қолданады?			



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Тыңдалым мәтініндегі термин сөздерді жаз. Жасанды интеллект пен адам мәдениетінің байланысына мән беріңдер.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы.

Ғаламтордың зияны дегенді жиі естіп жатамыз. Меніңше, оның зияны қолданушылардың ішкі мәдениетіне байланысты. Күні бойы компьютерде отыру — өте қауіпті. Біріншіден, адам компьютерге тәуелді болып қалады. Екіншіден, тым жақын отырса, көру қабілеті нашарлайды. Үшіншіден, орындықта дұрыс отырмаса, омыртқасы қисаяды. Төртіншіден, көп қозғалмағандықтан, семіздікке тап болады.

Менің ойымша, пайдасы мен зиянын ажырата білсең, компьютердің берері көп. Танымыңды кеңейтетін қызықты ақпараттарды түпнұсқадан оқығың келсе, оны да жылдам таба аласың.
Музыка тыңдағың келсе, онда қалаған жанрың дайын тұр.

Көп іздену нәтижесінде ғаламтордан онлайн сөздіктің бірнеше түрін тауып алдым. Олардың ішінде өзіме ерекше ұнайтын сөздіктер жеткілікті. Тек сілтемесін дұрыс жазсаң болды. Мен жиі қолданатын сөздіктер:

1. «Википедия» ашық энциклопедиялық сөздігі;
2. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілетін «СөзКөмек» сөздігі.

«Сөздік.kz» онлайн тілтанымдық сайтын





да жиі пайдалануды қалаймын. Бұл сайтта қазақша сөз көп. Аудармасының сапасы жақсы. Олар екіжақты қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік түрінде жабдықталған.

Әдебиет сабақтарында онлайн кітаптарға тапсырыс беріп, қалаған шығармамның түпнұсқасын оқимын. Онда қазақ, орыс, шетел әдебиетінің інжу-маржаны көп.

(Ғаламтор материалдарынан)



АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіннің басты идеясы не? Оны қалай анықтайсың?
2. Ғаламторды қолдану мәдениеті туралы не айтылған? Сен автордың ойын құптайсың ба?
3. Мәтін авторы қандай оқушы деп ойлайсың? Неге?

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. 7-сынып оқушысы мен соңғы кезде ғаламторда жиі отыратын бастауыш сыныпта оқитын бауырының диалогін жазыңдар. Диалогте төмендегі тірек сөздерді қолдан.

Тірек сөздер: тәуелді, өшір, жасаушы, жақындат, семіздік, омыртқа.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Ғаламторды қолданудың зияны көп.		
Ғаламтордың зияны қолданушылардың ішкі мәдениетіне байланысты.		

Қазақ, ағылшын тілдерінен үй тапсырмасын орындаған кезде ғаламторды пайдаланамын.		
Мен аударма, түсіндірме сөздіктері бар жақсы сайттарды білмеймін.		
Қостілді сөздіктерді пайдаланамын.		
Мен көбінесе «Сөздік.kz» онлайн тілтанымдық сайтын пайдаланамын.		
Бұл сайттарда қазақша сөз аз.		

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Сөйлемдерді аяқтап жаз.

Қазақ, ағылшын тілдерінен үй тапсырмасын ... . Қостілді сөздіктерді ... . Ғаламторда сөздіктің бірнеше түрі бар: жалпы танымдық-ақпараттық әмбебап сөздік, ..., ... Мен көбінесе «Сөздік.kz» пен «Эббии» онлайн тілтанымдық ... .

Бұл сайттарда қазақша сөз ... . Аудармасының сапасы ... . Олар: екіжақты қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік ... .

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
«Үш қадамды сұхбат» әдісімен қажетті сөздерді қолданып, сөйлесіңдер. Шарты:

1. А оқушы Б оқушыға сабақ тақырыбы бойынша құрастырған сұрақтарын кезекпен қояды.
2. Б оқушы сұрақтарға жауап береді.
3. Ә оқушы сұрақ-жауаптар бойынша өзіндік ой қорытындысын жасайды.

Қажетті сөздер: жасанды интеллект, ғаламтор, тәуелді, онлайн сөздік.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі сөздердің тиістісін жаз.

Қазақ тілінен үй тапсырмасын орындаған кезде ғаламторды (өте, тым, аса) ... көп пайдаланамын. Мен аударма, түсіндірме сөздіктері бар (керемет, тым, орасан) ... сайттарды білемін. Қостілді сөздіктерді пайдаланамын. Сөздікте жеке сөздердің немесе сөз тіркестерінің (нақты, аса, ең) ... аудармасы болады.

Ғаламторда сөздіктің бірнеше түрі бар: жалпы танымдық-ақпараттық, аударма, түсіндірме сөздік. Басқа сөздіктерге қарағанда «Сөздік.kz» жақсы... (-рақ, -ірек, -дау).

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Сұрақтарды жалғастырып, диалог құрыңдар.

1. Ғаламторды қай кезде пайдаланасың?
2. Ғаламторда қандай сапалы сөздіктер бар?



АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. «Трендтер тіресі». Қосымша қайнаркөздердегі деректерді пайдаланып, Компьютер мен Ұялы телефонның пікірталасын көрсетіңдер. Әр құрылғы өзінің артықшылығын, қарсыласының олқылығын айтуы керек. Талаптар: 1,5 минутта әр қатысушы 10-12 реплика айтып үлгеруі керек. Қарым-қатынас әдебі сақталсын. Сынып дауыс беру тәсілі арқылы жеңімпазды анықтайды.

ЕСТЕ САҚТА!

Компьютердің пайдасы мен зиянын ажырата алу керек. Кітаптың түпнұсқасын оқыған тиімді. Тек ғаламторда отыра берсең, тәуелді болып қаласың, омыртқаң қисаяды, семіздікке тап боласың.

5—6 САБАҚ

Электронды кітапханадан Жюль Верн шығармасын оқыдым

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

айдар, тарихи, шарлау, қызықтыру, саяхат, тапсырыс, таралым, туынды

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөйлемдерді толықтырып жаз. Әр сөйлем құрамында қалау рай формасындағы сөздер қамтылуы тиіс.

Онлайн сөздіктердің	..... .
.....	қостілді сөздіктің көмегі ерекше.
Ғаламторды дұрыс қолдана білу де	.....
.....	қасақана жауып қоямын.
Өте маңызды тарихи деректерді	....

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Броун қозғалысы». Оқушылардан электронды кітапханадан неше кітап оқығаны туралы ақпарат жина. Кестені толтыр. Кім ақпаратты көп әрі тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні	Қандай кітаптар оқыды?

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Полилог. «Таразыға тартамыз!» әдісін пайдалана отырып, таразының бір басына кітаптан оқыған шығармалардың атын, екінші басына ғаламтордан оқыған шығармалардың атын жазып салыңдар. Оларды санаңдар. Қай басы «ауыр» екенін анықтаңдар. Түйінін бірлесіп шешіңдер.

ТІЛДІК БАҒДАР

Қалау райдың жіктелуі

жақ	жекеше	көпше
I	Менің барғым келді	Біздің барғымыз келді
II	Сенің барғың келді	Сендердің барғыларың келді
	Сіздің барғыңыз келді	Сіздердің барғыларыңыз келді
III	Оның барғысы келді	Олардың барғысы келді

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Үлгіге қара. Берілген әр етістікті қалау рай формалары бойынша түрлендіріп, жіктеп жаз.

Үлгі: *мен саяхаттауды қалаймын, оның саяхаттағысы келді, біз саяхаттасақ дейміз*

кеңейт → әлемді шарла → қызықтыр →

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты ресми стильдегі мәтінді тыңда. Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, ондағы негізгі ақпаратты қысқартып жаз. Қысқарған мәтінді жасанды интеллектінің көмегімен автордың «өзіне айтқыз». Сөз әсерімен бөлісіңдер.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді оқы.



Электронды кітапхананың өзінің айдарлары бар: «Жаңа кітаптар», «Қазақ әдебиеті», «Шетел әдебиеті» «Өлеңдер мен тақпақтар жинағы» және т.б. Айдарларды ашып, қажет кітабыңды іздеп, **тапсырыс** жасай аласың. Ғаламторды қарап отырып, мен Жюль Верннің Қазақстанмен де байланысы бар екенін білдім. Тек ондай мәлімет қолыма толық түспеді, дегенмен тапқан ақпаратымды бөліскім келді. Ол XIX ғасырда Қазақстан, Сібір жерлеріне саяхат жасаған. Соның негізінде кітап

жазған. Кітап алғаш рет орыс тілінде 1900 жылы жарық көрген. Бұл кітап — жазушының Орта Азия мен Сібірге жасаған «әдеби саяхаты». «Мен қазір басқа ештеңе ойлағым келмейді, мені таңғажайып сюжет қатты **қызықтырып** отыр. Бұл романым татарлар мен Сібірдің тарихы жайлы», — деп жазған екен Жюль Верн. Орта Азия халықтары бұл кітапта татарлар деп аталады. Осы романнан Қазақ даласында болған бірқатар тарихи деректерді кездестіруге болады.

Кітап оннан астам тілге аударылған. Артынша роман театр пьесасына айналып, ұзақ жылдар сахнада көрсетілген. Кейбір деректерге қарағанда, Жюль Верннің жазған шығармаларының ішінде Францияда бұл роман **таралымы** жағынан төртінші орынды иемденген. Роман авторға 7 млн франк пайда әкеліпті. Осылайша, Еуропа Орта Азия халықтарымен алғаш бір ғасыр бұрын Жюль Верн **туындысы** арқылы танысқан.

(«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі сайтынан өңделген)

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен және қалау рай формасында жазылған сөйлемдерді жазып ал.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Төменде берілген жоспардың тақырыптарын мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастырып жаз. Сол жоспар негізінде түсінгеніңді баянда.

- Қысқы демалыстағы олжа
- Сібірге жасаған әдеби саяхат дастаны
- Электронды кітапхананың айдарлары
- Тарихи құнды деректер
- Кітаптың таралуы
- Татарлар туралы кітап

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
«Қосжазба күнделігі». Мәтін мазмұнына сүйеніп, үш тұжырымға түсініктеме жаз.

№	Сөйлем	Түсініктеме
1	Жюль Верн — әлемге танымал жазушы.	
2	Жюль Верн Сібірге саяхат жасаған.	
3	Жюль Верн татарлар туралы жазған.	

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Викториналық ойын: «Жюль Верн шығармашылығын білеміз бе?» Ғаламторды пайдаланып, өзге де дереккөздерден Ж. Верн шығармашылығы туралы ақпарат табыңдар. Ақпараттардың негізінде сұрақ дайындаңдар. Викториналық ойынды топтық жұмыс түрінде ұйымдастырыңдар. Ең көп жауап берген топ жеңімпаз болады.

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Ж. Верннің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы ақпараттарды жинақта. Ресми стильдегі мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, жазушының түйіндемесін жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Рөлдік ойын: «Жюль Верннің монологі». Атақты француз жазушысының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәліметтерге сүйеніп, оның атынан шағын монолог мәтінін жазыңдар. Оны ауызша айтыңдар. Монологте дауыс ырғағын, қазақ тілінің үндестік заңын сақтаңдар. Сөз екпініне мән беріңдер. Қалау рай формасындағы сөздерді қолданыңдар.

ОҚЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
Міндетті түрде Жюль Верннің қазақ тіліне аударылған «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» әңгімесін оқып келіңдер. Мәтіннің идеясын, мақсатты аудиториясын анықтаңдар. Келесі сабақтар осы шығармаға арналады. Онлайн жүйесі мен электронды кітапханада бұл кітапты оқу үшін мына QR-кодты ашыңдар.





«Әлемді шарлау» туралы әлемдік әңгіме

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

болдыру, жөнелту, жақындату, мойымау, сым, ой-пікір, жасаушы, бәс, кедергі

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай жерлерге саяхаттап бардың?
2. Саяхатта не ұнады?
3. Қандай жерлерге саяхаттағың келеді? Неге?
4. Саяхатшылар туралы қандай шығармалар оқыдың?
5. Жазушы болсаң, не туралы жазар едің? Неге?
6. Жюль Верннің «Әлемді 80 күнде шарлау» романын оқыдың ба? Шығарма не туралы?
7. Сенің ойыңша, әлемді қанша күнде шарлап шығуға болады?

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Кестеде бір адамның аты неше рет қайталанады? Ол — Жюль Верннің романындағы басты кейіпкердің есімі.

Р	П	Ф	О	Й	Г	А	П	Р	Ф
Ф	Ф	О	Г	Г	Ф	Б	Ф	Я	О
О	С	Ф	М	Ы	О	Ю	О	Ң	Г
Г	М	О	Е	Ф	Г	П	Г	Ф	Г
Г	Е	Г	Ц	О	Г	Ф	Г	О	І
Д	Н	Г	Д	Г	Ф	О	Э	Г	Ұ
И	Г	Ф	Ж	Г	О	Г	Х	Г	Ф
Ф	П	О	Ф	Р	Г	Г	Ғ	Ф	О
О	Р	Г	О	Ш	Г	О	Ф	О	Г
Г	И	Г	Г	З	Ф	Р	О	Г	Г

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Өзің барғың келетін әлемнің ең үлкен қалаларын жаз. Қай қалада көбірек болғың келеді? Неге? Шешіміңнің дұрыстығын дәлелдеп айт.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Суретке қара. Бұлардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Олар туралы шығарма қалай аталар еді? Пікіріңді айт.



ағылшын джентельмені



ағылшын қызметшісі



үнді қызы

Шығарманың фабуласы — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді түсініп оқы.

Шығарманың фабуласы: екі бай әлемді 80 күнде шарлап шығуға бола ма деп, көп ақшаға бәстеседі. Біреуі әлемді шарлап келеді. Бәс шешіледі. Бар болғаны — осы. Бірақ әлемді шарлау туралы әңгіме несімен қызық? Оны сол шығарманы оқыған адам ғана сезінеді.

Шығармадағы Филеас Фогг — Лондондағы **ауқатты** адамдардың бірі. Ол — қаладағы «Реформ-клубтың» мүшесі. «Реформ клуб» — ағылшын буржуазиялық қоғамындағы ақсүйектер бас қосатын клуб. Филеас Фогг өз қарамағына Паспарту деген жігітті жұмысқа алады. Бірде екеуі клубқа келсе, дәулетті мырзалар «Әлемді 80 күнде шарлап шығуға бола ма?» деп **дауласып** жатыр екен. Клуб мүшесі Стюарт мырза оның мүмкін емесін айтып өзеурейді. Ал Фогг мырза 80 күнде әлемді шарлап шығу әбден мүмкін екенін айтады. Сөйтіп Стюарт пен Фогг ... миллион фунт стерлингке **бәстеседі**.

Бұл 2 қазан, сәрсенбі күні болатын. Фогг ... желтоқсан, сенбі күні таңертеңгі 8:45-ке дейін сапардан оралуы керек. Сөйтіп Фогг өзінің қызметшісі Паспартуды ертіп, әлемді шарлауға аттанады.



Фогг пен Паспарту бүкіл Жер шарын аралап шығады. Жолда әртүрлі шытырман оқиғаларды **бастан өткереді**. Ізкесуші оларға көп **кедергі** келтіреді. Тіпті ... рет тұтқынға да алады. Бірақ қанша қиындық көрсе де, саяхатшылар **мойымайды**. Керісінше, қиналған адамдарға көмектесіп жүреді. Саяхатшылар Лондонға ... күні сағат 8:50-де жетеді. Сөйтіп Фогг мырза бәсте ... . Ол өзі құтқарған ... деген **жесір үнді** әйелге үйленеді.

Фогг пен Паспартудың жолсапары: Лондон — Париж — Суэц — Моңғолия — Бомбей — Гонконг — Иокогама — Сан-Франциско — Нью-Йорк — Ливерпуль — Лондон бағытында болады.

(Баспасөз материалдарынан)

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптеріңе жаз. Олардың синонимін, бар болса, антонимін тап.

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Шығарма мәтінін толық оқыңдар. Мәтіндегі көп нүктенің орнында тұруға тиісті сөздерді анықтаңдар.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Шығарма бойынша сұрақтарға жауап беріңдер. Шығарманың идеясын, қандай аудиторияға (кімге) арналғанын талдаңдар. Шығармадан өздерің қандай ой түйінін жасадыңдар?

1. Фогг пен Паспартудың сапары неше күнге созылады?
2. Ізкесуші Фикс не үшін Фоггтың соңына түседі?
3. Фогг пен Паспартуды ізкесуші Фикс қай жерлерде, неше рет тұтқындайды?
4. Фогг болашақ жарын қай жерде, қалай кездестіреді?
5. Фогг кедергілерден қалай өтеді? Қазіргі кезде сөйтуге бола ма?
6. Паспарту қай кезде көзіне жас алады?

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. «Сөйлемдегі ойды жалға» сайысы. Фогг пен Паспарту арасындағы қарым-қатынасқа баға беретін шағын мәтін құраңдар. Жазған мәтінде міндетті түрде мына сөздерді қолданыңдар: болдыр, жөнелт, жақындат, сым, ой-пікір, жасаушы.

1-сөйлем: Ұзақ сапарда Фогг пен Паспарту арасында сымсыз бір байланыс орнаған еді.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Төменде Фогг пен Паспартудың жүрген жолы көрсетілген. Тек екі қаланың аты түсіп қалған. Соны тап.

Саяхат бағыты: Лондон — Париж — Суэц — Моңғолия — Бомбей — Гонконг — Иокогама — Сан-Франциско (АҚШ) — Нью-Йорк — Ливерпуль — Лондон.

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Төмендегі қысқа мәліметтерге сүйеніп, Фогг мырзаға мінездеме жазыңдар. Мінездеме мәтінінің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақта.

- Фогг жолда қайыршы әйелге садақа берді;
- піл сатып алды;
- кешіккен сайын көлікке ақша беріп, қиындықтан құтылады;
- Фиксті ұрып құлатады;
- кешіккенін білген кезде үнсіз мойындайды;
- кешігіп келгенін мойындағанмен, жеңіске жетеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
«Кім жылдам?». Сынып төрт топқа бөлінсін. Ғаламтордан Фогг пен Паспартудың жолындағы қалаларға жеткізетін көліктердің (пойыз, кеменің, ұшақтың) жүру уақыттары жөнінде мәлімет жинаңдар. Жолға кететін уақытты 2 нұсқада есептеп, өзара салыстырыңдар. Фогг заманы мен бүгінгі уақыттағы саяхаттаудың айырмашылығын айтып беріңдер.

1-нұсқа: Фогг мырзаның кезіндегі көліктермен жүргендегі жолға кеткен уақыт;

2-нұсқа: заманауи көліктермен (ұшақ) жүргенде жолға кететін уақыт.







МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13 -жағдаяттық тапсырма.
Сынып топқа бөлінсін. Жағдаят: сен «Реформ-клубтың» қожайынысың. Клубыңның ең беделді мүшесі Филеас Фогг мырза бәсте жеңіске жетті. Ал мистер Стюарт жеңілді. Осы екі мырзаға ресми хат жазып, Фоггты құттықта да, Стюартты марапаттаңдар. Сынып оқушылары «ең үздік құттықтау хаты» мен «ең үздік марапат» хаттың иелерін анықтасын.

Көкжиек

Нәтижеге сабақ. Мен не үйрендім?

9–10 САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Ғаламторды қазақ тілін оқығанда пайдаланасың ба?
2. Қандай жағдайда пайдаланасың?
3. Ақпаратты кітапханадан қараған ыңғайлы ма, ғаламтордан қараған ыңғайлы ма? Неге?
4. Жасанды интеллект оқушы үшін пайдалы ма?
5. Ғаламтордың алдында күніне неше сағат отырасың?
6. Ғаламтордың қандай пайдасы бар?
7. Ғаламтордың қандай зияны бар?

АЙТЫЛЫМ

2 -жағдаяттық тапсырма.
Диалог. Жағдаят: інің сенен ғаламтордағы балаларға арналған сайт туралы сұрады. Не айтасың?

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Топтық жұмыс. «СӘТТІ ПАЗЛ-МӘТІН!»



***Тірек сөздер**: әлеуметтік желі, сілтеме, түпнұсқа, кеңейтетін, дәйексөз, тәуелді, омыртқа, семіздік, ажыра, ой-пікір, қосыл, жылдамдық, санаулы, қызықтыр*

Тапсырманың орындалу реті: сыныпқа топқа бөлініңдер. Алдымен әр топ жоғарыда берілген тірек сөздерге қарап, болашақ жазылатын мәтіннің тақырыбын анықтаңдар. Содан соң топ мүшелері тірек сөздерді бөліп алыңдар. Әркім өзіне бөлінген сөздерді қолданып, сөйлем құраңдар. Соңында бәрің өз сөйлемдеріңді біріктіріңдер. Сәтті мәтін құраған топ жеңімпаз атанады.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Ең үздік қойылым». Сынып екі топқа бөлінсін. Шығарма мазмұны бойынша Фогг пен Стюарт бәсін сахналаңдар. Сахнаға шыққан әрбір кейіпкер қойылымда сөйлесін. Қойылымда джентельмендердің сөз әдебі сақталсын. Алдын ала сценарий жасап, рөлге бөліңдер.

Қойылымды бағалау критерийлері:
- шынайылығы;
- фантазия деңгейі;
- әртістік қабілеттері;
- сөз әдебі.


АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Суретке қарап, компьютерлік клубтар туралы әңгімелесіңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Берілген сурет бойынша «Ғаламтор менің өмірімде» тақырыбында ғаламторды пайдалану мәдениеті туралы презентация дайында. Презентацияда осы «Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау мәдениеті» бөлімінде меңгерген білімің, жаңа ақпарат қамтылуы тиіс.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жеті түрлі ілім біл,
жеті жұрттың
тілін біл! (Қазақ нақылы)

МУЗЫКА. ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

І. ЖАНСҮГІРОВ «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫ (ҮЗІНДІ)

1—2 САБАҚ

Маған классикалық музыка ұнайды

ЖАҢА СӨЗДЕР

сырнай, ән-күй, елестету, сыбызғы, шаңқобыз, сүйемелдеу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Классикалық әдебиет, классикалық музыка дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақ және орыс халқының қандай өлеңдерін білесің?
3. Қазақтың қандай композиторларын білесің?
4. Саған қандай халық әндері ұнайды?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Музыканың құдіреті» тақырыбында ассоциациялық кесте құр.



Көркем-оқулық.НТ

ТІЛДІК БАҒДАР

Мақсат үстеуі

Мақсат үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін немесе нәтижесін білдіреді. *Не себепті? Неге? Қалай?* деген сұрақтарға жауап береді. Мақсат үстеулеріне *әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана* т.б. сөздер жатады. Мысалы: *Ернұр сыбызғы тартуды* ***әдейілеп*** *үйренді. Ертөре оның шаңқобызын қасақана сындырып тастапты.*

ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
«Үстеу пазлы» әдісі бойынша берілген үстеулерді пайдаланып, бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрастыр. Әр сөйлемнің соңына «Неге?» немесе «Қалай?» деген сұраққа жауап беретін қосымша сөйлем қос.

Үлгі: *Ол таңертең үйден әдейі ерте шықты. Неге? Себебі бүгін мектепке жаяу барады.*

Қажетті үстеулер: *әдейі, қасақана, амалсыздан, бекерге, босқа, әдейілеп, лажсыздан, құр босқа.*

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Кестеде берілген сұрақтарға сәйкес келетін ақпаратты жаз.

Сұрақ	Жауап *Үлгі:*
Кім? Не?	*Халқымыз*
Кімнің? Ненің?	
Кімге? Неге? Қайда?	
Кімді? Нені?	*ақын, әнші, сазгерлерді*
Кімде? Неде? Қайда?	
Кімнен? Неден? Қайдан?	
Кіммен? Немен?	
Қанша? Неше? Қандай?	
Қалай? Қайтіп? Не себепті?	*ерекше*
Не істеген? Қайткен?	*құрметтеген.*

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Берілген сөздер мен мақсат үстеулерін пайдаланып, сөйлем құра.

Үлгі: *Ол кісіні сырнай тартуды үйрену үшін әдейілеп іздеп келіп едік.*

Шарла, сырнай, қайрат-жігер, ән-күй, таңсәрі, шырылда, елестет, әуен, сыбызғы, шаңқобыз, орында, сүйемелде, шалқай.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Саған концертке билет сыйға тартылды. Концертте тек классикалық музыка орындалады. Өзіңді сол концертте отырғандай елестетіп, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Концерт залындағы атмосфера қандай?
2. Оркестр орындаған әуендер саған қалай әсер етуде?
3. Классикалық музыканы тыңдағанда сенде қандай ойлар пайда болды?
4. Болашақта классикалық музыканы жиі тыңдағың келе ме? Неге?

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Ертеде бір ханның жалғыз ұлы болады. Бір күні ханның ұлы аң аулауға шығып, жайылып жүрген бір топ құланға кезігеді. Ханның ұлы үйірді бастап жүрген құланды атады. Жараланған құлан ханның ұлын тұяғымен теуіп өлтіреді.

Баласын бірнеше күн күтіп, аңшылықтан оралмаған соң, бір сұмдықтың болғанын сезген хан: «Кімде-кім ұлым туралы жаман, қайғылы хабар жеткізсе, көмейіне қорғасын ерітіп құямын!» — деп жар салады. Бұл хабарды естіген халық ханның алдына барып, көңіл айтудан қорқады. Не істерлерін білмей, қатты қиналған уәзірлер ел ішіндегі атақты күйшіге келіп, өтініш айтады. Күйші ханның алдына келіп, рұқсатын алған соң, домбырасын қолына алып, бір күйді ойнайды. Күңіренген күйдің сазымен аңшылық көрініс, ашулы құландардың тұяқтарының дүрсілі, жалғыз ұлының қаза тапқаны ханның көз алдынан өтіп жатады. Күйдің құдіретінің арқасында хан болған жайды түсініп, егіліп жылайды. Бір кезде есін жиған хан: «Ұстаңдар мына күйшіні!» — деп, уәзірлеріне әмір беріпті.

Сонда күйші: «Дат, тақсыр! Мен емес, мына домбыра ғой сізге естірткен», — депті.

— «Олай болса, домбыраның шанағына құйыңдар қорғасынды», — дейді хан.

Міне, содан бері қазақ домбырасының шанағында тесік пайда болыпты. Бұл күйді естірткен Кетбұға күйші екен.

(Б. Адамбаевтан)

- Мәтінді диалогке айналдырыңдар.
- Мәтіннен етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын айтыңдар.
- Ғаламтордан «Ақсақ құлан» мультфильмін көріңдер.
- Сыныпта мазмұнын баяндаңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтап, «5-3-1» әдісі бойынша тұжырымдап жаз.

5 сөйлем	
3 сөз тіркесі	
1 сөз	

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Әлеуметтік желілерден «Ақсақ құлан» мультфильмін көріп, үш сұрақ жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Мәтіндегі етістіктерді кестедегі шақ түріне сәйкес келетін торға жаз. Қалған торларға осы етістікті әр шаққа сай жазып шық.

— Бала кезімнен шет тіліндегі әндерді орындағанды ұнатамын.

Қателеспесем, 17-18 жасымда болу керек, қазақша әнді алғаш рет тыңдадым. Ол халық әні «Ақбақай» еді, ерекше ұнады. Одан бөлек «Желсіз түнде жарық ай», «Қамажай», «Құсни-Қорлан», «Ақжайнақ», «Арыс жағасында» сияқты бірталай әндерді жатқа білемін. Өзіңіз байқап отырғандай, қазақ тіліндегі репертуарым бай, — дейді жапон қызы Мидзуки Накамури.

— Қазақ мәдениеті сізге несімен ұнайды?

— Мектепте оқып жүргенімде Қазақстанның ТМД ұйымына мүше екенін, Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан ел екенін ғана білетінмін. Қазақ әндерін алғаш тыңдағанымда, Қазақстанның таңғажайып ән мен күйдің отаны екенін түсіндім. Мектеп бітірген соң, Цукуба университетіне оқуға түстім. Университетте ТМД елдерінен келген студенттер, магистранттар көп. Қазақстандық достарыммен бірге ән айттық, биледік. Қазақ халқының ұлттық тағамы — етті де астық. Қазақтар — өте қонақжай, ашық халық. Олармен араласу оңай, жақсы әсер қалдырады. Осы себепті қазақ халқын, дәстүрін, мәдениетін жақсы көремін.

(«Дала мен қала» газетінен)

нақ осы шақ	ауыспалы осы шақ	мақсатты келер шақ	болжалды келер шақ	жедел өткен шақ	бұрынғы өткен шақ	ауыспалы өткен шақ
Үлгі:						
ұнатып отырмын	ұнатамын	ұнатармын	ұнатпақпын	ұнатты	ұнатыппын	ұнататынмын

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Мәтіндегі I жақта тұрған сөйлемдерді тауып, II және III жақтан жаз. Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

Үлгі: Бала кезімнен шет тіліндегі әндерді орындағанды ұнатамын.
Бала кезіңнен шет тіліндегі әндерді орындағанды ұнатасың.
Бала кезінен шет тіліндегі әндерді орындағанды ұнатады.

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.
«Таңбалар» әдісін пайдаланып, сұрақтарға жауап жаз.

	Бүгінгі сабақта сағаң не ұнады? Өз ойыңды жаз.
	Сабақтағы әсерің жайлы жұбыңа хабарлама жаз.
	Өзіңе ұнаған тапсырманы айтып, жұбыңмен ой бөліс.
	Сабақтағы қажет мәліметті айтып, жазып қой.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ халқы — өнерсүйгіш халық. Оның музыкалық мәдениеті өте бай. Халқымыз ақындарды, әншілерді, сазгерлерді ерекше құрмет тұтқан.

Қазақтың әншілік өнері

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

орындаушы, жүлдегер, байқау, жасалу, мәнер, айтыскер, сазды, талай, мұңды, қуаныш, арналған

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
«Қазақтың ұлттық әндері мен әншілері» тақырыбында диалог құрыңдар. Төмендегі сұрақтарға «сөйлеуші — тыңдаушы» позицияларында қысқа және толық жауап беріңдер.

Үлгі: *Қазақтың ұлттық әндерінің ерекшелігі неде?*
Толық жауап: *Қазақтың ұлттық әндерінің сөздері терең мағыналы әрі әуендері өте сазды болып келеді. Олар халықтың тұрмысын, тағдырын, қуанышы мен мұңын жеткізеді.*
Қысқа жауап: *Олар сазды және терең мағыналы.*

1. Қай әнші қазақтың ұлттық әндерін жақсы орындайды?
2. Қазақтың ұлттық әндерінде қандай сезім басым?
3. Қазіргі жастар арасында қазақтың ұлттық әндері қалай бағаланады?
4. Қазіргі қазақ әншілерінің ән орындау стилі қандай?
5. Қазақтың ұлттық әндері мен заманауи әндердің арасында қандай айырмашылық бар?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқасын қойып жаз. Етістіктің қай шақта тұрғанын түсіндір.

Қазақ сыбызғысы құрайдан (әзірлемек, жасалады, дайындамақшы). 2. Сыбызғының кейде мұңды, кейде сазды әуенін тыңдаған адам (қиялдайды, ойланыпты, елестетпекші). 3. Сыбызғы әуені қуаныш (арнайды, сыйлайды, тыңдап еді). 4. Қазақ халқында сыбызғының орындаушылары көбінесе малшылар (келген, айтқан екен, болған). 5. Олар сыбызғыны құрайдан жасап, мәнеріне салып (орындаған, айтқан, шертпек болған). 6. Қазіргі кезде химиялық жолмен жасалған түтіктерді сыбызғы ретінде (орындайды, пайдаланады, жасайды).

ТІЛДІК БАҒДАР

Себеп-салдар үстеуі

Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін немесе нәтижесін білдіреді.

Не себепті? Неге? Қалай? деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеуіне босқа, құр босқа, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, бекерге т.б. сөздер жатады. Мысалы: Республика сарайына босқа барды. Оның айтқанын амалсыздан істеді.

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта.



Әміре Қашаубаев

Қазақтың ән өнері

Қазақтың ән өнері — халқымыздың асыл қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағы. «Фольклор» сөзі ағылшын тілінен алынған. Ол халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-салты, наным-сенімі, күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл шығармаларда халықтың осылай болса екен деген арман-тілегі айтылады.

Ән — халық сүйіп айтатын, тыңдайтын, талай ғасырлық тарихы бар музыкасы. Қазақ халқында ән-күй туралы көптеген мақал-мәтел, аңыз, жырлар бар. Мысалы, «Сөз — күміс, ән — алтын», «Ел көркі — қыз, той көркі — ән», «Ән өмір ұзартады» деген асыл сөздер осы өнерге арналған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да ән мен күйдің құдіретін жырлап:

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй, — деген болатын.

Қазақтың бірде-бір отырысы ән-күйсіз өтпеген. Ауылдан-ауылға ән айтып, күй тартып жүрген жыршы, сал-серілер өз өнерін көрсетіп, қуаныш сыйлаған. Ақын-әншілердің өнері халық арасында өте жоғары бағаланып, ақынның келген ауылы оған зор сый-құрмет көрсеткен. Олардың аты аңыз-әңгімеге айналып, ауыздан-ауызға таралып, бүгінгі ұрпаққа жеткен.

Қазақтың күміс көмей әншісі қазіргі Абай облысында дүниеге келген Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмедегі этнографиялық концертте екінші орын алып, күміс медаль иеленді. Қазақтың «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Қанапия», «Қызыл бидай», «Смет», «Жалғыз арша» сияқты классикалық әндері Әміре Қашаубаев айтқан үлгі-өнегемен орнығып, кейінгі әншілердің репертуарларында жалғасын тауып келеді.

(Адырна ұлттық порталынан іріктеліп алынған)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтін бойынша төмендегі кестені толтыр.

ой бөліктері	тақырыбы	негізгі идеясы	тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

1. Роза Рымбаева — қазақ эстрадасының жұлдызы. 2. Роза Рымбаева «Әлия», «Атамекен», «Любовь настала» әндерін тамаша айтыпсыз. 3. Роза Рымбаеваның «Әлия», «Любовь настала», «Атамекен» әндерін біз сүйіп тыңдайтын екен. 4. Мен әуен тыңдағанны жақсы көремін. 5. Әкем маған CD плеер сатып алып беріпті екенсіз. 6. Сол кезден бастап мен диск жинай бастады. 7. Маған түрлі әуенлер ұнайды. 8. Өзіне ұнайтын топтардың, әншілердің дискілерін жинаймын. 9. Мен әр дискінің сыртындағы ақпаратты оқисың. 10. Амалсыздан маған ұнайтын әншілертің дискісін табуға тырысамын. 11. Сонымен қатар мен теледидардағы бағдарламалерды, ән сайыстарын үзбей көремін. 12. Биыл мен «Саз әлемі» атты бағдарламані көріп жүріпсің. 13. Ол бағдарламаны үзбей қараймын. 14. Бағдарламада әншілар ән айтып жарысады.15. Бұл байқауде кім жақсы ән айтса, сол жеңімпаз атанады.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Жеке сөздерден сөйлем құра. Сөйлемді үлгідегі формула бойынша жаз.

Үлгі: 1-сөйлем: 1А — 3Ә — 2Б — 3В

№\код	А	Ә	Б	В
1	Ол	дискінің	жақсы	оқимын.
2	Әр	байқауында	үзбей	жарысты.
3	Әсел	бағдарламаны	айтып	көремін.
4	Диск	ән	сыртын	атанды.
5	Ән	бағдарламаларды	маған	қараймын.
6	Теледидардағы	жинау	жеңімпаз	ұнайды.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сұхбатты толықтыр.

— Айжан, қазақ әндерін қайдан тыңдауға болады?
— Сізге «Алиса» құрылғысын ұсынайын.
— Бұл жерден кез келген қазақ әндерін тыңдай аламын ба?
— ... .
— Әндерді қалай таңдаймын?
— ... .
— Қазақ әншілерінің немесе әннің атын айтсам болды ма?
— ... .
— Қазақ әншілерінен кімдерді тыңдайын?
— ... .

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Орындаушы, босқа, амалсыздан, жүлдегер, байқау, жасал, шарасыздан, мәнер, құр босқа, айтыскер, сазды, лажсыздан, талай, бекерге, мұңды, қуаныш.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Жақшаның ішіндегі тиісті сөзді қойып, сөйлемді жаз.

1. Әміре Қашаубаев — қазақтың (күйшісі, жыршысы, әншісі).
2. Ақын-әншілердің өнері халық арасында (төмен, жоғары) бағаланған.
3. Мен ол (бағдарламаны, адамды, кітапты) үзбей қараймын.
4. Жараланған (құлан, ат, сиыр) ханның ұлын тұяғымен теуіп өлтіреді.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
«Менің сүйікті әншім» деген тақырыпта келісу-келіспеу эссесін жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құрылуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет.
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- теңеу мен метафороны ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 80-100 сөз.

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Сабақты талдау кестесін толтыр.

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тапсырма	Сабақтағы басты қиындық

ЕСТЕ САҚТА!

Ән — халықтың асыл қазынасы.
Маған қазақша әндер ұнайды.
Әміре Қашаубаев — атақты әнші.

Көркемөнер

Күй — қазақтың жан сәрігі, сырласы

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ырғақ, перне, ішекті, шерт, шертпе, үкі, кеуде

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1. ... — күй атасы.
2. Сені көру үшін ... іздеп келіп едік.
3. Домбыра ... үшін үйірмеге жазылдым.
4. Дүкенге ... барыппын, ол кітап жоқ екен.
5. Домбыраны ... сындырғаны белгілі болды.
6. Базарға ... барған еді.
7. ... дұрыс басылмаса, дыбыс жақсы шықпайды.
8. Бүгін досым — Саша да домбыра үйірмесіне ... .

Қажетті сөздер: Құрманғазы, босқа, қасақана, пернелер, амалсыздан, жазылды, үйрену, қызығушылығым, әдейі.

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Қазақтың ұлттық саз аспаптарымен таныс. Суреттегі аспаптар туралы мәлімет жина.



Қағидаторизов

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Домбыра мен қобыз туралы жазылған мәліметтерді ажыратып, кестеге жаз.

1. Бұл аспаптың күңіреніп шыққан үні адамды баурап алады. 2. Бұл аспап қазақтың әр үйінде тұрады. 3. Оның даусы мұңды әрі сазды. 4. Кейбір орындаушылар оған үкі тағады. 5. Бұл аспапта кие дарыған адамдар ғана ойнаған. 6. Оны шертіп ойнаудың бірнеше түрі бар. 7. Димаш Құдайбергенов оның даусын әлемге танытты. 8. 2018 жылдан бері шілде айының алғашқы жексенбісі осы аспаптың күні ретінде тойланады. 9. Оның екі құлағы болады, одан төмен кіші тиек орналасады. 10. Оны скрипка аспабының атасы деп те атайды. 11. Киелі деп саналған аспап аққу пішіндес. 12. Аспап тұтас ағаштан ойылып жасалады. 13. Бақсылар оны адамдарды емдеуде қолданған. 14. Аспаптың екі құлағы бар, яғни екі ішекті, ұзын мойны, шанағы бар, бетін қақпақпен жапқан.



Домбыра



Қобыз

Домбыра туралы мәліметтер	Қобыз туралы мәліметтер

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Күйші домбыраны қай жерде тартып отыр?
2. Ақын домбырашыны қалай суреттеген?
3. Күйші қанша күй шертті?
4. Күйді қандай аңдар тыңдады?

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

6 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта.

Күйші (үзінді)

1) Күңіреніп Асанқайғы күй толғанды,
Желмая желе жортып жерді шалды.
Алатау, Алтай, Арқа, Қырлы, Сырлы
Аралап, қоныс таппай күй зарланды.

2) Қаққанда деген күйді «Терісқақпай»
Жым-жырт боп тына қалды жел де соқпай.
Домбыра айналаға дүбір салды,
Адақтап жалғыз шапқан **жүйрік** аттай.

3) Тартқанда батыр күйін «Қорамсақтай»,
Ақ түтек тұра ала ма боран соқпай?!
Ару боп ат артында қалмақ қызы
Безектеп перне басты шынашақтай.

4) Күй алды Бақанастың қара өзегін,
Дауылдай бұрқыратып ебелегін.
Қара жер қалқып барып, қата қалды,
Саймақтың суырғанда «Сарыөзенін».



Ілияс Жансүгіров
(1894—1938)

5) Үн қылып домбыраның өндіршегін,
Тіл қылып сөйлеп, зарлап екі ішегін,
Күңіреніп жұрттың көңілі түйе болды,
Шерткенде Тойтан тартқан «Бозінгенін».

6) Күн тыңдап, кірмей тұрды ұясына,
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына,
Мақұлық жерде, көкте маужырады,
Қараған бір жан болмай шаруасына.

7) Су ақпай жатты тоқтап арнасында,
Қарғалар қалқып қалды жар басында.
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,
Тырп етпей, тілеулес боп зарласынға.

8) Қалмақты қақты «Қара жорғасына»,
Айналды ақ алмастар қорғасынға,
Мәжіліс, міне, осындай болып жатты
Бір кеште хан Кененің **ордасында**.

ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсыфрма.**
Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тап. Осы сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Үлгі: *жым-жырт – тыныш, тым-тырыс, тып-тыныш, у-шусыз.*
Күйші «Терісқақпай» күйін тартқан кезде айнала тып-тыныш бола қалды.

АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Ілияс Жансүгіров кім?
2. Оның қандай шығармасын білесің?
3. «Күйші» поэмасы кім туралы?
4. Онда қандай кейіпкерлер бар?

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтіндегі теңеулер мен метафораларды теріп жаз. Оларды пайдаланып, сөйлем құра.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
І. Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының толық нұсқасын тыңдап, түсінгеніңді айт.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Мәтінге сүйеніп, кестені толтыр. Түсіндір.

Жер атаулары	Күй аттары	Адам аттары


АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
І. Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының қарасөз арқылы берілген нұсқасын 6-тапсырмадағы өлең жолдарымен сәйкестендір. Екі нұсқада қандай айырмашылық бар? Айтып бер.

Күй басталғанда, оның үні Бақанас өзенінің бойына жайылып, бүкіл даланы тербетті. Күйдің екпіні соншалықты қуатты болды, ол өзен жағасындағы ебелек шөптерді дауылша бұрқыратқандай әсер етті. Күй күшейген сәтте — жер қозғалғандай, қара жердің өзі дірілдеп, қалқып барып, үнсіз қатып қалғандай көрінді.	1)
«Терісқақпай» күйі ерекше орындау мәнерінде шертіледі. Бұл күй орындала бастаған сәтте бүкіл айнала тынышталып, жел де соқпай, табиғаттың өзі үнсіз қалды. Барлық назар домбыра үніне ауысты. Домбырадан шыққан күй үні айналаны жаңғыртып, тыңдаушыға ерекше әсер етті. Күйдің дыбысы жалғыз өзі кең даланы кезіп шауып бара жатқан жүйрік аттың дүбіріндей естілді.	3)
«Қорамсақ» атты батырлық күй тартылғанда, оның үні ерекше күшпен, айбатпен естілді. Мұндай қуатты күй тартылса, боран соқпай қалай тұрсын — күйдің екпіні ақ түтек боранды елестетеді. Бұл — домбыра арқылы берілген ішкі сезім мен шайқас рухы. Күйдің әсерінен елестетілген көрініс — жаугершілік заманда батырдың артында қалып бара жатқан ару – қалмақ қызы бейнеленеді. Ол ару домбыра пернесін саусақ ұшымен нәзік қимылмен шебер басып, күйдің ырғағын безілдетіп жеткізеді.	4)
Бұл күй арқылы халық Асанқайғының жан күйзелісін, ел тағдырына деген алаңдаушылығын сезінеді. Асанқайғы желмаясымен желіп жүріп, кең байтақ қазақ даласын – Алатау, Алтай, Арқа, Қыр мен Сыр өңірлерін түгел аралаған. Ол халқы жайлы өмір сүретін, бейбіт қоныс іздеп шарқ ұрады. Бірақ қанша жер шарласа да, көңілі толып, «Міне, осы жер – жұмақ мекен» деп тоқтайтын орын таппайды. Сондықтан күй зарлы, мұңды болып естіледі.	2)

ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.
Ілияс Жансүгіров туралы қосымша мәлімет жина. «Ол кім? Ол қандай ақын? Ақынның атымен аталатын қандай елді мекендер мен орындарды білесің?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр.



АЙТЫЛЫМ

14 -тапсырма.
Төмендегі өлең жолдары бойынша әңгімелесіңдер. Өлең жолдарындағы ақынның суреттеуін көз алдарыңа елестетіп, суретін салыңдар.

Күн тыңдап, кірмей тұрды ұясына,
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына,
Мақұлық жерде, көкте маужырады,
Қарағаң бір жан болмай шаруасына.

ЖАЗЫЛЫМ

15 -тапсырма.
Берілген сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарын қойып жаз. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

... ауылы, ... орда, ... қағуға, ... қақты, ... сыбырласып, ... күй, ... шалды, ... салды, ... ішек, ... маужырады.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

16 -тапсырма.
«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Ілияс Жансүгіров — ақын.
Оның «Күйші» деген поэмасы бар.

Күй құдіреті

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

бөлік, домалақ, мойын, қиялдау, тиек, үрмелі, бұрау

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Күй дегеніміз не?
2. Күй туралы кімнің поэмасы бар?
3. Ол поэмада кім бейнеленген?
4. Сен күй тыңдайсың ба?
5. Қандай атақты күйшілерді білесің?
6. Домбыра қандай аспап?
7. Домбыра туралы не білесің?
8. Қазіргі күйшілер туралы білесің бе?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Жасанды интеллектіге суретті жүктеп, төменде берілген сұрақтарды қой. Сурет бойынша әңгіме құра.

1. Суреттен не көріп тұрсың?
2. Бұл суретте қандай ұлттық-мәдени элементтер бар?
3. Домбыра мен ұлттық әндерді қазіргі заманғы музыкаға қалай енгізуге болады?
4. Ұлттық күйлерді сақтау үшін қандай заманауи технологиялар тиімді?
5. Суреттегі кейіпкерлердің диалогін құрастыр.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 -тапсырма.
Мәтіндерді оқы. Мәтіндердегі негізгі ақпараттарды анықта. Түсінгеніңді баянда.

1. Күй әуені — белгілі бір сюжетке негізделген, домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты аспаптарда орындалатын ұлттық музыка өнерінің көне жанры. Күй адамның ойлау жүйесінің көрінісін саз түрінде жеткізеді.

Күйді төкпе күйлер және шертпе күйлер деп екіге бөледі. Төкпе күйлер екпінді, қарқынды болып келеді. Ал шертпе күйлер ой-мұңға, лирикаға толы болады.

Күйші күйдің шығуына себеп болған оқиғаны, аңыз-әңгімені халыққа саз тілінде жеткізеді. Қазақ халқы күй өнерін ерекше кие тұтып, күйшісін айрықша қастерлеген. («Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиясынан).

2. Күйдің қазақ халқының өмір салтында, тіршілік-тынысында елеулі орны бар. Мәселен, қазақ күйлерін туу себептеріне қарай «арнау күйлері», «бәсеке күйлері», «хабаршы күйлері» т.б. деп саралап танитын дәстүр бар. Аты айтып тұрғандай, дәулескер күйші өзінің жүректен шыққан күйлерін өмір құбылысына, жеке адамның қылық-қасиетіне арнайы, сыйға тартады, тілек етеді, күймен хабар береді, естіртеді, емеурін етеді, сондай-ақ өлімге басу айтқандай жұбатады немесе бірге қайғырып жоқтайды.

Қазақтың дәстүрлі күйшілік өнерінде күй себепсіз шықпаған. Күйдің дүниеге келу себебі күй аңызға айналған. Яғни күйдің де, күй аңызының да себепті (этимологиялық) сипаты басым. Осы тұста күйге де, күй аңызына да қатысты бірдей тұлғаға назар аударады. Ол — күйші-композитор. Сөз жоқ, алдымен күйші-композиторды не бұрынғы заманда өтіп кеткен оқиға толғантуы керек, немесе көз көрген бір оқиғаға тебіренуі керек, не болмаса өз басынан айрықша бір оқиға өтуі керек. Сонда ғана үлкен тебіреніс-толғаныстан кейін дүниеге күй келеді. Ал күйшіні тебіреніп-толғантқан сол оқиға ел ішінде күй аңызы болып тарайды.

(Ақселеу Сейдімбектен)


ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Екі мәтінді мұқият оқы. Кестені толтыр. Екі мәтінді салыстырып, талдау жаса.

	1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы		
Идеясы		
Мәтін түрі		
Тілдік ерекшеліктері		

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Домбыраның құрылысын досыңа таныстыр.



ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Берілген етістіктерді шақ формасымен түрлендір.

Етістік	1. Ауыспалы өткен шақ	2. Бұрынғы өткен шақ	3. Болжалды келер шақ	4. Мақсатты келер шақ
қиялда				
таныстыр				
бұра				
орында				
шерт				
сүйемелде				
байқа				
елестет				
арнал				

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сұрақтарды қолданып «Күй-әуен, күй-құдірет» тақырыбында диалог құрыңдар. Диалогте ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданыңдар.



Сұрақтар:

1. Күй әуені дегеніміз не?
2. Күй нешеге бөлінеді?
3. Күйші күйді қалай жеткізген?
4. Қазақ күйлерін туу себептеріне қарай қалай саралайды?
5. Қазақтың күйшілік өнерінде күй қалай шыққан?
6. Күй аңыз болып қалай тарайды?

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқасын қойып, сөйлемді жаз.

1. Әміре домбыра үйірмесіне (әдейі, қасақана, жорта) барды. 2. Айшаға «Ұлытау» тобының орындауындағы күйлер (сүйемелдейді, ұнайды, тартады). 3. Ол Секен Тұрысбековтің ән кешіне (барсақ, барғысы келді, барсам игі еді). 4. Халық жау шапқанда, елге хабар беру үшін үрмелі аспаптарды, яғни дабыл, дауылпаз, кернейді (пайдаланған, пайдалансаңыз, пайдаланам). 5. Әнші-күйшілер өлең-жыр, терме-ән айтқанда немесе күй шерткенде, домбыра, сыбызғы, сырнай, қылқобыз сияқты ішекті аспаптарды (тартқан, тартса игі еді, тартқай едіңіз). 6. Інісі жалынып сұраған соң, домбырасын (босқа, амалсыздан, бекерге) берді.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Әлеуметтік желілерден «Ұлытау» тобының орындауындағы күйлерді тыңдаңдар. Ілияс Жансүгіров суреттеген күйдің құдіретті күшін сезіндіңдер ме? Қандай әсер алдыңдар? Ой бөлісіңдер.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Күй тарихы туралы берілген мәлімет бойынша «Оңай және қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой.

Бір жылы Құрманғазы далада келе жатса, 300 қаруланған әскерді көреді. Олар түрікмендермен соғысуға бара жатқан екен. Жаудың кемінде 3 000 әскері болған. Таңғалған Құрманғазы биік төбешікке шығып, қарап тұрады. Сонда адайлықтар ер-тоқымның артына қой терісін байлап, бір қатармен шаба бастайды. Жерге сүйретілген тері айналасын шаң-тозаңға айналдырады. Түрікмендер бұны көріп, шауып келе жатқан 30 000 жауынгері бар қалың қол деп ойлап, жан-жаққа қаша бастапты. Бұған куә болған Құрманғазы жігіттердің қулығына әрі батырлығына риза болып «Адай» күйін шығарған дейді *(«Егемен Қазақстан» газетінен)*.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
«Шығу парағы» арқылы сұрақтарға жауап бер.

Білім	Сабақта не үйрендім?
Сезім	Қандай сезімде болдым?
Сыни ойлау	Өзім үшін нені дамытуым керек?
Идея	Тапсырмаларды орындауда қандай идея келді?
Өзін-өзі бағалау	Өзімді қалай бағалаймын?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақтың атақты күйшілері — Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова. Құрманғазы «Адай» күйін қазақ жігіттерінің қулығы мен батырлығына риза болып шығарған.

Көкжиек-Полиграфия

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9—10 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтіндегі етістіктерді тауып, кестедегі шақ түрлеріне қойып жаз.

Менің атымды «Саят» деп әкем қойды. Әкем аңға шығуды жақсы көрді. 1934-35 жылдары анам Фатима Төребаева — екеуміз Алматыға келдік. Әкем мені «балам, балапаным» деп, көкке көтерді.

Анам қазақ мемлекеттік филормониясында әнші болды. Анамның жұмысына барған кезімде белгілі әншілер Күләш Байсейітова, Жамал Омароваларды көрдім.

Әкем Ілияс зор тұлғалы, балуан денелі кісі болды. Үйге қонақтар келгенде, әкем домбыра тартып, әдемі қоңыр дауысымен ән салды. Ол артына «Құлагер», «Күйші», «Күй», «Мақпал», «Рүстем қырғыны», «Көбік шашқан», «Исатай» сияқты поэмаларын қалдырды.

Әкемнің поэмаларын орыс тіліне аударды.

(Саят Жансүгіровтен)

Мақсатты келер шақ	Болжалды келер шақ	Ауыспалы өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ
қоймақ	*қояр*	*қоятын*	*қойыпты, қойған еді*

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың киелі домбырасы туралы не білесің?
2. Қобыздың үні қандай?
3. Қандай атақты күйшілерді білесің?
4. Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы кім туралы?
5. Қазіргі қазақ күйшілерінің қандай күйлерін білесің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Өлеңді оқы. Өлеңдегі өзіңе ұнаған ойды негізге алып, диалог құрыңдар. Диалогте ұлттық сөз әдебі формаларын қолданыңдар. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын нақтыландар.

Буынсыз он саусағы күй қағуға,
Көңіліне тыңдағанның от жағуға,
Бал тамған бармағынан домбырашы
Жан терге түсіп отыр мына дуда.

Күйшінің қошеметке көңілі тасып,
Бес бармақ **маймаң қақты**, перне басып,
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,
Көңілді бірде шымшып, бірде қысып.

Екі ішек жүрек жарып, көңіл ашып,
Бірде ойнақ, бірде баяу сыбырласып,
Зарлы күй, ащы күйдің, тәтті күйдің —
Бәрін де лақылдатып, төгіп-шашып.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Рөлдік ойын. Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ тілші болсын. Екінші топ күйшілерді жеребе тастау арқылы бөліп алсын. Тілшілердің қойған сұрақтарына жауап беріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, фотоколлаж дайында. Оны сыныпта қорға.

- Қазақтың күйшілері
- Ілияс Жансүгіров
- Қазақ әншілері
- Күй тарихы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

сөздер	мақсат үстеуі	себеп-салдар үстеуі	көмекші есім	күшейт-пелі шырай	салыстыр-малы шырай	одағай	бұрынғы өткен шақ	болжалды келер шақ	қалау рай
амалсыздан									
маңы									
доп-домалақ									
қап									
сүйемелдепті									
елестеткім келді									
өте мұңды									
әдейі									
қиялдармын									
жасалған									
арналса игі еді									
үһ									
қасы									

сөздер	мақсат үстеуі	себеп-салдар үстеуі	көмекші есім	күшейт-пелі шырай	салыстыр-малы шырай	одағай	бұрынғы өткен шақ	болжалды келер шақ	қалау рай
қасақана									
шертермін									
жап-жақсы									

АЙТЫЛЫМ

7 -жағдаяттық тапсырма.
Жағдаят: шетелден танысың қыдырып келді. Ол қазақтың ән-күйін естіп, таңғалғанын айтты. Сенен олар туралы толық мәлімет беруді өтінді. Не істейсің?

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

8 -тапсырма.
«Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Басбармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?
Балалы үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?
Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
Шылдыр шүмек — шынайлылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
Кішкентай бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

... Қалың Қазақ елі тартқан сыбызғыдағы салқын саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі ішекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш ішекті тіліне оралған көп күйлердің ескі-жаңасы тегіс — тарих үшін елеулі бұйым.
(Мұхтар Әуезов)

Көкжиек-Оқулық.kz

10 ТАҚЫРЫП

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ МЕН ЕГІНШІЛІК – ЕЛ БЕРЕКЕСІ

Ғ. Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді)

1–2 САБАҚ

Ақ бидай

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен тұратын жерде егіншілікпен айналыса ма?
2. Егіншілікпен кімдер айналысады?
3. Егіншіліктің қандай пайдасы бар?

ЖАҢА СӨЗДЕР

құнарлы, егіс, егістік, тікенді шөптер, сеп (себеді), диірмен, ауылшаруашылық, құрғақшылық

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанда қандай шаруашылық жақсы дамыған?
2. Ақмола, Торғай, Қостанай өңірінде не өседі?
3. Егістікті кім баптап күтеді? Не істейді?
4. Жауын аз жауатын жерлерде не өседі?
5. Нан біздің дастарқанға қалай келеді?

ТІЛДІК БАҒДАР

Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша: мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады. Сондықтан септеулік шылаулар септік жалғауларының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды.

Септеулік шылаулар мыналар: үшін, сайын, сияқты, кейін, дейін, қарай, соң және т.б.

Септеуліктер өз шылауында жұмсалып тұрған сөзге қосымша мән үстейді, оны екінші сөзбен сабақтастыра байланыстырады, сөз тіркесін құрайды немесе екі сөйлемді сабақтастыра байланыстырады.

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады:

Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер: арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, сияқты.

1 Мына сурет (есімдік) туралы не білесің?
2 Отан (зат ес.) үшін отқа түс, күймейсің.
3 Оқыған (есімше) сайын ұнап бара жатыр.
4 Көру (тұй.ет.) арқылы есте сақтаймыз.

1. Атау септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: үшін, сайын, сияқты, туралы.

*1 Алуа (атау с.) **үшін** бидай көже пісіремін.*
*2 Сабақ (атау с.) **сайын** сөздік жаттаймыз.*
*3 Апай (атау с.) **сияқты** мұғалім боламын.*
*4 Тіл (атау с.) **туралы** мақал білесің бе?*

2. Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: дейін, шейін, қарай, таман.

*1 Үй**ге** (барыс с.) **таман** жақындадық.*
*2 Егістік**ке** (барыс с.) **шейін** жаяу бардым.*
*3 Оған (барыс с.) **дейін** көп уақыт бар.*
*4 Сол**ға** (барыс с.) **қарай** барсаң, егістікті көресің.*

3. Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі.

*1. Ажар**дан** (шығыс с.) **кейін** кел.*
*2. Білген**нен** (шығыс с.) **соң** бардым.*
*3. Өт**кен** істен (шығыс с.) **кейін** оны көрмедім.*
*4. Кешегі**ден** (шығыс с.) **гөрі** бүгін салқын.*

4. Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: қатар, қабат, бірге.

*1 Ет**пен** (көмектес с.) **қатар** қымыз ішілді.*
*2 Асан**мен** (көмектес с.) **бірге** егістікке барды.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Бос орындарға тұсында тұрған септеулік шылауларды қой.

1. «Ұлытау» тобы ... ақпарат жинадым.	*үшін*
2. Бидай егу ... егістікке келдім.	*туралы*
3. Жаңбыр жауған ... бидай жақсы өседі.	*арқылы*
4. Тыңайтыш ... егістіктің құнарлылығы артады.	*сайын*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Септеулік шылауларды тап.

Ақ бидай

Ертеде **құнарлы** егістікте бидай өз бетімен өседі екен. Бір жылы **құрғақшылық** болады. **Егістікте** өскен өсімдіктер, **тікенді** шөптер Ақ бидайды жан-жағынан қоршап, астындағы суды тартып алады. Кейбір бұталар күннің көзіне тұрып алып, жарық түсірмейді. Сөйтіп басқа өсімдіктер қоршаған сайын Ақ бидайдың жағдайы күннен-күнге нашарлай бастайды. Ақырында өлер халге жетеді. Ақ бидай аңдардан көмек сұрайды. Үстінен ұшқан құстардан да көмек сұрайды. Бірақ оның сөзін ешкім тыңдамайды. Енді өлдім ғой деген сәтте, Ақ бидайға садақ асынған, қолында найзасы бар, аң аулап жүрген Адам кездеседі. Бидай байғұс жылап, Адамға мұңын шағады. Адам оның өтінішін қабыл алады. Садағы мен найзасын жерге қойып, бидайдың айналасындағы тікенді шөптің бәрін қолымен жұлып, егістікті тазартады. Олардың тамырын найзамен қопарып тастайды.

Бұлаққа барып тақиясына толтырып су әкеледі. Әлсіреп қалған Ақ бидай мөлдір су ішкен сайын бой түзеп, құлпырып сала береді.

Адам бидайға қамқор болып, жиі-жиі суарады. Тікенді шөптерді оның қасына жолатпайды.

Күзде **құнарлы** егістіктегі бидай піседі. Дәндерінің бір түйірін шашпай, Адамға сыйлайды. Адам сыйға алған дәнін бір қыс сақтайды.

Көктем шыққанда ол үйінің жанындағы жерді қопсытып, соған әлгі дәнді **себеді**. Жаз бойы арам шөбін жұлып, мезгілімен суарып, баптап тұрады. Ақырында еңбегі зая кетпей, күзде Адам бір дорба бидай алады. Бидайдың жартысын **диірменге** апарып, ұн тартады. Жартысын келер жылы егеді. Келер жылы бір қап, содан соң он қап, одан соң мың қап, сөйтіп, адамзат бидайды көп алатын болды. Осылайша адамдар **ауылшаруашылығымен** айналысып, **дәнді дақыл** егетін болыпты.

(Өтебай Қанахин)

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сөйлем ішіндегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді таңдап, сөйлемді толықтырып жаз. Септеулік шылауларды анықта. Астын сыз.

***Қажетті сөздер**: құрғақшылық, дәнді дақылдар, диірменге, құнарлы, егістікті, күннің.*

Адам мен Ақ бидайдың достығы ертеде осылай басталған екен. Бидай егу үшін (қандай?) жер керек. (Не?) болғанда бидай өспейді. Басқа (нелер?) сияқты бидай да сумен өседі. Бидайдың дәні толық болуы үшін (ненің?) жылуы керек. Диқаншылар бидай піскен соң, оны (қайда?) апарады. (Нені?) келесі жылға дайындайды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Ақ бидайдың өсуіне не кедергі болды?
2. Ақ бидай кімдерден көмек сұрайды?
3. Ақ бидайға кім көмектесті?

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Дейін, сайын, кейін, үшін, қарай септеулік шылауларын тіркестіріп, сөйлемді толықтыр.

1. Трактор егістікке ... жүрді.
2. Диқаншылар жыл ... бидай егеді.
3. Тікенді шөптерді жұлғаны ... Қәусарға рақмет айттым.
4. Су құйғаннан ... бидай қайта тірілді.
5. Үйге ... жалғыз келдім.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтін мазмұнын ретімен орналастыр.

- Адам мен Ақ бидай арасындағы достық;
- Адамның көмегі;
- Ақ бидайдың Адамға алғысы;
- Ақ бидайдың Адамнан көмек сұрауы;
- Ақ бидайдың аңдардан көмек сұрауы;
- Ақ бидайдың жағдайының нашарлауы;
- Ақ бидайдың жайқалып өсуі;
- Ақ бидайдың құстардан көмек сұрауы.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір. Мәтінмен байланысты тұстарына тоқтал.

- Жер тоймай, ел тоймайды.
- Екпей — егін шықпас,
  Үйренбей — білім жұқпас.
- Егін ырыс таңдамайды,
  Еңбек таңдайды.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап беріп, диалог ұйымдастырыңдар.

1. Ақ бидайдың өсуіне судың пайдасы бар ма?
2. Күн бидайға не үшін керек?
3. Қуаңшылық табиғи жағдай ма, адамның кесірі ме?
4. Адам бидайға не себепті көмектесті?

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Мақал-мәтелді орыс тіліне аударып жаз.

Тәжірибелі егінші еліменен кеңесер,
«Ел кеңесі аз» десе, жеріменен кеңесер.

ЕСТЕ САҚТА!

Адам бидайды **диірменге** апарып, ұн тартады. Адамдар **ауылшаруашылығымен** айналысып, **дәнді дақыл** егетін болыпты.

Егіннің бастары

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

егін, егіншілік, диқан, дәнді дақыл, тыңайтқыш, бидай, диірмен

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай астық түрлерін білесің?
2. Бидайдан қандай өнім аламыз?
3. Егін жақсы шығу үшін не керек?

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Бос орындарға септеулік шылауларды жазып, сөйлемді толықтыр.

***Септеулік шылаулар**: үшін, туралы, сайын, арқылы.*

1. Ақ бидай ... ертегі оқыдым.
2. Диқаншылар ауылшаруашылық өнімдерін сату ... пайда табады.
3. Адамдар бидай егу ... егістікті тікенді шөптерден тазартты.
4. Су құйған ... бидай жақсы өседі.

ЖАЗЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Септеулік шылаулардың алдындағы сөздерге барыс септігінің тиісті жалғауларын жаз.

***Барыс септігінің жалғаулары:** -ға, -ге, -қа, -ке.*

1. Диқан егістік... **қарай** жүрді.
2. Мен үй... **шейін** «Ұлытау» тобының әнін тыңдап келдім.
3. Диқаншылар таңертеңнен кеш... **дейін** егістікті суарды.
4. Базар... **дейін** автобуспен келдім.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Егістік жер не үшін қолданылады?
2. Диқандар егістікте не істейді?
3. Егістікке қандай дәнді дақылдар егеді?
4. Еліміздің қай облыстарында бидай егеді?

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

5 **-тапсырма.**
Тыңда. Мәтінді оқы.

Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.
Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.
Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап.



Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.
Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».
Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.
Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сиынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.
Елде көп бұл бидайдай адам, — дейді, —
Тәкаппар, оны халық жаман, — дейді. —
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», — дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы

ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Бос орындарға тиісті септеулік шылауларды жаз.

***Септеулік шылаулар**: дейін, үшін, қарай, шейін.*

1. Құнарлы жерге ... тыңайтқыш септі.
2. Күзге ... дәнді дақылдарды сатамыз.
3. Олар диірменге ... бидай тасиды.
4. Ауылшаруашылығын дамыту ... жұмыс істеу керек.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
«Егіннің бастары» өлеңін оқығаннан кейін, «тәкаппар» сөзімен мағыналас сөздерді түсіндірме сөздіктен тауып жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Төмендегі өлең жолдарын оқып, салыстыр. Бірінші өлең жолындағы бидай қандай? Екінші өлең жолындағы бидай қандай? Қалай ойлайсың, қайсысы тәкаппар?

1. Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.
2. Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнің егіншілікке қатысы бар ма?
2. Әке мен баланың арасында қандай әңгіме болды?
3. Бидайдың қандай әрекеті баланы таңғалдырды?
4. Әкесі баласына қандай мінез адамның да бойынан табылатынын айтты?
5. Әкесі баласына қандай кеңес берді?

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
«Тәкаппар адам» мен «Данышпан адамды» салыстыр. Мінезге бай адам қандай болады?



АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Үлгіні пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

1. Саған адамдардың бойындағы қандай мінез-құлық ұнамайды? Қалай ойлайсың, сенің мінез-құлқың басқа адамдарға ұнай ма?
Үлгі: Маған ..., ... мінез-құлық ұнамайды.
2. Қалай ойлайсың, үлкен адамдар жас балаларға қарағанда сыпайырақ па? Неге? Не себепті?
Үлгі: Мен ... деп ойлаймын. Себебі ... .

АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Берілген сөздерді пайдаланып, басы иіліп тұрған бидай мен кекірейіп тұрған бидай арасында болған диалогті құрастыр.

Қажетті сөздер: неліктен, рақмет, биік, көкке қарап, бас, шүкір, салбырап, алғыс айту, тәкаппар, сыпайы, біз, пайда, өнім, кесір т.б.

ЕСТЕ САҚТА!

Әр жағдайда адамдық қалпыңнан тайма. Тәкаппарлық, паң мінезден аулақ бол!

Жылқы — ер қанаты

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

түлік, төрт түлік, сіңімді, өріс, бақ (бағатын), байла, жүйрік, ер-тоқым, соғым, қазы, молшылық

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Төрт түлік деп нені атаймыз?
2. Төрт түлікке қандай жануарлар жатады?
3. Не себепті олар төрт түлік деп аталады?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, халық түйені не себепті «дала кемесі» деп атаған?
2. Түйенің жүні қандай? Оның жүнінен не жасаған?
3. Түйе сүтінен жасалатын тағамдар бар ма? Сен пайдаланып көрдің бе?

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
«Төрт түлік мал — халқымыздың байлығы» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсету;
- сурет бойынша төрт түлікті қолдану;
- көлемі — 80-100 сөз.












ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Септеулік шылаулардың алдындағы сөздерге шығыс септігінің қосымшаларын жалға.

Шығыс септігінің қосымшалары: *-нан, -нен, -ден, -тен.*

1. Жылқы байлаған... (шығыс с.) кейін үйге келдік.
2. Біз тікенді шөптерді жұлған... (шығыс с.) кейін дәнді дақылдарды суардық.
3. Өткен күн... (шығыс с.) кейін егістікке барған жоқпыз.
4. Кешегі... (шығыс с.) гөрі бүгін күн жылы.
5. Егістік... (шығыс с.) кейін орман бар.

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Қазақ халқы жылқыны киелі жануар деп есептейді. Жылқы — кисе киім, мінсе көлік, жесе тамақ, ішсе сусын болатын киелі **түліктің** бірі.

Қазақ халқы жылқыны, ең алдымен, ел қорғаған ердің жан серігі деп дәріптеген. Біздің аңыз-ертегілерімізде, батырлық жырларымызда иесі қысылғанда, ақылды, күшті тұлпарлар көмекке бірінші болып келетіні туралы көп айтылады. Мысалы, Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Қамбардың Қарақасқасы иелерімен бір-ге жыр-аңызға айналып, ел құрметіне бөленген.

Басқа жануарларға қарағанда, жылқы айналасын түрлі түсті реңкте көреді. Бірақ қызыл мен көк түсті ажырата алмайды. Тағы бір қызығы — жылқының көру аумағы 360 градус. Яғни жылқы бір бағытқа қарап тұрғанда, тек алдын ғана емес, арт жағын да толық көре алады. Сондай-ақ жылқының көзі түн ішінде де өте жақсы көреді.

Қазақ халқында жылқының қатысуымен болатын түрлі жарыстар мен ойындар бар. Жылқының жүйріктігін сынайтын тай жарыс, құнан бәйге, бәйге, аламан бәйге сияқты сайыс түрлері халқымызбен бірге жасасып келеді. Ал көкпар, аударыспақ, ат үстіндегі тартыс, жамбы ату, қыз қуу, теңге ілу сияқты ойындар жылқының да, оған мінген жігіттің де мықтылығын анықтаған. Ат — ер қанаты. Жылқы — қасиетті малдардың бірі. Жылқыны **бағу** оңай емес. Жылқыны бағатын адамды жылқышы дейді. Ол қыстың суығында, жаздың аптап ыстығында **өрістегі** жылқының соңында жүреді. Жылқышылар — төзімді, батыр адамдар.

Қыста әлсіз жылқыларды қораға **байлап бағады. Жүйрік** жылқыны көлік ретінде пайдаланады. Оған арнайы **ер-тоқым** жаса-тады.

Жылқының жал-құйрығынан арқан еседі. Жылқы жесе азық, ішсе сусын болады. Қыс мезгілінде жылқыны **соғымға** сояды, етінен **қазы**, шұжық жасайды. Жазда сүтін сауып, қымыз ашытады. Сүті мен еті адам ағзасына пайдалы әрі **сіңімді**. Жылқы көптігі — **молшылықтың**, байлықтың белгісі.

«Балдырған», 2014 жыл, №2.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

Жылқы	а) киім
Жылқы кисе,	ә) ел қорғаған ердің жан серігі деп дәріптеген
Жылқының жасын	б) Тайбурылы
Жылқының көру аумағы	в) Байшұбары
Жылқыны	г) тісіне қарап ажыратады
Қобыландының	ғ) киелі жануар
Ер Төстіктің	д) Шалқұйрығы
Алпамыстың	е) 360 градус
Жылқы айналасын	ж) түрлі түсті реңкте көреді
Жылқының көзі	з) түн ішінде жақсы көреді

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
«Жылқы кисе киім, жылқы мінсе көлік, жылқы жесе тамақ, жылқы ішсе сусын болады» деген ойды қалай түсінесің?

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ақылы, өресі жағынан жылқы жан-жануарлардың ішінде нешінші орында тұр?
2. Қазақ халқында жылқының қатысуымен өтетін қандай ойындар бар?
3. Жылқыны қазақ халқы қалай дәріптейді?
4. Жылқы қандай түстерді ажырата алмайды?
5. Жылқының қандай пайдасы бар?

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Мәтінді тағы бір рет оқы. Қалаған 4 сөйлемге сұрақ қой.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Мақал-мәтелді оқы. Жылқы малының бойындағы қасиеттерді теріп жаз. Екі нақылды жаттап ал.

- Тай атқа жеткізер,
  Ат мұратқа жеткізер.
- Жақсы атқа бір қамшы,
  Жаман атқа мың қамшы.
- Жақсы аттың жал-құйрығы — әрі жібек, әрі қыл,
  Жақсы жігіттің белгісі — түзде мырза, үйде құл.
- Жақсы аттан жал кетсе де, әл кетпейді.
- Жылқы — малдың патшасы.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Мәтінді диалогке айналдыру мақсатында сұрақтар дайындаңдар. Өздерің білетін қосымша ақпаратты пайдаланыңдар.

Басқа жануарларға қарағанда, жылқы айналасын түрлі түсті реңкте көреді. Бірақ қызыл мен көк түсті ажырата алмайды. Тағы бір қызығы — жылқының көру аумағы 360 градус. Яғни жылқы бір бағытқа қарап тұрғанда тек алдын ғана емес, арт жағын да толық көре алады. Сондай-ақ жылқының көзі түн ішінде де өте жақсы көреді.

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Мәтінде келтірілген жылқы малының қасиеттерін түйінде.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.
Үлгіні пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

1. Көп адамдар төрт түлік малды баққысы келмейді. Оның себебі не деп ойлайсың?

Үлгі: Мен бұл оймен келісемін/келіспеймін. Себебі ...

2. Қалай ойлайсың, мал өсірмей етті шетелден алған дұрыс па? Әлде өзіміздің отандық ет өнімдерін пайдалану керек пе? Неге?

Үлгі: Етті шетелден сатып алған дұрыс. Себебі ...

Отандық ет өнімдерін пайдаланған дұрыс. Себебі ...

ЕСТЕ САҚТА!

Жүйрік жылқыны көлік ретінде пайдаланады. Оған ер-тоқым жасатады.

Жылқыдан соғым сойып, етінен қазы, шұжық жасайды. Жазда сүтін сауып, қымыз ашытады. Жылқы — молшылықтың, байлықтың белгісі.

Ғабиден Мұстафин «Шығанақ» (романнан үзінді)

7—8 САБАҚ

ЖАҢА СӨЗДЕР

жер жырту, ертемен, колхоз, өгіз, көл, егеу, арба

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

Қазақтың әйгілі жазушысы Ғабиден Мұстафин 1902 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Ғ. Мұстафин өндіріс тақырыбы мен ауылшаруашылығы тақырыбында шығармалар жазған. Жазушының «Шығанақ» романы ауылшаруашылығы тақырыбына арналған. Роман өмірде болған еңбек адамы, тары өсіруші, диқан Шығанақ Берсиевтің өміріне негізделген.



Ғабиден Мұстафин

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер:

1. Ғ. Мұстафин қай жерде дүниеге келген?
2. Ғ. Мұстафин қандай тақырыпта шығарма жазған?
3. «Шығанақ» романы қандай тақырыпқа арналған?

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына септеулік шылауларды жаз.
Септеулік шылаулар: *үшін, сайын, кейін*

1. Бидай, дәнді дақылды жақсы өсіру үшін жыл ... егістікті дайындайды. 2. Ол ... тыңайтқыш төгіп, егістікті баптайды. 3. Егістік дайын болғаннан ... дәнді дақылдарды себеді.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Құрайлы көлін қоршаған қалың егінші түнде жауын болғандықтан, жердің дегдуін күтіп, бүгін егінге күндегіден кешірек шыққан. Біреу өгіз, біреу ат, біреу түйе, қайсыбіреу аралас жегіп, қым-қиғаш қимылдаған жұртты Олжабек пен Жамал көріп келеді. Ертемен ауылдан шыққан айқай-ұйқай дауыстарды да құлақтары анық естіді:

— Әй, егеуді қалдырма, егеуді!

— Тоқта, доғарылып қалды!

— Аналар барып жырта бастады ...

— Мәулікейді оятыңдар, Мәулікейді!

Егіс басталғалы бірқатар күндер өтсе де, ауыл әлі даурығуын қойған жоқ.

Көз алмай қарап келе жатқан Олжабек қабағын бір шытып, күбір етті:

— Жұмыстарында өнім жоқ.

Өгіз бен сиырды аралас жеккен бір бөлек егінші қара жолды жиектей соқасын жаңа ғана салған екен. Олжабектер келіп, солардың қасына тоқтады.

«Ана сиыр бұзау бере ме, енді?! Обал-ай!» ... деген ойда тұрғанда:

— О, жігітім, жол болсын! — деді егіншілердің ішіндегі сақалды біреуі. Жасы үлкен адамға сәлем бермегені есіне түсіп, Олжабек:

— Ассалаумәлейкүм! — дегенде, түйенің үстінде отырған Жамал мырс етті.

Егінші де күліп жіберді.

— Е, бәсе, жасың кіші көрінеді ғой, шырағым! — деді де, сорайған мойнын соза түсіп Жамалға: — Есенбісің, балам! Ал жөніңді білдір. Танымадық, — деді Олжабекке.

Олжабек жөнін жөнді айтпады. Сұрастыра келе, шалдың кім екенін өзі жақсы біліп алды. Оған кездескен осы елдегі «Пышақшы Мешел» дейтін адам еді, білгенінше жай-жапсардың бәрін айтты.

(«Шығанақ» романынан)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не жайында?
2. Мәтіндегі кейіпкерлерді ата.
3. Мәтін басындағы дағдарыс ненің себебінен болып жатыр?

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Жоспарды мәтін мазмұны бойынша орналастыр.

1. Олжабекке жасы үлкен адамның жолығуы;
2. Егіншілердің егінге шығуы;
3. Ауыл адамдарының даурығу себебі;
4. Үлкен адамның Олжабекпен сөйлесуі;
5. Олжабек пен Жамалдың ауылдан шыққан дауыстарды естуі.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын сөйлемді белгіле.

1. Елдің (колхозға) ұжымдық шаруашылыққа бөлінуі;
2. Жер жыртуға қажет соқаның жетіспеуі;
3. Ауыл адамдарының даурығуы;
4. Егінші шаруалардың еңбегі;
5. Егін егудің қиындығы;
6. Жер жырту мәселесі;
7. Олжабектің ренжуі.

Түсініктеме:
Колхоз (коллективное хозяйствие) ұжымдық шаруашылық — ұжымдық егіншілікке арналған шаруалардың бірлестігі.

ОҚЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтіннің негізгі кейіпкері кім? Мәтіндегі басты кейіпкердің сөздерін тауып оқы.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Тапсырмаларды орында.

1. Сиырды қандай шаруашылыққа пайдаланған?
2. Қойдан қандай өнім алған?
3. «Мал өсірсең қой өсір — пайдасы оның көлкөсір» деген сөз неге айтылған деп ойлайсың?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Төмендегі сөйлемдер арқылы диалог құрыңдар.

- Сиыр үйдің берекесі.
- Сиырдың терісінен, сүтінен, мүйізінен жасалатын өнімдер.
- Қой мен ешкінің терісінен жасалатын өнімдер.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. Сыныптасыңмен бірге бірің егінші, бірің малшы болып сұхбат құр. Сұхбат келесідей сұрақтарды қамтысын:

1. Егіншінің кәсібі маңызды ма, малшының кәсібі маңызды ма?
2. Егін шаруашылығында қандай құрал-сайман пайдаланылады?
3. Болашақта егіншінің не малшының кәсібін қалай елестетесің?

ЕСТЕ САҚТА!

Егін егу — ата дәстүр. Жердің бар байлығын дұрыс пайдаланып, егіншілікпен айналысқан бабаларымыздың еңбегі елеусіз қалмауы керек.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9—10 САБАҚ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқып, диалог құру мақсатында сұрақтар дайындаңдар. Жұп болып, диалог құрыңдар.

Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары астығымен атақты. Бұл аймақтардың жері қара топырақты, құнарлы. Астық жақсы өседі. Астық дақылдарынан: жаздық бидай, күзгі қара бидай, жаздық арпа, сұлы және басқа да дәнді дақыл өсіріледі. Бұл облыстар — Қазақстанның құтты аймақтары. Жауын көп жауса, егін жақсы шығады. Еліміздің жалпы астық көлемінің төрттен бір бөлігін Ақмола облысы өсіреді. Диқандар алтын дәнді қар мен жаңбырға тигізбей жинап алса, ел ырысты болады.

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Қажетті сөздермен сөйлемдерді толықтыр.

Қажетті сөздер: *құнарлы, ауылшаруашылығы, құрғақшылық, дәнді дақыл.*

1. Қазақстанда ... жақсы дамыған. 2. Егістікке қолайлы ... жерлер көп. 3. Егістіктерге ... түрлері көп себіледі. 4. Егістігі бар жердің көбі ауа райына тәуелді. 5. ... болса, егін шықпай қалуы мүмкін.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
«Арқылы, үшін, туралы, сайын, сияқты, жайында» септеулік шылауларды бос орындарға жазыңыз.

1. Өсімдік тамыр ... қоректенеді.
2. Мен төрт түлік малдың пайдасы ... эссе жаздым.
3. Ол егін егу ... ауылға барды.
4. Егістікке барған ... жайқалған бидайды көремін.
5. Ағай мал шаруашылығы ... сұрақтар қойды.
6. Әкем ... мен де жылқыны ұнатамын.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Септеулік шылаулар мен сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

1. Ауылшаруашылығымен бірге ... .
2. Дәнді дақылдарды егу үшін ... .
3. Жылқы туралы ... .
4. Диірмен арқылы ... .
5. Үйге дейін ... .
6. Молшылық болған сайын ... .

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Берілген сөздерді пайдаланып, «Мен диқаншы болсам» тақырыбына 10–12 сөйлемнен тұратын мәтін дайында.

Қажетті сөздерді пайдалан: егін, егіншілік, егіншілік, диқан, құнарлы, егістік, төрт түлік мал, мал шаруашылық, өнім, пайда, молшылық, дәнді дақыл, бидай, дән.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Төменде берілген жағдаят бойынша әрқайсысын жеке атап айт.

1. Сен шаруа қожалығының иесі — фермерсің. Сенде жер жыртатын трактор, егін оратын комбайн бар. Егін егу үшін тағы не керек деп ойлайсың? Санамалап айт.

Үлгі: Көктемде егін егу үшін... керек.

2. Күзде піскен бидайды не істейсің? Бидайдан қандай өнімдер жасайсың?

Үлгі: Егінді ... . Бидайдан ... өнімдер ...

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
«Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киіңдер. Сұрақтарға жауап беріп, пікір таластырыңдар. Берілген сұрақтарға өз ойыңды айт. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырыңдар.

Қалпақтардың қызметі	Жауап беретін сұрақтары
Төрт түлік мал туралы білетінін айтады.	Төрт түлік малға нелер кіреді?
Төрт түлік малдың пайдасы туралы айтады.	Олардың қандай пайдасы бар?
Төрт түлік малды бағудағы қиындықтарды айтады.	Оларды бағуда қандай қиындықтар пайда болады?
Оларды пайдалануға байланысты ойын айтады.	Оларды бағу үшін не істеу керек?
Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойға қалай қарайсың?
Бақылап қорыту: айтылған ойдың төрт түлік малға қатысын айтады.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Таяқ тайға жеткізер,
Тай құнанға жеткізер.
Құнан атқа жеткізер,
Ат мұратқа жеткізер.

11 ТАҚЫРЫП

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ. АҚ МОЛ БОЛСЫН! ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

М. Мақатаев «Наурыз» өлеңі

1—2 САБАҚ

Наурыз — Ұлыстың ұлы күні!

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

көрісу, құшақтасу, ұлыс, құтты, жаңару, жылда, мерекелік, салт-дәстүр, отырғызу

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Отбасында тойланатын қандай мерекелерді білесің?
2. Қандай ұлттық мейрамдар бар?
3. Төмендегі суретте қандай мереке бейнеленген? Ойыңды дәлелдеп айт.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Ассоциограмма». «Наурыз мейрамы» деген сөзді естігенде, ойыңа не келеді? Жаз. Диаграмманы толтыр.



АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
«Ойлан, жауап бер!»

1. Бір жылда күн мен түн неше рет теңеледі? Онда неге тек 22 наурыз мереке ретінде тойланады?

2. Наурызда қандай салт-дәстүр орындалады? Наурызтал егу дәстүрінің қандай мәні бар?





ТІЛДІК БАҒДАР

ОҚШАУ СӨЗДЕР

Сөйлем ішінде тұрса да, басқа сөйлем мүшелерімен байланысқа түспейтін сөздер **оқшау сөздер** деп аталады.


Оқшау сөздерге қаратпа сөз, қыстырма сөз және одағай сөздер жатады.

Қаратпа сөз — тыңдаушының назарын аудару үшін айтылған сөз немесе сөз тіркесі. *Мысалы:* Әке, Наурыз мерекесіне барамыз ба? Қош келдің, Әз-Наурыз!

Қыстырма сөз — сөйлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіретін сөз. Қыстырма сөздер: *бағымызға қарай, әлбетте, рас, сірә, мүмкін, меніңше/сеніңше, демек, сонымен, қысқасы, айтпақшы, біріншіден, әуелі, бір жағынан, сөйтіп* және т.б. *Мысалы*: Рас, мерекелік концерт өтіп кетіпті.

Одағай сөз — адамның көңіл күйін білдіретін сөз. Одағай сөздер: *па, түһ, жаса, ойпырым-ай, беу, мәссаған* және т.б. *Мысалы*: Па, шіркін, не деген керемет мейрам! Жан-жануарларды шақыру сөздері де одағай сөздерге жатады. *Мысалы*: *Кә-кә,* Құтжол, тамағыңды іш.

Оқшау сөздер ауызша сөйлегенде, *дауыс ырғағы* арқылы ерекшеленеді. Ал жазбаша тілде олар *үтір, леп белгісі, сұрау белгісімен* дараланып тұрады.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Сұрақтар құрастырыңдар.

АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Жұптық жұмыс. Тыңдалым мәтінінің мазмұнына сүйеніп, Наурыз мерекесіне байланысты диалог құрыңдар. Диалогте төменде берілген оқшау сөздерді қолданыңдар.

Оқшау сөздер: бәрекелді, мәссаған, түһ, біріншіден, сөйтіп, айналайын, ата, жеңеше.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы.

Наурыз мейрамы — Ұлыстың ұлы күні

Қазақтар Наурыз мейрамын Ұлыстың ұлы күні деп те атайды. **Ұлыс** — мекен, аймақ дегенді білдіретін көне түркі сөзі. Ұлыстың ұлы күні дегенде бүкіл **аймақтың**, барлық елдің қуанатын, тойлайтын күні деген мағына берген. Бұл күн жаңару күні немесе көрісу күні деп те аталады. Сондықтан адамдар бір-бірімен құшақтасып, «Наурыз құтты болсын!» деп айтады.

Қазақ халқында бұл мейрамды тойлаудың ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Ең алдымен, адамдар өз отбасыларында Наурыз таңын қарсы алады. Бір-біріне жақсы тілектерін айтады.



Электронды ресурс

Үйдегі үлкен кісілер жастарға бата береді. Ренжіскен адамдар Наурызда бір-бірінен кешірім сұрап, **татуласады**.

Қазақ халқы Наурызтойды көңілді өткізеді. Өнерпаздар ән айтып, бишілер би билейді. Күйшілер күй тартады. Әртүрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Наурыз күні әртүрлі отбасылық дәстүрлер: бесікке салу, тұсау кесу, қоржын той және т.б. рәсімдер орындалады.

Наурыз «Табиғат мейрамы» деп те аталады. Адамдар ауласын тазалап, үйдің, ауылдың көшелеріне ағаш отырғызады, бұлақтың көзін ашады. Сөйтіп, адамдар «Табиғат-анамен бірге жаңа өмір, жаңа күн басталды!» деп қуанады.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтін мазмұны бойынша Наурыз мерекесінде орындалатын салт-дәстүрлерді ретімен жаз:

1. Наурыз таңын қарсы алу;
2.
3.
4.

ОҚЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Әлібек пен Андрей арасындағы диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Көп нүктенің орнына сілтеу есімдіктерін *(бұл, оны, анау, оған, оның, мынау, мына, ана)* **қойып, оқыңдар. Оқшау сөздерді дауыс ырғағын сақтап айтыңдар.**

Андрей: Әлібек, мәссаған, ... қандай той?
Әлібек: ... — Наурызтой.
Андрей: ... кімдер тойлайды?
Әлібек: Наурыз — бүкіл шығыс халықтарының мерекесі. Қазақ халқы да ... мейрамды ертеден тойлап келе жатыр.
Андрей: Әлібек ... не?
Әлібек: Пәлі, бұрын көрмеп пе едің? ... — киіз үй.
Андрей: ... кіруге бола ма?
Әлібек: Әрине, болады. Жүр, саған ... ішін көрсетейін.
Әлібек: ... наурызкөже деп аталады. Қазақ халқының ұлттық тағамы. Үйге кірген қонақ наурызкөжеден дәм татпай кетпейді.
Наурызкөжеден дәм тат!
Андрей: Рақмет, ... көже маған ұнады.

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-жағдаяттық тапсырма.**
Сен де Андрейге Наурыз мерекесіне бір сыйлық жасауың керек. Шарт: сол сыйлықтың атын атамай, тек оны сипаттап жеткізуің керек. Мәтінде сыйлықты барынша құпиялап, қызықты етіп жеткізу қажет.

Үлгі: Андрей, Наурыз мейрамымен құттықтап, саған осы ерекше сыйлықты ұсынғым келеді. Бұл затты барлық ұлдар жақсы көреді. Сыйлықтың ұлттық спорттық ойынмен байланысы бар. Оның денені шынықтыруға, дәл көздеп атуды үйренуге пайдасы көп. Сүйектен жасалған бұл сыйлықты түрлі-түсті бояумен сәндеуге болады. Ол қолға ұстауға ыңғайлы әрі жеңіл...

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Үлгіге қара. Төмендегі сөздерді кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары бойынша түрлендіріп айт. Қаратпа сөздерді ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларына сай қолдан.

Ағаш отырғызу, сәлем беру, құттықтау, құшақтасып көрісу, наурызкөже ішу

Үлгі: *ағаш отырғызу. Досым, мына ағашты сен отырғыз. Ата, алма ағашын сіз отырғызыңызшы! Балалар, ағашты жылдам отырғызыңдар! Аға, келіңіз, ағаштарды бірге отырғызайық!*

ЖАЗЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Жай сөйлемдерден ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрап жаз.

Қызыр баба сахнаға шықты.	Наурыз мейрамы тойланады.
Көктем келді.	Адамдар бір-бірімен құшақтасады.
22 наурыз келді.	Біз оларды жылдам отырғыздық.
Бұл күні табиғат жаңарады.	Балаларға бата берді.
Таңертең көрісу дәстүрі басталады.	Күн жылынды.
Әкем көп жеміс ағаштарын әкелді.	Күн мен түн теңелді.

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
«Кім жылдам?» топтық ойыны. Екі топқа бірігіңдер. Топ мүшелері кезекпен төменде берілген сөйлемдегі сөздерді жылдам алмастырып айтсын. Қателескендер бірден ойыннан шығады. Жылдам және дұрыс айтқан топ жеңімпаз болады.

1. Көктем ұшып келді.
2. Күн тазалады.
3. Қар отырғызды.
4. Ағаштар бүршік гүл ашты.
5. Қызғалдақ ашты.
6. Жыл құстары тазалады.
7. Адамдар ауланы келді.
8. Ағаш ұзарды.
9. Бұлақтардың көзін еріді.
10. Арықтарды жарды.
11. Күн қысқарды.
12. Түн жылынды.



ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.
Мәтін бойынша «Қосжазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Сөйлем	Түсініктеме
Бүгін — Ұлыстың ұлы күні.	
Наурыз мейрамы — көне мейрам.	
Наурызда ұлттық тағамдар пісіріледі.	

ЕСТЕ САҚТА!

Наурыз мейрамы Ұлыстың ұлы күні деп те аталады. Бұл — табиғаттың жаңару күні. Біз жылда Наурыз мерекесін тойлаймыз. Алдымен жақындарымызбен көрісеміз, құшақтасамыз. Көшені тазалаймыз, ағаш отырғызамыз.

Наурызкөже ішеміз

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

тағам, көкпар, тоғызқұмалақ, бүлдіршін, әткеншек, ерекше, алтыбақан

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
«Ойлан, жауап бер!» «Жабайы табиғат» пен «Табиғат-ана» ұғымдарының қандай айырмашылығы бар? Қайсысын қолдайсың?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Өлеңді мәнерлеп оқы. Наурыз дәстүрі туралы ойыңды айт. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын талдап айт.

Күн менен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді,
Соны тойлар ел енді.

Наурызтойы — салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз
Көшеге тал егеміз.

Жарқырап тұр күніміз,
Жайқалсын жас гүліміз,
Бақта бұлбұл сайрасын.

Сәнді көктем нұрымен,
Наурызтойы жырымен,
Көңіл гүлдей жайнасын.

(Әдібай Табылдиев)

АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Наурызтал егіп жатқан оқушыларға ат қой. Олардың әрекетін баяндап айт.



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Сурет бойынша «Наурызтал егу» тақырыбында диалогтік мәтін құрап жаз. Диалогте оқшау сөздерді қолдан.

Үлгі:

— Бәрекелді, Сәбит, суды мол құйдың.

— Рақмет, аға! Сіз де ағашты жақсы таңдапсыз.

ТЫҢДАЛЫМ

ƒ 5 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықта.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

Ұлыстың ұлы күніндегі ұлттық дәстүрлер



Наурызкөже пісірумен қатар, әр үйде қазақтың отбасылық мерекелері бірге тойланған. Өмірге жаңадан **сәби** келген үйлер әжелерді шақырып, баланы бесікке салған. Өткен наурызда дүниеге келген **бүлдіршіндердің** тұсаукесер дәстүрін өткізген. Алғаш рет алысқа жол жүрген балалардың жолы ашық болсын деп **«Тоқымқағар»** дәстүрін тойлаған. Сауатын ашып, оқуға барған балалар үшін **«Тілашар»** тойын жасаған. Міне, **балажан**, өз ұрпағын ерекше сүйетін, мейірімді қазақ халқы бар жақсылығын осылайша көппен бірге тойлап, қуанышын бөліскен. Халықтың осындай ғажап дәстүрі әлі де жалғасып келеді.

Наурызда ұлттық ойындарға да мән беріледі. Мысалы, көкпар, тоғызқұмалақ, арқан тарту сияқты ойындар тойдың сәнін арттырады. Жастар алтыбақан тепсе, бүлдіршіндер әткеншекке отырады.

• *Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп ал.*

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтіндегі 3/4/5 сөйлемге әртүрлі сұрақ қой.

Үлгі: *Наурызкөже — ұлттық тағам.*
1. Наурызкөже ұлттық тағам ба?
2. Наурызкөже қандай тағам?


ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспарға сүйеніп, парталас досың екеуің мәтіннің мазмұнын кезектесіп айтыңдар.

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Суретте көрсетілген бір ұлттық ойын туралы білетініңді айт.








ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Мәтінде аталған отбасылық мерекелерді жаз.
Олар туралы қысқаша айт.

НАУРЫЗ ДӘСТҮРЛЕРІ



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
«Оймоншақ». Төрт топқа бөлініңдер. «Наурызкөже», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық дәстүрлер», «Наурызтал» сөздері жазылған бүктеулі қағаздың бірін таңдап, сол тақырыпта топпен мәтін құрап айтыңдар. Бастаушы бір сөйлем айтып, қалғандары оны әрі жалғастырып отырады. Қай топтың мәтіні мәнді, толық болса, сол топ жеңімпаз атанады. Мәтінде оқшау сөздерді ретіне қарай қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Ата-әжеңді, қазақ тілі мұғалімін Наурыз мерекесімен құттықтап, ашықхат жаз. Құттықтау мәтіндерінің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақта.

КЕЛ, ЖАТТАЙЫҚ!

Бата

Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын!
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін!
Бәле-жала жерге енсін!
Ұлы халқым тоқ болсын!
Көйлектерің көк болсын!
Қайғы-уайым жоқ болсын!
Қуаныштарың көп болсын!
Әумин!

ЕСТЕ САҚТА!

Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалады. Наурызда ұлттық ойындарға да мән беріледі. Атап айтқанда, адамдар тоғызқұмалақ, көкпар, арқан тарту ойындарына қатысады. Алтыбақан, әткеншек тебеді.

Наурыз-думан

5—6 САБАҚ

ЖАҢА СӨЗДЕР

сапар, сыбаға, наным, Қызыр, игі, ұлттық ойындар, шаттану, көңілді

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Наурыз мерекелерінде қай ән жиі айтылады?
2. Ол әнді кім орындайды?
3. Суреттегі кісілердің жүзі таныс па? Олар туралы білетініңді айт.





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Караокеде ән сал!» әдісі арқылы Роза Рымбаеваның орындауында Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған, Талғат Сарыбаевтың «Наурыз-думан» әнін бірге қосылып айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 -тапсырма.
Өлеңді мәнерлеп оқы.



Наурыз айы туғанда
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді **сыбаға**
Сапарға кеткен ұлдарға,
Наурыз айы туғанда.
Наурыз, наурыз, күн **игі**!
Күні игі жердің түрі игі.
Бауыры жылып науат-қар,
Бабымен ғана **жібиді**.
Шашылып **ырыс шанақтан**,
Шақырып бір үй бір үйді,
Шаттанушы еді бір игі.
Осынау игі кең жерге,
Наурыз айы келгенде
Наурыз тойын бергенде,
Көрмегендер де арманда,
Арманда оны көрген де.
Келіп ем өмір-орманға,
Наурыз айы келгенде.

(Мұқағали Мақатаев)

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Түсіндірме сөздікті пайдаланып, өлең мәтініндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. «Сыбаға» сөзіне байланысты қазақтың дәстүрі туралы оқы. Сыбаға сақтау қандай нанымға байланысты жасалатынын айт.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнің бірінші шумағында не туралы айтылған?
2. Алыс сапарға кеткен ұлдарға наурыздан неге сыбаға сақталады?
3. Өлеңнің екінші шумағында қандай дәстүр туралы айтылған?
4. Адамдар наурыз келгенде неге шаттанады, қуанады?
5. Өлеңнің үшінші шумағында наурыз-думанның қандай ерекшелігі көрсетілген? Ол қай жолдардан байқалады?
6. Наурыз бен ақын өмірінің қандай байланысы бар?

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Шетелдік досыңмен Наурыз мерекесі туралы сөйлес. Сол диалогте ақын өлеңінде айтылған «Наурыз тойын бергенде, Көрмегендер де арманда, Арманда оны көрген де» деген сөйлемдерінің мәні ашылсын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7 -жағдаяттық тапсырма.
Жағдаят: сенің мектебіңде «Наурыз — думан» атты мерекелік іс-шара өткелі жатыр. Сол шараға байланысты құттықтау хат жаз. Мәтінін жазғанда ресми құттықтаудың жанрлық және стильдік ерекшелігін сақта. Онда оқшау сөздерді қамты, олардың тыныс белгілерін дұрыс қой. Мәтінді көпшілік алдында оқып бер

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Наурыз мейрамымен байланыстырып, суреттегі заттарды сипатта. Тағамның қалай дайындалатыны, аспап пен спорт түрінің ерекшелігі жайлы айт.







Кәсіптік орыс НТ

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына керекті есімдіктерді жаз.

... — Наурыз мейрамы. ... қазақ халқы ертеден тойлап келе жатыр. Халқымыз ... ерекше дайындалған. Наурызтойда ұлттық ойындар ойналады. ... түрі көп. ... бірі — арқан тартыс. ... — өте қызық ойын.

Адамдар ... күнді көңілді өткізеді. ...бірін-бірі Наурыз мерекесімен құттықтайды. ... күнге аман-есен жеткеніне рақмет айтады, алдағы күннен жақсылық күтеді.

Қажетті есімдіктер: олар, осы, бұл, оны, оған, соны, оның, ол.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. «Хабарландырулар бәсекесі!» ойыны. 10 күннен кейін сыныптарыңда Наурыз тойы өтеді. Сол той туралы хабарландыру жазыңдар. Хабарландыру — құжаттың бір түрі. Сондықтан оны жазудың талаптары мен тұрақты құрылымы болатынын ескеріңдер. Хабарландырудың құрылымдық-мазмұндық жүйесі:

- құжаттың аты (ірі әріптермен, көрнекі етіп жазылады);
- Іс-шараның өтетін уақыты (жылы, айы, күні, сағаты);
- Іс-шараның өтетін орны;
- Іс-шараның атауы;
- Іс-шараның бағдарламасы;
- Іс-шараны ұйымдастырушылар туралы мәлімет.

Ескерту: Наурыз мерекелік шара болғандықтан, оның қағазы түрлі түсті болып, іс-шараның ерекшелігіне қарай безендірілгені дұрыс.

Сынып «ең үздік хабарландыру» жазған жұпты анықтасын.



ЕСТЕ САҚТА!

Наурызда Самарқанның көк тасы жібиді. Наурызда алыс сапарға кеткен адамдарға сыбаға сақталады. Наурыз ырыс әкеледі.

Наурыз сәні — зергерлік бұйымдар

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



ЖАҢА СӨЗДЕР

әшекейлер, зергер, білезік, алқа, сақина, сырға, ою-өрнек, шеберхана

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Суреттердегі ұлттық әшекей бұйымдары қалай аталады? Оларды кім тағады?





ТЫҢДАЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Тыңдалым мәтінінде не туралы айтылды? Мәтінде аталған ұлттық киім атауларын жаз. Суреттен оларды тап.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

Менің нағашым — зергер. Нағашым алтын мен күмістен түрлі зергерлік бұйымдар мен әшекей заттарды жасайды. Білезік, алқа, шашбау, сақина, сырғаларды айшықтап жасайды. Оларға қазақтың ою-өрнегін салады. Асыл тастармен безендіреді. Маған нағашымның жасаған шашбауы қатты ұнады. Шашбау мен шолпы қыздарды әсем қимыл-қозғалысқа үйретеді.

Жақында Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі болды. Нағашым көрмеге жүз шақты әшекей бұйым қойды. Көрмеге халық көп келді. Олар нағашымның шеберлігіне, талғамына қатты риза болды. Көрмеге келген қыз-келіншектер Наурыз мейрамында, салтанатты мерекелерде тағатын ұлттық әшекейлерді қуана-қуана сатып алды.

Наурызда әжем күміс білезік пен күміс сақина тақты. Анам алтын алқа мен алтын сақина, сырға тақты. Қарындасыма әдемі шашбау жарасып тұрды. Олардың сәнді бұйымдарын нағашым жасап берген.

Нағашымның шеберханасы бар. Мен жексенбі сайын сол шеберханаға барып тұрамын.

(«Балдырған» журналынан)

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Сөздер мен тіркестерді сәйкестендір. Түсіндір.

1	Менің	1	бұйымдарын қойды.
2	Нағашым білезік, алқа, шашбау	2	салады.
3	Қазақ ою-өрнегін	3	нағашым — зергер.
4	Асыл тастармен	4	шашбау таққан.
5	Қазақ қыздары шашына	5	безендіреді.
6	Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі	6	сақина, сырғаларды айшықтап жасайды.
7	Көрмеге елуге жақын	7	күміс сақина тағады.
8	Менің әжем күміс білезік пен	8	болды.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтіннің мазмұнына қатысты жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқаларын қойып жаз.

Наурыздың сәні — (тәтті тамақ, жарыс-ойын, зергерлік бұйымдар). 2. Жігіттер шапан (етік, сауыт, бөрік, қалпақ) киеді. Қыз-келіншектерге (қосетек көйлек, сәукеле, көзәйнектері) жарасып тұрады. Осы киімге қоса ұлттық сәнді (оюларды, зергерлік бұйымдарды) тағады.

Менің нағашым — (атбегі, зергер). Нағашым (алтын, қола, мыс пен күмістен) түрлі зергерлік бұйымдар жасайды. Нағашым (білезік, сәукеле, алқа, шашбау) бұйымдарын айшықтап жасайды. Шашбау, шолпы — қыздарды (тез, жылдам, әсем) қимыл-қозғалысқа тәрбиелеу құралы. Наурызда әжем күміс (білезік, шолпы) тақты.


АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сұрақтарды қолданып, «Наурыз сәні» тақырыбында әңгімелесіңдер. Диалогте оқшау сөздерді қолданыңдар.

1. Әйелдер тағатын сәнді бұйымдар мен әшекей заттарға не жатады?
2. Зергерлік бұйымдар неден жасалады?
3. Зергерлік бұйымдар қалай жасалады?
4. Сенің жақындарың наурызда қандай әшекейлер тағады?
5. Әшекей бұйымдарды тек сән үшін таға ма?

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Суреттегі бишінің сыртқы кейпін, киімін, әшекейлерін сипаттап мәтін құрап жаз.



Керекті сөздер: зергерлік бұйымдар, ұлттық әшекейлер, асыл тастар, безендірген, алқа, шашбау, білезік, сақина, сырғалар, айшықтап жасау және т.б.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ екінші топқа бір тапсырма айтсын. Екінші топ осы дәстүрді ақылдасып, көрсетуі керек. Екінші топ оқушылары қазақ халқының ұлттық ойынына байланысты бірінші топқа бір тапсырма айтсын. Бірінші топ ақылдасып, ойынның қалай ойналатынын көрсетулері керек.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
«Наурыз орда» байқауы. Топтық жұмыс. Бес топқа бөлініңдер. Төменде берілген тақырыптар бойынша постер құрып, сынып алдында қорғаңдар.

1. Зергерлік бұйымдар
2. Ұлттық киімдер
3. Ұлттық тағамдар
4. Ұлттық ойындар
5. Ұлттық салт-дәстүр

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Сурет пен сөйлемді сәйкестендір.

1. Қыз баланың қолына (саусағына) тағылатын әшекей бұйым.
2. Қыз баланың құлағына тағылатын әшекей бұйым.
3. Қыз баланың білегіне тағылатын әшекей бұйым.
4. Қыз баланың мойнына тағылатын әшекей бұйым.
5. Қыз баланың шашына тағылатын әшекей бұйым.







АЙТЫЛЫМ

12 **-жағдаяттық тапсырма.**
Полилог. Жағдаят: екі досыңмен бірге зергердің шеберханасына келдіңдер. Наурыз мейрамына бірің анаңа, екіншің әжеңе, үшіншің әпкеңе сыйлық алуларың керек. Зергермен сөйлесіп, кеңес алыңдар. Ақылдасып, сыйлық таңдаңдар. Диалог 15-16 үнқатымнан тұрсын.

ЕСТЕ САҚТА!

Наурыздың сәні — ұлттық зергерлік бұйымдар. Нағашым әшекей бұйымдарды асыл тастармен безендіреді. Білезікті айшықтап жасайды.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9—10 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. «Сөйлемді аяқта!» ойыны. Тақырыбы: «Наурыз дәстүрлері». Екеуің кезектесіп, бірің сөйлемді бастап, екіншің аяқтаңдар. Әр сөйлемде кемінде бір оқшау сөз болсын. 1 минуттың ішінде ең көп әрі сауатты сөйлем құраған жұп жеңіске жетеді.

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Ұсынылған 10 тірек сөзді пайдаланып, Наурыз мерекесіне байланысты 5 сөйлем құрап жаз.
Тірек сөздер: *наурызкөже, жеті түрлі тағам, тұсаукесер, бесікке салу, ұлттық спорт ойындары, бата беру, Ұлыстың ұлы күні, жыл басы, наурызтал, бұлақ.*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқыңдар. Қыдыр баба, Аяз ата, Санта Клаус ұғымдарында қандай байланыс бар? Өз ойыңды айт.



21 наурыз күні елді Қыдыр баба аралайды деген наным бар: «Қыдыр баба ақсақал кейпінде келеді. Елге, жерге бақ, дәулет дарытады. Ен даланы кезіп жүргенде, назары түскен жердің тоңы жібіп, құнарланады. Жаппай көктейді. Тасқа түссе, бір демде ерітіп жібереді» дейді екен бабаларымыз.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Наурызкөже ішемін». Суретке қарап, немересі мен әжесінің диалогін құрап жаз. Олар наурызкөженің маңызы, қалай дайындалатыны туралы сөйлессін. Диалогте оқшау сөздерді жиі қолданыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
«Наурыз-думан» әнінің тарихына, әннің сөзін, әнін жазған, оны орындаған танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына байланысты коллаж жасаңдар. Қызықты деректер қамтылсын.


ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
«Наурыз-думан» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

Бес жолды өлеңнің құрылымы:
1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сөзжұмбақты шешіңдер. Жұмбақтарды жаттап алыңдар.



1. Үсті тас, асты тас,
   Ортасында піскен ас.
2. Аппақ ас, мұзы бар,
   Балалар қызығар.
3. Сылқ-сылқ күледі, аяғы жоқ, — жүреді.
4. Төрт бұлағы — сүт, өзі күшті, мүйізі мықты.
5. Қамыс құлақ, тостаған тұяқ, мінсең — қанат, сүті — дәрі, еті — тамақ.
6. Үй үстінде ұсақ тас.
7. Ақ сандығым ашылды,
   Ішінен жібек шашылды.
8. Екі бала қатар тұрса да, бірін-бірі көрмейді.
9. Наурызтойға тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам.
10. Мөлдір мұз арқылы,
    Нұр төгіп күн тұрар.
    Кең бөлме әр күні
    Тазарып құлпырар.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Наурызда Самарқанның көк тасы жібиді деген сенім бар.

12 ТАҚЫРЫП

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?

М. ЖҰМАБАЕВ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» ӨЛЕҢІ

1—2 САБАҚ

Ел ертеңі — білімді ұрпақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

сыныптас, еңбектену, талапты, табандылық, төзімділік, ұялшақ, шыдамдылық

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөйлемдерді аяқта.

1. Мен көп кітап ... .
2. Қазақ жазушыларының шығармаларын ... .
3. «Күш — білімде, білім — ...».
4. Кітапты көп оқыған адам білімді ... .
5. Арманым білімді азамат ... .

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Берілген сөйлемдердің екінші компонентін жазып, қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құра.

1. Сыныптас достарыммен кітапханаға барған едік, бірақ ... .
2. Қазіргі таңда көп еңбектеніп, табандылық танытқан жастарға жол ашық, алайда ... .
3. Ауыр жұмыста жастарға шыдамдылық жетіспейді, сонда да ... .
4. Әмір кішкентай кезінде ұялшақ бала еді, әйтсе де ... .
5. Ағасы оған үнемі «талапты бол, табандылық пен төзімділік — ұл балаға тән қасиет» деп айтып отыратын, сонда да ... .

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Дүниенің сырын білуге **есік** ашатын алтын кілт — білім. Дана бабаларымыз: «**Күш** — білімде, білім — кітапта», «Мұхит басы — бұлақ, білім басы — кітап» деп бекер айтпаған. Ел болып еңсесін көтерген **Егеменді** еліміздің ертеңі — жас ұрпақ. Ерінбей оқып, талмай іздену және еңбектену арқылы адам рухани тұрғыдан жетіліп, **білім нәрімен** сусындайды. Мұндай адам қашан да халқының ықыласына бөленеді. **Асыл** мұратына, арман-мақсатына білім мен табандылық арқылы жетеді. Жас жеткіншектер данышпан бабаларымыз жазып қалдырған кітаптарды көп оқулары керек. Осындай ғибрат пен өнегеге толы кітаптарды, **ақын-жазушылардың** шығармаларын оқыған адам білімді, тәрбиелі, өнерлі және талапты болып өседі.

Ағылшын философы Френсис Бэкон: «Кітап оқу адамды білімді етеді, жазып отыру әдеті сауатты етеді», — дейді. Ал Конфуций: «Білген адам өкінбейді, **мейірбан** адам мазасызданбайды, батыр адам қорықпайды», — деген.

(«Ана тілі» газетінен)

АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Сұхбатты толықтырыңдар.

— Білім ненің сырын ашуға көмектеседі?
— ... . Ал сен қалай ойлайсың?
— ... .
— Иә, мен де сенің пікіріңе қосыламын, алайда қазіргі кезде кітапты көп оқымаймыз. Оның себебе неде?
— ... . Мен бірақ кітап оқығанды жақсы көремін.
— Солай ма, мен электронды кітапты көп оқимын, бірақ ол көзімізге зиян. Сен мәліметтерді қайдан оқисың?
— ... . Білім туралы көптеген нақыл сөз жинадым.
— Қандай керемет! Айтып берші!
— ... .

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша тест тапсырмаларын орында.

1.«Келешек» сөзінің синонимі
А) үміті
Ә) арманы
Б) ырысы
В) болашақ

2. Қазақстан қай жылы егемендігін жариялады?
А) 1986 жыл 16 желтоқсан
Ә) 1987 жыл 17 желтоқсан
Б) 1991 жыл 16 желтоқсан
В) 1995 жыл 16 желтоқсан

3. «Әлем» сөзінің синонимі
А) жер-көк, бәрі
Ә) дүниежүзі, ғалам
Б) бүкіл, жер жүзі
В) жер-жиһан, барша

4. Қазақстанның еңсесі қандай?
А) асқақ
Ә) жарқын
Б) көркем
В) биік

5. Қазақстанның тәуелсіздігін қандай мемлекеттер мойындады?
А) алпауыт
Ә) дамыған
Б) әлемдік
В) егеменді

6. «Ұлан-байтақ» сөзі неге байланысты айтылған?
А) көлге
Ә) жерге
Б) өзенге
В) тауға

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Берілген сөздерді мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздермен сәйкестендіріп, қарсылықты салалас сөйлем құра.

Үлгі: *Дүниенің сырын білуге барша адам қызығады, алайда оны білу үшін көп оқу қажет.*

Сыры, ашу, білімде, ел, сусындау, мұрат, шығармалар, адам

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
«Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанады.

Көркемтілмзоғт

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Білім туралы өзің білетін мақал-мәтелді пайдаланып, диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Сұрақтарға толық жауап бер.

Зерттеу. Қазақстанның тарихы туралы не білесің?
Суреттеу. Сенің мемлекетің қандай?
Салыстыру. Қазақстанның көрші мемлекеттерден қандай айырмашылығы бар?
Өз пікірің. Өз еліңді не үшін мақтан етесің?
Білімің. Еліңе, достарыңа қандай тілек айтасың?
Қолдану. Не үшін жақсы оқу керек?

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Төмендегі тақырыптың біреуін таңдап, ой бөлісіңдер. Ойларыңды тезис түрінде жазып, келесі жұпқа беріңдер. Жұптар бір-бірлеріңмен жазған тезистерің төңірегінде пікір алмасыңдар. Жағдаятқа сай ұлттық сөз әдебі формаларын қолданыңдар.

Кітап оқудың пайдасы

- Кітап — рухани қазына.
- Кітап — білімнің қайнар бұлағы.
- Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.
- Адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындататын орта — кітапхана.
- Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады.
- Кітап оқу — миға жасалған жаттығу.
- Кітапты бар ынтаңызбен, ықыласпен, мұқият әрі баяу оқыңыз.

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Ф. Оңғарсынованың кітап туралы айтқан ұлағатты сөзін оқып, өз ойыңды білдір.



Кітап оқымаған адам —
тамырсыз қаңбақ.

Фариза Оңғарсынова

ЕСТЕ САҚТА!

Мен кітапты көп оқимын.
Өйткені білімнің кілті — кітапта.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

13 -тапсырма.
«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Мағжан — ұлы ақын

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ашушаң, білімпаздық, құрдас, кекшіл, құрбы, жалындау, табыс, танымпаз

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Қазіргі кезде жастар немен айналысады? Суретті пайдаланып, жауап бер.






ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаев... маңыздылығы ағылшындар үшін — Шекспир..., орыс... үшін — Пушкиннің маңыздылығы... кем емес. *(Әлкей Марғұлан)* 2. Абай — ақылдың ақын..., ал Мағжан — ақын... ақыны. Мағжан ақын ретінде Абай... күштірек, Біз Мағжаннан үйренуіміз керек. *(Сәбит Мұқанов)* 3. Мағжан — сыршылдығы..., суретшілдігі..., сөзге еркіндігі..., тапқыштығымен күшті. Маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі мұңды зарымен күшті. *(Жүсіпбек Аймауытов)* 4. Қазақ өлеңі... Абай... кейінгі

алыптарының, айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі — Мағжан Жұмабаев. *(Зейнолла Қабдолов)* 5. Мағжан — қазақ поэзиясы... жарық күн... . Күн нұр шашса, кейбір «әдебиет... жұлдызы бола...» деп жүрген... сөніп қалады. *(Ілияс Омаров)*

ЖАЗЫЛЫМ


3 **-тапсырма.**
Жаңа сөздерді пайдаланып, қарсылықты салалас сөйлем құра.

Үлгі: *Ернұр өте ашушаң бала болатын, бірақ саяхатта өте көңілді жүрді.*

Ашушаң, білімпаздық, құрдас, кекшіл, құрбы, жалында, табыс, танымпаз

ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
«Танымал» сөзінің синонимдерін пайдаланып, диаграмманы толтыр.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Күрделі сөздерді тауып жаз.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Сасықкөл деген жерде туған. Бала кезінен өте зерек болып, төрт жасынан хат таниды. Ауыл мұғалімінен сауат ашқан Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды. Мұнда ол шығыс тілдерін үйренеді, сол тілдердегі әдебиеттерді оқиды. Шығыс әдебиетімен танысады. Қолына түскен қисса-дастандарды оқиды. Ақын Шығыс әдебиетінің даналары Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайямның дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді.

Мағжан Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген өлеңдерімен танысады.



Ақын мұнан әрі білімін Уфадағы «Ғалия» медресесінде жалғастырады. Мағжан өлеңдері тұңғыш рет Қазанда Кәрімовтер баспаханасынан басылып шығады.

Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түсіп, алтын медальмен бітіреді.

Мағжан орыс тілін де жетік білген. Ол Пушкин, Лермонтов, Горький, Байрон, Гете тағы да басқа ақын-жазушылардың шығармаларымен танысып, таңдаулы туындыларын ана тілімізге аударды.

Мағжан — лирик, сыршыл ақын. Ақын лирикасының тақырыптары сан алуан: туған жер, атамекен, халық тағдыры, адамгершілік, шынайы махаббат және т.б.

Мағжан — эпик ақын. «Батыр Баян», «Қорқыт», «Жүсіп хан» сияқты поэмаларды жазған. «Батыр Баян» поэмасында жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген.

(Ж. Әбдірашевтен)

АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Ақын Шығыс әдебиетінің даналары Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайямның дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді.		
Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түсіп, күміс медальмен бітіреді.		
Ақын мұнан әрі білімін Қазандағы «Ғалия» медресесінде жалғастырады.		
Мағжан өлеңдері тұңғыш рет Қазанда Кәрімовтер баспаханасынан басылып шығады.		
Ауыл мұғалімінен сауат ашқан Мағжан 1906 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды.		
Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Сасықкөл деген жерде туған.		
Бала кезінен өте зерек болып, бес жасынан хат таниды.		

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	ауыл	а	медресе	1	ана тілімізге	а	ақын
2	шығыс	ә	оқып-үйренеді	2	халық	ә	семинариясы
3	басылып	б	мұғалімі	3	оқытушылар	б	аударды
4	Қызылжардағы	в	әдебиеті	4	таңдаулы	в	білген

5	түпнұсқадан	г	жарық көрді	5	сыршыл	г	туындылар
6	Петербургте	ғ	баспаханасы	6	жетік	ғ	медальмен
7	Кәрімовтер	д	медресесі	7	алтын	д	сіңірген
8	«Ғалия»	е	шығады	8	бойына	е	тағдыры

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

8 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: ынтаңызбен, ықыласпен, мұқият, баяу, қазына, қайнар, білу, мүмкін, кітапхана, білімді, жаттығу,

- Кітап — рухани ... .
- Кітап — білімнің ... бұлағы.
- Кітап оқымай, білім алу ... емес.
- Адамның ойын байытып, білім нәрімен сусындататын орта — ... .
- Бала ерте жастан кітаппен дос болса, болашақта ... адам болып қалыптасады.
- Кітап оқу — миға жасалған ... .
- Кітапты бар ..., ..., ..., ... оқыңыз.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Көршіңе төмендегі сұрақтарды қойып, диалог құрыңдар.

— Мағжан Жұмабаев кім?
— ..... .
— Ол қай жылы дүниеге келген?
— ..... .
— Ақын қай жерде оқыған?
— ..... .
— Мағжан өлеңдері тұңғыш рет қайда басылып шықты?
— ..... .
— Ол қандай тілдерді үйренді?
— .....
— Мағжан Омбыдағы оқытушылар семинариясын қалай бітірді?
— ..... .

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Мағжан Жұмабаевтың «Көбелек» өлеңін оқып, әр шумақтың жанына түсінгеніңді бір сөйлеммен жаз.

Отқа ұшар көбелек, Қарамай, сорлы, алды-артын. Ойына кіріп-шықпайды Күйдірер деп от-жалын.	
Шырқ айналып ентелеп Жүрер де, бір уақ ол қонар. Ұмтылған оты сорлыны Күйдірер де, тез тынар.	
Құрбылар, іске бет алсақ, Ойламай қанат қақпалық, Анау жарық — алтын деп, Көрінгенге шаппалық!	
Желімен кетсек қанаттың, Көбелектей күйерміз. Алам деп алтын барғанда, Күлден кебін киерміз.	

ЖАЗЫЛЫМ



11 -тапсырма.
Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Сөздер	зат есім	сын есім	есімдік	үстеу	етістік
ұшар					
көбелек					
қарама					
от-жалын					
алды-артын					
ол					
тез					
қонар					
сорлы					
құрбылар					
алтын					
анау					
қанат					
барған					

АЙТЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ



12 -тапсырма.
«Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Саған қай тапсырманы орындау ұнады?
4. Келесі сабақта қандай тапсырма орындағың келеді?

ЕСТЕ САҚТА!

Мағжан Жұмабаев — ақын. Ол оқытушылар семинариясын алтын медальмен бітірген.

«Мен жастарға сенемін»

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

айбынды, айбатты, жастық, қайратты, қос, қайрат, сену, аспан


АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенім дегенді қалай түсінесің?
2. Сен өмірде кімге сенім артасың?
3. Сеніміңнен шығатын достарың бар ма?
4. Сенімді адам деген тіркесті қалай түсінесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
«Сенімді дос» сөзіне диаграмманы толтыр. Диаграмма бойынша шағын мәтін құрап жаз.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәнерлеп оқы. Ұнаған өлең жолдарын жатқа айт.

Мен жастарға сенемін

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар!
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар — балапан
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені — көк аспан,
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер —
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

(Мағжан Жұмабаев)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Өлеңнен сын есім мен зат есімдерді тап. Оларды тіркестіріп, қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құра.

Үлгі: *Қазіргі таңда жастарға көп жағдай жасалған, алайда оны көбі пайдаланбайды. Анадан қымбат еш нәрсе жоқ, бірақ анасын сыйламайтын балалар да бар.*

ТЫҢДАЛЫМ

5 -тапсырма.
«Азия» тобының орындауындағы
М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін тыңда. Тест тапсырмаларын орында.

1. «Арыстандай айбатты» тұрақты тіркестің синонимі
А) жолбарыстай білекті
Ә) арыстандай айбынды
Б) аюдай
В) ақ маралдай

2. «Жұмсақ» сөзінің антонимі
А) көркем
Ә) жайдары
Б) қатал
В) қатты

3. «Қырандай күшті қанатты» сөйлемінің мағынасына сәйкес келетін тіркес
А) қырандай шарықтау
Ә) тас түлекті сұңқардай
Б) ақсұңқар құстай шүйілу
В) бұлбұлдай сайрау

4. Өлең мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтел
А) Ақыл — жастан, қына — тастан.
Ә) Ақымаққа айтқан сөз зая кетер.
Б) Мал сақтама, ар сақта.
В) Жас келсе, іске.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Әнді тыңдап, әр ойбөлікке тақырып қой. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз. Тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықта.

Ойбөліктері	тақырыбы	негізгі ой	тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Берілген сөйлемдерді қарсылықты салалас құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.

Үлгі: *Талайлар Мағжан болғысы келеді,* ***бірақ*** *бола алмайды, сірә, талантында кемістік болатын шығар.*

Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз. Толық сынап, оның алды-артын орап, өрісін тарылтып шығу үшін негізді білім керек.

Ж. Аймауытұлы

Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған.


Ж. Аймауытұлы

Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің емес, ұлт ақыны.

Ж. Аймауытұлы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
М. Жұмабаев туралы өздерің білетін мәліметтерді пайдаланып, ассоциограмма құр. Ол туралы айт.



ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Синектика. Мағжан Жұмабаевтың атынан қазіргі қазақ жастарына арнап хат жазыңыз. Көлемі: 80-100 сөз.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

10 **-тапсырма.**
«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

М. Жұмабаев көптеген шығармаларды аударды. Ол Ақан сері туралы зерттеу еңбек жазды.

Электронный вариант

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7—8 САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма..
Қазақстанның дамуына үлесін қосып жүрген дарынды жастар туралы ақпарат жинап, ой бөлісіңдер. Олардан қандай үлгі аласыңдар? Өз ойларыңды дәлелдеңдер.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Мағжан Жұмабаев туралы айтылған пікірлерді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Мағжан Жұмабаев, жинақтап айтар болсақ, сегіз қырлы, бір сырлы аса ірі тұлға. Ол — лирик, ол — эпик, ол — аудармашы, ол — ұстаз, ол — педагог... Мағжан Жұмабаев — ұлтжанды ақын. Дәстүршіл ақын. *(Қадыр Мырза Әлі)* Мағжан өзі сүйген, қалаған, өзіне үлгі тұтынған ақын-жазушыларын ғана аударған. Оның Гетеден аударған «Орман патшасы», М. Горькийден аударған «Күн шығады да, батады», «Сұңқар жыры», Лермонтовтың «Тұтқынын» ерекше атауға болады. *(Әбділда Тәжібаевтан)* Жас ақын ел жайын көп толғайды. Ағартушылық арнада жазылған өлеңдерінде надандықты түйрейді, өнер-білімге шақырады. *(Шериязда Елеукеновтен)* В. И. Ленинді, М. Горький мен М. Лермонтовты т.б. ана тіліне бірінші болып М. Жұмабаев аударады. Орыс ұлы өкілдері — Пушкинмен, Лермонтовпен, Кольцовпен, Горькиймен және олардың творчествосымен М. Жұмабаев сырлас дос болған, оларға — ұстаздарына арнап өлеңдер жазған. *(Сәйфи Құдаштан)* Мағжан өз заманының асқан білімді азаматы болды. Ол төрт жасында ауыл мұғалімінен оқып, сауатын ашады. 1905 жылы әкесі Бекен оны Қызылжар қаласындағы қазақ-татар медресесіне оқуға береді. Мағжан мұнда діни сабақтармен қатар, араб, парсы, түрік, татар тілдерін үйреніп, шығыстың әйгілі Низами, Сағди, Физули, Науаи сияқты ақындарының шығармаларымен танысады.

(Қайролла Омаровтан)

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
2-тапсырмада берілген мәтін бойынша маңызды деп санайтын ақпараттардың себебін анықтап, 1 сөйлеммен кесте түрінде ұсын.

Мәтіндегі мен үшін маңызды ақпарат	Себебі

АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Мағжан Жұмабаев қашан дүниеге келді?
2. Мағжан Шығыс әдебиетімен қай кезде танысты?
3. М. Жұмабаев Шығыс әдебиетінен кімнің шығармаларын оқыды?
4. Мағжан кімнің өлеңдерін оқып, ақын болуды армандады?
5. Мағжанның сыршыл, лирик ақын аталуының себебі неде?
6. Неліктен Мағжанды ұлы ақын дейміз?

АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі мен Қалижан Бекхожиннің «Мерекелі жастарға» өлеңінде қандай ұқсастық бар. Ойыңды тұжырымдап жеткіз.

Сендердікі — шексіз дарқан атырап,
Сендердікі гүлдер мен жас жапырақ.
Сендердікі — ән шырқаған бұлбұл мен
Алтын күн де нұры түскен шашырап.
Сендердікі — келешектей кең қырлар,
Сендердікі — өрен күйлер, тың жырлар.
Сендердікі — нажағайлы нөсер мен
Айдындағы алға шапқан толқындар.
Сенде — білім, сенде — қайрат, құдірет.
Отанымның жұлдызындай жарқырап,
Гүлдеріндей жайқалыңдар күлімдеп!
Көтер туды кең әлемге көлбетіп,
Жастық әнмен,
Жалын күшпен өрлетіп.
Қозға шаттық кемелерін биікке,
Теңізімнің толқынындай тербетіп.
Еркін ұрпақ тұлға жаңа ғасырға!
Қуанышың жетсін әлем жасына.

ЖАЗЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Қарсылықты салалас сөйлем құра.

1. _____, алайда_____.
2. _____, бірақ _____.

3. _____, дегенмен _____.
4. _____, сонда да_____.
5. _____, әйтсе де_____.
6. _____, әйткенмен_____.
7. _____, — _____.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Астана қаласындағы Мағжан Жұмабаев даңғылы туралы мәтінді тыңда. Кестені толтыр.

Мәтін тақырыбы	Мәтінде көтерілген мәселе	Өзіндік пікірім

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мен «Білімді жастар — ел болашағы» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда еліміздің болашағы білімді жастардың, яғни біздің қолымызда екенін жаздым. Шығармам 15 сөйлемнен құралды.

Қандай сөйлемдер жазды деп ойлайсың? Өзің де жазып көр. Жазба жұмысында теңеу мен метафораны қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ ОЙТАРАЗЫ

9 -тапсырма.
«Таңбалар» әдісін пайдаланып, сұрақтарға жауап жаз.

	Бүгінгі сабақта саған не ұнады? Өз ойыңды жаз.
SMS	Сабақтағы әсерің жайлы жұбыңа хабарлама жаз.
	Өзіңе ұнаған тапсырманы айтып, жұбыңмен ой бөліс.
	Сабақтағы қажет мәліметті айтып, жазып қой.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мағжан — сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады.

Жүсіпбек Аймауытов

13 ТАҚЫРЫП «МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

1—2 САБАҚ

Бұл электронды энциклопедия ма?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

ЖАҢА СӨЗДЕР

деректер, сандық жинақ, дерекқөздер, мәліметтер, тұлға, мұра, қамту

1 **-тапсырма.** **Кестедегі мақал-мәтелдермен сөйлемдердің сәйкестігін тауып айт.**

Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады.	Энциклопедия білімді болуға көмектеседі, ал білімсіздік мүмкіндіктерді шектейді.
Оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы.	Электронды энциклопедия ізденіс пен білімге жол ашып, көздеген мұратыңа жеткізеді.
Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қараң.	Электронды энциклопедияны жиі қолдану білімді кеңейтеді.
Іздеген жетер мұратқа.	Электронды энциклопедия арқылы білім жинау күшті құрал екенін көрсетеді.
Көп оқыған көп біледі.	Энциклопедия — оқу мен білім алудың қайнар көзі.

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.** **Берілген суреттерді мұқият қарап, әр суретте не бейнеленгенін жазбаша сипатта. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.**

1. Суретте қандай заттар немесе құрылғылар бейнеленген?
2. Суреттің негізгі идеясы қандай?
3. Суреттен қандай әсер алдыңыз?

Мектеп Кітабы





ЕСКЕ ТҮСІР!

Бұрынғы өткен шақ ***-ған,-ген, -қан, -кен*** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, ***сал-ған, көр-ген, айт-қан, жет-кен*** т.б.

Ауыспалы өткен шақ ***-атын, -етін, -йтын, -йтін*** жұрнақтары арқылы жасалады: ***аш-атын, қоста-йтын*** т.б.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Электронды энциклопедия дегеніміз не?
2. Қандай электронды энциклопедияларды білесің?
3. Оның кемшіліктері қандай?
4. Электронды энциклопедия мен дәстүрлі энциклопедияның айырмашылығы неде?
5. Сен электронды энциклопедияны қалай қолданар едің?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Мәтінге қатысты пікіріңді өзгелердікімен салыстыр. Берілген мәліметтерді сәйкес бағандарға жаз.

Ақпарат береді; тек ғаламторда жұмыс істейді; баспа түрінде болады; үнемі жаңартылып отырады; түрлі тақырыптар қамтылған; ақпараттар өте жылдам табылады; мазмұны тұрақты; сенімді ақпараттар берілмеуі мүмкін;

Дәстүрлі энциклопедия	Ұқсастықтары	Электронды энциклопедия

ОҚЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Мәтіннің кімге арналғанын анықта.

Туған өлкенің электронды энциклопедиясы бұл — жергілікті тарих, география, өнер, мәдениет және басқа да маңызды тақырыптар бойынша деректерді қамтитын сандық жинақ. Онда туған жеріміздің әртүрлі кезеңдері туралы мәліметтер де кездеседі. Мұнда өлкенің табиғи ерекшеліктері, географиялық орны, климаттық жағдайлары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы ақпарат беріліп, тарихи ескерткіштер мен мәдени мұралары жайлы кеңінен мәлімет қамтылған. Сонымен қатар туған өлкеге қатысты әйгілі тұлғалар, әдебиет, өнер, ғылым саласындағы жетістіктері мен жергілікті халықтың салт-дәстүрлері туралы да ақпараттарды табуға болады.

Мысалы, «Ел мен жер» деген электронды энциклопедия бар. Бұл энциклопедияда Қазақстанның солтүстік аймағындағы Көкшетау, Қызылжар, Омбы, Құсмұрын, Ұлытау және Астана өңірлері туралы тарихи-танымдық мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар осы өңірлерден шыққан тарихи тұлғалар, мемлекет, қоғам және мәдениет қайраткерлері туралы деректер де салынған.

Туған өлкенің тарихын жан-жақты танып білу үшін осындай электронды ресурстар да үлкен көмек көрсетеді. Бұл құралдар қолжетімді әрі ыңғайлы. Ол тарихымызды сақтауға және дамытуға ықпал етіп, туған жерімізге деген сүйіспеншілікті арттырады.

(Өлкетану-әдебиет «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясынан)

АЙТЫЛЫМ

6 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде «Туған өлкенің электронды энциклопедиясы» қандай мәліметтерді қамтиды?
2. Оның туған өлке тарихын танып-білуде қандай маңызы бар?
3. Туған өлке туралы электронды энциклопедияның артықшылықтары қандай?
4. Неліктен туған өлке туралы білім болашақ ұрпақ үшін маңызды деп ойлайсыз?
5. Осы энциклопедиялар технология мен білім берудің дамуына қалай әсер етеді?

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіннен етістіктерді тауып, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ түрлеріне өзгертіп жаз.

Үлгі: *қамтитын — қамтыған; ....*

АЙТЫЛЫМ



8 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ



9 -тапсырма.
Сыныппен немесе қасыңдағы оқушымен келесі тақырыпта пікірталас өткіз: «Электронды энциклопедиялардың болашағы қандай?»

ЖАЗЫЛЫМ



10 -тапсырма.
Сыныппен бірге «Біздің туған өлке» атты шағын энциклопедия жасаңдар. Әр оқушы өз аймағы немесе ерекше қызығушылығы бойынша бір бөлімді дайындайды. Оған мәтіннен алынған мәліметтерді және жеке зерттеулеріңізді қосуға болады.

ЕСТЕ САҚТА!

Туған өлкенің электронды энциклопедиясы — бұл жергілікті тарих, география, өнер, мәдениет және басқа да маңызды тақырыптар бойынша деректерді қамтитын сандық жинақ. Бұл құралдар қолжетімді әрі ыңғайлы. Ол тарихымызды сақтауға және дамытуға ықпал етіп, туған жерімізге деген сүйіспеншілікті арттырады.

Контент-Горизонт

3—4 САБАҚ

Энциклопедиядағы қызықты деректер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
«Егер мен өз энциклопедиямды жасайтын болсам...» тақырыбында өз ойыңды білдіріп, оның мазмұны қандай болатынын сипаттаңыз.

ЖАҢА СӨЗДЕР

қызықты, ғылыми дәлел, іздеу, күрделі, ғарыш айлағы, рухани, келешек

ЖАЗЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Төмендегі сөздер мен өткен шақтағы етістіктерді қолданып сөйлемдер құра.

Дереккөз, *ақпарат, ғылыми дәлел, қолжетімділік, қызықты, іздеу, күрделі, ғарыш айлағы, рухани, келешек*

ЕСКЕ ТҮСІР!

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің -ар, -ер, -р және болымсыз етістікке -с жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы, қуан-ар-сың, жет-ер-сің, тоқы-р-сың, айтпа-с, сындырма-с, келтірме-с, өкпелетпе-с т.б.

Мақсатты келер шақ -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, тапсыр-мақ, үйрен-бек, келіс-пек, ақылдас-пақ, сұран-бақ, келтір-мек т.б.

ТЫҢДАЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Сілтеме арқылы видеодан үзіндіні тыңдап, түсініп алыңдар.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Бейнефильм бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Бейнефильмнің негізгі тақырыбы қандай?
2. Бейнефильм мен энциклопедия деректерін салыстыр.
3. «Электронды энциклопедия ғарыш туралы ақпарат жинауда қалай көмектеседі?» деген сұраққа өз ойыңды білдір.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны (болжалды және мақсатты келер шақ жұрнақтары және жіктік жалғау) жалғап жаз.

Біз электронды энциклопедиядан ақпараттарды жылдам тап... . Қызықты мәліметтерді электронды энциклопедия арқылы іздеу ыңғайлы бол... . Сен энциклопедиядан әртүрлі тақырыпқа деректер тауып ал... . Ғарышкер болу өте қиын және ұзақ дайындықты қажет ете... . Ғарышкерлік — бұл батылдық пен жоғары біліктілікті талап ететін мамандық. Олар Жерден тыс кеңістікті зерттеп, адамзат болашағы үшін маңызды жаңалықтар аш... . Қазақстан ғарыш саласында үлкен жетістіктерге жет... .

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді мұқият оқып, түсініп ал. Көтерілген мәселеге қатысты өз пікіріңді білдір.

Электронды энциклопедияда туған өлкеміз туралы өте көп қызықты деректер бар:

1) Мысалы, Қазақстанның ең биік тау шыңы — Хан Тәңірі. Ол 7 010 метр биіктігімен еліміздің ең жоғары нүктесі болып табылады. Ол — альпинистер үшін ең күрделі шыңдардың бірі.

2) Қазақстанда орналасқан Байқоңыр ғарыш айлағы — әлемдегі ең алғашқы және ең ірі ғарыш айлағы. Бұл айлақтан алғаш рет ғарышқа ұшқан адам — Юрий Гагарин. Байқоңыр ғарыш айлағының тарихы мен ғарыштық жетістіктері әлемге танымал және ғылым саласында үлкен маңызға ие.

3) Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан әлемдегі ең биік мұз айдыны — Медеу. Бұл мұз айдыны 1691 метр биіктікте орналасқан және әлемдегі ең үлкен табиғи мұз айдыны ретінде рекордтар кітаптарына енген.

4) Түркістан — Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Бұл қала Қазақ хандығының рухани астанасы болып саналады. Түркістанда орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енген маңызды тарихи ескерткіш. Қала көптеген ғасырлар бойы қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің орталығы болған.

5) Қазақстандағы ең ұзын өзендердің бірі — Ертіс өзені. Оның ұзындығы 4248 шақырымды құрайды.

Бұл деректер — туған өлкенің бай тарихы мен табиғатынан, мәдениетінен хабар береді және олар келешек ұрпақ үшін маңызды білім көзі.

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның ең биік тау шыңы қалай аталады? Оның биіктігі қанша метр?
2. Байқоңыр ғарыш айлағы қандай жетістіктерімен танымал?
3. Медеу мұз айдыны әлемде несімен ерекшеленеді?
4. Түркістан қаласы неліктен тарихи маңызға ие?
5. Ертіс өзенінің ұзындығы қанша шақырым?

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Берілген ақпараттарды дұрыс сәйкестендір.

1	Хан Тәңірі	А	ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енген ескерткіші бар.
2	Байқоңыр ғарыш айлағы	Ә	Ұзындығы 4248 шақырым болатын өзен.
3	Медеу мұз айдыны	Б	Биіктігі 7 010 метр болатын тау шыңы.
4	Түркістан қаласы	В	Әлемдегі ең алғашқы және ең ірі ғарыш айлағы.
5	Ертіс өзені	Г	Әлемдегі ең биік табиғи мұз айдыны.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
«Құпияны тап!» ойыны. Суреттерге байланысты бір құпияны (тарихи орын немесе табиғи ерекшелік) таңда.

1. Құпияны сипаттайтын 3-5 қызықты факті жаз.
2. Басқалар сенің сипаттамаң бойынша құпияны табуға тырыссын.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Берілген тапсырмаларды топпен орындаңдар.

1-топ: Ғарышты зерттеу
Сұрақ: Ғарыш зымыраны суреті қай оқиғалар мен жетістіктерді еске түсіреді?
Тапсырма:
- Қазақстандағы Байқоңыр ғарыш айлағы туралы деректер тап.
- Алғашқы ғарышкер туралы мәлімет жаз.

2-топ: Өзендер мен көлдер
Сұрақ: Суреттегі өзен мен көлдер қандай климаттық және табиғи жағдайларда қалыптасқан болуы мүмкін?
Тапсырма:
- Қазақстандағы ең үлкен өзендер мен көлдердің аттарын анықта.
- Бір өзеннің ерекшеліктерін (ұзындығы, қай жерден ағып өтеді) сипаттап бер.

3-топ: Жануарлар әлемі
Сұрақ: Жабайы жылқы мен қасқыр суреттері табиғаттағы қандай экожүйелерді көрсетеді?
Тапсырма:
- Қазақстанның далалы және орманды аймақтарындағы жануарлар туралы дерек ізде.
- Қасқыр туралы аңыз немесе ертегі құрастырып жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
«Менің туған өлкем» деген тақырыпқа туған өлкеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын эссе жаз.

Талаптар:
- көлемі — 80-100 сөз;
- көркемдегіш құралдарды пайдалан;
- сөйлемдегі етістіктер келер шақ формасында болуы керек.

ЕСТЕ САҚТА!

Электронды энциклопедияда туған өлкеміз туралы да қызықты деректер өте көп. Медеу — Алматы қаласында орналасқан әлемдегі ең биік мұз айдыны. Түркістан — Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Бұл қала Қазақ хандығының рухани астанасы болып саналады. Бұл деректер — туған өлкенің бай тарихы мен табиғатынан, мәдениетінен хабар береді және олар келешек ұрпақ үшін маңызды білім көзі.

Туған өлкенің танымал тұлғалары

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

бейнелеу өнері, қалыптастыру, майталман, ұрпақ, шынайы, танымал, қайраткер

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөздікке қарап, берілген сөздердің синонимдік қатарын тап. Сұраулы сөйлемдер құрап жаз.

Дерек, сурет өнері, құру, шебер, әдет-ғұрпы, қайраткер, рух, ұлттық мұра, ұрпақ, белгілі

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сөздерді топтастыр (болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, бұрынғы және ауыспалы өткен шақ).

Болған, жазған, мараппатталар, шығармақ, жазар, ұмытады, кетеді, сақтаған, кесер, қалыптасады, табылар, жиналған.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда.
Мәтін бойынша үш сұрақ құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Берілген мәліметтердің дұрыс, бұрысын анықта.

№	мәліметтер	Дұрыс	Бұрыс
1	Әбілхан Қастеев 1920 жылдары Ленинградта оқыған.		
2	Оның шығармашылығы тек пейзаж жанрында шектелген.		
3	Қастеевтің туындылары қазақ халқының тұрмысын шынайы бейнелейді.		

4	«Егінші» — Қастеевтің танымал туындыларының бірі.		
5	Әбілхан Қастеев өнерде еуропалық стильді қолданған.		

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Электронды энциклопедиядан және мәтін мазмұны бойынша Әбілхан Қастеев туралы деректерді қолданып, суретшінің өмірбаяны мен шығармашылығындағы негізгі оқиғалардан хронологиялық тізбек құр.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта.

Анна: Сәлем, достар. Бізге қазақ тілінен танымал тұлғалар туралы деректер жинау керек. Кім қандай ақпарат тапты?

Олег: Сәлем, Анна! Біз электронды энциклопедияны пайдаланып, тапсырманы орындадық. Саша, сен Дінмұхамед Қонаев туралы қандай деректер таптың?

Саша: Ол — Қазақстанның мемлекет қайраткері. Дінмұхамед Қонаев ұзақ жылдар бойы Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Индустриялық даму мен әлеуметтік саланы көтеруде көп еңбек еткен.

Мәдина: Иә, дұрыс айтасың. Ал мен Жамбыл Жабаев туралы мәліметтер дайындадым. Ол — қазақтың ұлы жырауы. Оның шығармалары халықты бірлікке шақырып, ұлттық рухты көтерді.

Анна: Ал, менің ойымша, қазақ әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаев туралы да айту керек. Оның өлеңдері мен қара сөздері — бүгінгі күнге дейін құнды мұралардың бірі.

Олег: Иә, Абайдың еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келеді. Сонымен бірге Шоқан Уәлихановты да ұмытпауымыз керек. Ол ғалым әрі этнограф ретінде қазақ тарихы мен мәдениетін терең зерттеді.

Мәдина: Толық келісемін. Ал Қаныш Сәтбаев туралы энциклопедияда не жазылған екен?

Саша: «Қаныш Сәтбаев — нағыз ғалым. Ол Қазақстанның геология ғылымын дамытуда ерекше рөл атқарды. Оның зерттеулері табиғи ресурстарымызды игеруде маңызды болды», — деп жазылған екен

Олег: Біз сонымен қатар Мұхтар Әуезов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев жайында да деректер дайындадық.

Анна: Келісемін, электронды энциклопедияда ұлы тұлғалар туралы толық мәліметтер бар екен. Алдағы уақытта олардың еңбектерімен де танысу керек.

Саша: Иә, келесі аптада кітапханаға барайық.

Олег: Дұрыс айтасың, Анна! Осындай тұлғаларымыз туралы көп білуіміз керек.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Тұлғалар мен олардың еңбектерін сәйкестендіріңіз:

	Тұлғалар		Деректер
1	Дінмұхамед Қонаев	А	Қазақ ауыз әдебиетінің алып тұлғасы.
2	Жамбыл Жабаев	Ә	Геология ғылымының негізін қалаушы.
3	Абай Құнанбаев	Б	«Абай жолы» эпопеясының авторы.
4	Шоқан Уәлиханов	В	Индустриялық дамуға үлес қосқан қайраткер.
5	Қаныш Сәтбаев	Г	Қазақ ғылымына еуропалық білімді жеткізуші.
6	Мұхтар Әуезов	Ғ	Қазақтың ұлттық әдебиетінің негізін қалаушы.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Электронды энциклопедияны қолданып, диалогтегі тұлғалар туралы мәліметтерді толықтыр:

1. Дінмұхамед Қонаевтың еңбектері Қазақстанның қандай дамуына бағытталған?
2. Жамбыл Жабаевтың шығармалары қандай жанрларда жазылған?
3. Шоқан Уәлиханов зерттеген қазақ халқының тұрмыс-салты туралы не білесің?
4. Қаныш Сәтбаев қандай пайдалы қазбаларды зерттеді?
5. Мұхтар Әуезовтің басқа қандай шығармаларын білесің?

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

9 -тапсырма.
Диалогте берілген мәліметтерді пайдаланып, «Қазақтың ұлы тұлғалары» тақырыбында эссе жаз.

Талаптар:

- көлемі — 80-100 сөз;
- сын есім сөздерді пайдалан;
- сөйлемдегі етістіктер келер шақ формасында болуы керек.

ЕСТЕ САҚТА!


Электронды энциклопедия дереккөздері оқырмандарға тарихи тұлғалар туралы терең ақпарат береді, сондай-ақ олардың еліміздің тарихында алатын орнын түсінуге көмектеседі. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздері — бүгінгі күнге дейін құнды мұралардың бірі.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7—8 САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сөзжұмбақты шеш.



Тігінен:
1. Өткен оқиғалар мен адамзаттың даму процесі туралы ғылым.
2. Әлемдік ақпараттық желі.
3. Белгілі бір уақыт кезеңі.
6. «Перевод» сөзінің қазақшасы.
8. Баспа бетінде жазылған немесе басылған материалдар жиынтығы.

Көлденеңінен:
4. Хабар сөзіне синоним.
5. Жіктеу есімдігі.
6. Сөйле немесе ...
7. Белгілі бір фактілер мен ақпараттың негізі.
9. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, ақын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Суретке байланысты шағын әңгіме жазып, сөйлеу екпінін дұрыс қойып баянда. Әңгіменің тақырыбы: «Электронды энциклопедиямен саяхат».

Талаптар:

- көлемі-5-6 сөйлем;
- әңгімеде білім, технология, болашақ деген сөздерді қолдан.



ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Берілген сөз тіркестерінен мақал-мәтелдер ойлап тауып, жазыңдар.

- «Электронды энциклопедия — ...».
- «Ізденген адам ...».
- «Кітап — ақылдың кілті, ал электронды энциклопедия — ...».

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
«Аукцион» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Сөздерді бөлек-бөлек қағазға жазыңдар. Қарсы топқа қағазға жазылған сөзге қанша ұпай беретінін сұраңдар. Ең көп ұпай берген ойыншыға сөзді көрсетіңдер. Ол сол сөздің аудармасын айтып, сөйлем құрауы қажет. Егер команда дұрыс жауап берсе, берілген ұпайлар команданың қорына көшеді. Дұрыс жауап бермесе, ұпай екінші командаға көшеді. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Өз туған өлкең туралы шағын электронды энциклопедия жобасын жаса. Ол үшін келесі бөлімдерді қос:

- *Табиғи ерекшеліктер*
- *Тарихи орындар*
- *Белгілі тұлғалар*

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
«Электронды энциклопедия дәстүрлі кітаптарды алмастыра ала ма?» деген тақырыпта дебатқа қатысыңдар. Бір топ электронды энциклопедияның артықшылықтарын қорғауы керек. Екінші топ дәстүрлі кітаптардың артықшылықтарын айтуы тиіс. Әр топ өз пікірін дәлелдесін және сұрақтарға жауап берсін.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Әр топқа бір тұлға беріледі. Олар оның өмірі мен еңбектерін таныстыратын постер немесе презентация жасайды.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Туған жердің тарихын білген өз тарихын біледі.

Туған жердің ауасы да шипа,
Туған жердің жуасы да тәтті.

Бөтен жердің гүлінен
Туған жердің тікені артық.

14 ТАҚЫРЫП

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Майкл Х. Харт «100 ұлы адам» атты кітабынан — «Альберт Эйнштейн»

1—2 САБАҚ

Жаңа технология жетістіктері

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

әдіс, заманауи, ғылыми-техникалық, жетістік, атақ, есептеуіш, заңдылық, көшбасшы, негізін қалаушы

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Суреттерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттегі заттарды қандай жағдайда қолданасың?
2. Олардың саған көмегі бар ма?
3. Саған кедергі жасайтын кездері бола ма?





ЕСКЕ ТҮСІР!

1. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып байланысады да, арасына қос нүкте қойылады.

Мысалы: Біз сабақта ғылыми-техниканың жемісін пайдаланамыз: компьютермен жұмыс істейміз, мультимедиялы оқулықтарды оқимыз, электронды кітапханаларды қолданамыз.

_____: _____ , _____, _____ , _____.

2. Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышының құрамына сол, сонша, соншалық, сондай деген сілтеу есімдіктері қатысса, екі жай сөйлемнің арасына сызықша (—) қойылады.

Мысалы: Ғылыми-техниканың дамығаны сонша — компьютерсіз, ғаламторсыз сабақ оқу мүмкін емес.

_____ — _____ , _____, _____ , _____.

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Сөйлемдерді оқып, түсіндірмелі салалас сөйлемге тән тыныс белгілерін қой.

1. Біздің сыныпта ғылыми-техниканың соңғы жетістіктерімен жабдықталған компьютер, ғаламтор желісі, интерактивті тақта, онлайн кітапхана бар. 2. Сыныпта оқушының көптігі сонша апай бір сағатта бәріміздің сабақ сұрап үлгермейді. 3. Мен бүгінгі сабаққа дайынмын үй тапсырмасын орындадым, сөздікті жаттадым, жаттығуды орындадым. 4. Асан мейірімді бала ешкімді ренжітпейді, әрқашанда достарына көмек беруге дайын.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Робот-шаңсорғыштар қалай басқарылады?
3. Оны қалай пайдалану керек?

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

XXI ғасыр — ғылыми-техникалық, сандық және ақпараттық технология ғасыры. Ақпараттық технология — алға қойған мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістер мен заманауи техникалар.

Ақпараттық технология: электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуді, оқу барысында компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануды, ғаламторда жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануды білдіреді.

Ақпараттық технология жан-жақты болуға, сапалы білім алуға, іскер әрі талантты болып өсуге, шығармашылықпен айналысуға, еркін дамуға жол ашады. Білім беруді ақпараттандырудың басты құралы — компьютер. Қазір көптеген электрондық, мультимедиалық оқулықтар бар. Олар ақпараттық технологияның жетістігі. Біз мультимедиалық, электрондық оқулықтарды да пайдаланамыз. Ақпараттық технология барлық сабақта қолданылады.

Ақпараттық технологияның арқасында түрлі мамандықтар пайда болды. Заманауи ақпараттық технология мамандықтарына байланысты «кибернетика», «автоматика», «информатика», «нанотехнология», «жасанды интеллект» және т.б. ұғымдар пайда болды.

Нанотехнология дегеніміз — көзге көрінбейтін өте ұсақ бөлшектерді ретке келтіріп, оның ерекшеліктерін алдын ала белгілеу. Кибернетика (грекше kybernetike — «басқару өнері», ағылшынша cybernetics) — басқару жүйелеріндегі ақпаратты алу, сақтап өңдеу заңдылықтары туралы ғылым. Билл Гейтс — әлемге атақты ақпараттық технология мамандарының бірі. Ол — бағдарламалық қамсыздандыру саласының әлемдік көшбасшысы саналатын «Microsoft Corporation» компаниясының негізін қалаушы.

(«Мектеп» педагогикалық журналы)

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер. Мәтіннен түсінгеніңді баянда.

1. Ақпараттық технология дегеніміз не?
2. Ақпараттық технологияның маңызы неде?
3. Ақпараттық технологияның қандай түрлері бар?
4. Кибернетика, нанотехнология дегенді қалай түсінесің?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Ақпараттық технологиялар неге жол ашатынын, адамға қандай мүмкіндік беретінін мәтіннен тауып, оқы. Өзіңе қандай мүмкіндік беретінін айтып, ойды жалғастыр.

Үлгі:
1. *Ақпараттық технологиялар менің дамуыма жол ашты: ғаламторды пайдаланып, көркем әдеби шығармаларды оқимын, ...*
2. *Ақпараттық технологиялар маған үлкен мүмкіндік тудырады: шетелде оқитын ағаммен (әпкеммен) тегін сөйлесемін, ...*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Сөйлемдерге қысқа және толық жауап беретіндей сұрақ қой.

Ақпараттық технология — ақпараттық нарықта алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер. Білім беруді ақпараттандырудың басты құралы — компьютер.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қосымшалардың тиістісін қойып жаз.

Ақпарат... *(-дық, -тік, -тық)* технология электрондық есептеуіш техникасы... *(-нан, -мен, бен)* жұмыс істеуді, оқу барысында компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдану... *(-ды, -ға, -ге)*, ғаламторда жұмыс істеуді, компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануды білдіреді. Ақпараттық технология жан-жақты болу... *(-ға, -ге, -ке)*, сапалы білім алу... *(-ге, -ға, -ке)*, іскер әрі талантты болып өсуге, шығармашылықпен айналысуға, еркін дамуға жол ашады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Ұсынылған тақырыптардың ішінен өздерің қалаған біреуіне диалог құрыңдар.

1. Компьютермен жұмыс жасау зиян
2. Нанотехнологиялардың даму қарқыны
3. Электронды оқулықтардың пайдасы бар ма?

ЖАЗЫЛЫМ



10 **-тапсырма.**
«Компьютердің пайдасы көп» деген тақырыпқа келісу-келіспеу эссесін жаз.

Кіріспе: компьютерге сипаттама бер. Оны не үшін қолданатыныңды айт.

Негізгі бөлім: Компьютердің пайдасы көп деген пікірмен келісетініңді, келіспейтініңді айт. Келіссең, компьютердің пайдалы жақтарын айт. Жай ғана айтып қоймай, өз тәжірибеңмен дәлелде.

Келесі абзацта компьютердің зиянды жағын айт. Ол ойыңды да дәлелде.

Қорытынды: ойыңды тұжырымда.

ЕСТЕ САҚТА!

Ақпараттық технология компьютерді пайдалануды, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануды, ғаламторда жұмыс істеуді білдіреді.

Келешек-Горизонт

Көшпелі көрме

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жаңаша, нәтиже, келіссөз, ұсыныс, жақсарту, жаңғырту, үрдіс, біршама

АЙТЫЛЫМ

1 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен көшпелі көрме деген сөзді қалай түсінесің?
2. Қандай көрмелерге бардың?
3. Бүкіләлемдік көшпелі көрме туралы не білесің?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Сөйлемдерді оқып, түсіндірмелі салалас сөйлемге тән тыныс белгілерін қой. Себебін түсіндір.

1. Демалыс күні көрме ұйымдастырылады ғылым мен техниканың жетістіктері, жас ғалымдардың жаңаша зерттеулері қойылады. 2. Қазақ тілі сабағында көп жұмыс жасайтынымыз сонша жаңа сөздермен танысамыз, жаттығулар орындаймыз, нәтижесінде жаңа сөздерді қолданамыз. 3. Біздің сыныпта жақсы үрдіс қалыптасқан оқушылар бір-біріне көмектеседі, түсіндіреді, бірлесіп жұмыс істейді. 4. Ұялы телефоннан шаршағаным соншалық ешкімге қоңырау шалғым келмейді.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

EXPO жайында не білеміз?

EXPO — бүкіләлемдік бірегей көшпелі көрме. EXPO — дүниежүзілік экономикалық форумдар, әлемдік деңгейдегі жарыстар секілді үлкен оқиға. Ол 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған.

EXPO халықаралық көрмесі жыл өткен сайын дүниежүзіне танылып келеді. Көрмеге дүниежүзіндегі ғылым мен техниканың жетістіктері қойылады. Көрме қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндік береді.

Көркем Горизонт

Сондай-ақ көрме — жаңаша идеяларға, нәтижелерге, келіссөздерге, ұсыныстарға жол ашатын алаң.

EXPO көрмесін миллиондаған турист тамашалайды. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды. Еліміз EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді.

Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі мақсат — мемлекеттің имиджін жақсарту, әлемдік нарықта бәсекеге бейімді мемлекет құру, елімізге туристерді тарту.

Көрме ауқымды жобалар мен ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит энергиясының көздері мен жаңа технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол елімізде өндірістің және ғылыми-технологияның дамуына жол ашады. Ел экономикасын дамытып, мемлекеттің беделін арттыра түседі. EXPO өткізу елімізде өнертапқыштық үрдісті біршама дамытты.

(«Ortaliq Qazaqstan» газетінен іріктеліп алынған)

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс/бұрыстығын тексер.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
EXPO — сурет көрмесі.		
EXPO Лондонда өткен көрмеден бастау алған.		
Көрмеде инновациялық идеялар жарыққа шығады.		
Көрмені мыңдаған халық тамашалайды.		
Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды.		
2005 жылдан бастап Қазақстан EXPO көрмелеріне қатысып келеді.		
Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі мақсат — әлемдік нарықта бәсекеге бейімді мемлекет құру.		

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
3-тапсырмадағы мәтінді пайдаланып, көп нүктенің орнын толтыр.

1. EXPO — бүкіләлемдік бірегей ... көрме.
2. Ол 1851 жылы Лондонда өткен ... Бүкіләлемдік ... көрмесінен бастау алған.
3. EXPO көрмесін миллиондаған ... тамашалайды.
4. Қазақстан ... жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше болды.
5. Көшпелі көрмені өткізудегі негізгі ... — мемлекеттің имиджін қалыптастыру, ... нарықта ... ... мемлекет құру.
6. Көрме мемлекеттің ... арттыра түседі.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінге сүйеніп, өзің көрген немесе барғың келетін көрме жайында айт. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай көрмеде болдың?
2. Көрменің қандай түрлерін білесің?
3. Көрмеден бір нәрсе сатып алдың ба?
4. Көрменің саған тигізген пайдасы бар ма?
5. Қандай көрмені тамашалағың келеді?
6. Ол көрме қай қалада орналасқан?
7. Сен үшін ол көрменің маңызы қандай?

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Диалогті толықтыр.

— EXPO көрмесі дегеніміз не?
— ... .
— Ол қалай өтеді?
— ... .
— Ол қашан пайда болды?
— ... .
— Оған кімдер қатысады?
— ... .
— Ол қай қалада болады?
— ... .
— Халықаралық көрме бюросына Қазақстан елі кіре ме?
— ... .
— Көрменің елге тигізер пайдасы қандай?
— ... .
— Көрмеде қандай мәселелер қозғалады?
— ... .
— Қазақстанда көрме өте ме?
— ... .

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Қарама-қарсы екі көзқарасты талдау. Берілген екі идеяның бірін қолдау/қолдамау себебін айт. Өз пікіріңді талдап, ойды жалғастыр.

1. Бірінші пікір: Елімізде EXPO көрмесін өткізу керек.
Үлгі: Мен бұл идеяны қолдаймын. Себебі EXPO жаңа технологияның дамуына жол ашады.
2. Екінші пікір: Елімізде EXPO көрмесін өткізу қажет емес.
Үлгі: Мен бұл идеяны қолдамаймын. Себебі EXPO өткізу үшін көп қаражат керек.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Сынып екі топқа бөлінсін. Бірінші топ — өнертапқыштар. Олар өз ұсыныстарын ортаға салсын. Екінші топ бірінші топтың ұсынған идеяларын талдап, EXPO көрмесіне қатысуға лайықтыларын анықтасын.

ЕСТЕ САҚТА!

EXPO — бүкіләлемдік біреgей көшпелі көрме. Көрме барысында жаңа идеяларға жол ашылады. Көрме мемлекетіміздің беделін арттыра түседі.

Өнертапқыштар

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

өнертапқыш, ерекшеленеді, жасанды, құрылғы, негізде, талдау, қаржы, құндылық, кейінгі

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Суретке қара. Екі суретті салыстыр. Сұраққа жауап бер.

1. Суретте қандай көрмелер бейнеленген?
2. Көрмеге қандай заттар қойылған?
3. Сен бұл көрмелердің қайсысында болдың?
4. Болашақта қандай көрме ұйымдастырар едің?





АЙТЫЛЫМ


2 -тапсырма.
Суретте берілген заттар туралы не білесің? Әңгімелеп айт.



робот шаңсорғыш



жасанды интеллект



ұялы телефон

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіннің кейіпкері кім?
2. Академик туралы не білесің?
3. Асқар Жұмаділдаев қайда білім алған?
4. Ғалым қандай елдерде қызмет жасаған?
5. Егер сен атақты ғалым болсаң, не істер едің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Мақал-мәтелді оқып, түсінгеніңді айт. Мақалдарды жатта.

- Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта.
- Армансыз адам алысқа бармас.
- Әркім қолда барын ұсынады.
- Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер.
- Ұлық болсаң, кішік бол.


МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 **-тапсырма.**
Мәтінді оқы. Әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты сөздерді тап, мағынасын түсіндір.

Өнертапқыштар

Өнертапқыш — ғылыммен айналысатын, ғылыми ізденіс жасайтын, ерекше ойлар мен түрлі жобаларды іске асыратын адам. Олар басқа адамдардан қабілетімен **ерекшеленеді**. Өнертапқыштар өздері жасаған құрылғыларды **көпшілікке таныстыра отырып, ғылыми негіздейді**. Осылайша мемлекетке қаржы әкеледі, экономиканы дамытады.



Қазір Қазақстанда өнертапқыштар көбейіп келеді. Өнертапқыш Серікбол Шәймардан электронды бесік ойлап тапты. Электронды бесік бала жыласа, өздігінен тербеледі. Бесік жырын айтады. Бала тоңса, не ыстығы көтерілсе, түрлі дыбыс шығарады. Smart Бесік — ата-ананың көмекшісі.

Өнертапқыш Мақсат Кәдірхан электронды киіз үй ойлап тапты. Электронды киіз үй күннен қуат алады. Шаңырақта орнатылған арнайы **құрылғы** арқылы күн сәулесінен қуат алып, аккумуляторды қуаттайды. Аккумулятордың қуаты бір аптаға жетеді. Сөйтіп алыста отырып-ақ жарық пен жылуға ие боласыз.

Өнертапқыштар Абзал Қадырбаев пен Бауыржан Сейтенов қазақша «сөйлейтін» қалам жасап шығарды. Өнертапқыштардың айтуынша, «Зерек» атты бұл қалам 2-7 жас аралығындағы балаларға әріп пен сан үйретуге арналған. Өнертапқыштар — мемлекеттің ең үлкен **құндылығы**, өзінен **кейінгі** жастарға үлгі болады.

Қазір өнертапқыш ғалымдар компьютерлік технологияның жаңа түрін ойлап тапты. Ол **жасанды** интеллект деп аталады. Бұл технология мәшинелер мен компьютерлерге адам сияқты жұмыс жасауға көмектеседі: компьютерге сұрақты түсінуге, жауап беруге, суреттерді тануға, тіпті шахмат ойнауға көметеседі. Жасанды интеллект адам жасайтын тапсырмаларды орындайды: адам секілді ойлайды, оқытады, үйретеді, ойын ойнатады, ақпаратты талдайды, мәселелерді шешеді, негіздейді.

Жасанды интеллектіні біз күнделікті қолданамыз. Сұрақ қойғанда, жауап беретін Сири (Siri) мен музыка қосатын Алиса (Alexa) секілді көмекші құрылғыларды да пайдаланамыз.

(Баспасөз материалдарынан)

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді оқып, кестені толтыр. Өнертапқыштардың аты-жөнін анықтап, не жасап шығарғанын жаз.

№	Өнертапқыштың аты жөні	Жасап шығарған заты
1		
2		
3		

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Бос орындарға қажетті сөздерді жазып, сөйлемді толықтыр.

1. Өнертапқыш адам қабілетімен ... . 2. Олар жаңа технологияларды пайдаланып, адам өмірін ... құрылғылар жасайды. 3. ... идеялар айтады. Ол ... адамдар басқа мемлекеттер сатып алады. 4. Осылайша елге ... әкеледі. 5. Өнертапқыш ғалымдар ... интеллекті ойлап тапты. 6. Ол да ... өмірін жақсартады.

Қажетті сөздер: *ерекшеленеді, құнды, жақсартатын, құрылғыларды, жасанды, адам, қаржы.*

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Өнертапқыш деп кімді айтамыз?
2. Олардың қандай ерекшелігі бар?
3. Мақсат Кәдірханды өнертапқыш деп атай аламыз ба? Неге?
4. Электронды киіз үйдің тиімділігі қандай?
5. «Зерек» қаламын кім ойлап тапты?
6. Қаламның ерекшелігі неде?
7. Мәтінде берілген өнертапқыштардан басқа қандай өнертапқыштарды білесің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.
Дұрыс нұсқаны таңда.

1. Өнертапқыш — ...
а) ғылыми ізденіс жасаушы адам
ә) ғылыми жоба жасаушы адам

2. Өнертапқыш ұтқырлығымен ...
а) ерекшеленеді
ә) көрінбейді

3. Өнертапқыштар ...
а) ұтымды әңгіме ұсынады
ә) ұтымды жоба айтады

4. Мақсат Кәдірхан ... .
а) электронды киіз үй ойлап тапты
ә) электронды кітап ойлап тапты

5. Электронды киіз үй ... .
а) күннен қуат алады
ә) токтан қуат алады

6. Серікбол Шәймардан ... .
а) электронды төсек ойлап тапты
ә) электронды бесік ойлап тапты

7. Абзал Қадырбаев, Бауыржан Сейтенов ... .
а) «қазақша сөйлейтін» қалам жасап шықты
ә) «орысша сөйлейтін» сызғыш жасап шықты

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.
Түсіндірмелі салалас сөйлемдерді тауып, дәптерге жаз. Дәлелде.

1. Өнертапқыштардың ерекшелігі сонша — ғылыммен айналысады, ізденеді, зерттейді, жаңа иедяларды ойлап табады. 2. Олар тыным таппайды: жасанды құрылғыларды талдайды, оны негіздейді, оларды іске қосады. 3. М. Қадірхан киіз үй формасындағы жарық таратқыш жасаған. 4. Өнертапқыштар мемлекетке көп көмек жасайды: экономиканы дамытуға көмектеседі, елге қаржы тартуға үлес қосады. 5. Ол электронды киіз үй жылу да береді.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.
Берілген мақалды қалай түсінесің? Мақалды мәтінмен байланыстыруға бола ма? Ойыңды айт.

Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

Мұхтар Әуезов

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Көршіңмен бірге диалогті толықтыр.

— Сен көрмеге бардың ба?
— ...
— Ол көрмеде не ұнады?
— ...
— Жас өнерпаздардың жобалары туралы не білесің?
— ...
— Саған қай жоба ұнады?
— ...
— Өнертапқыш болғың келе ме?
— ...
— Өзің қандай жобаны ұсынар едің?
— ...



АЙТЫЛЫМ

13 **-тапсырма.**
Қалай ойлайсың, 5-тапсырмада өнертапқыштар туралы ақпарат не үшін берілді? Өнертапқыштар туралы білген соң қандай қорытынды жасадың?

АЙТЫЛЫМ

14 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаятты шеш. Сен — өнертапқышсың. Қандай зат ойлап табар едің? Адамдарға ол зат қандай пайда тигізер еді? Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдалан.

Ашқым келеді, тапқым келеді, көрсеткім келді, жинасақ игі еді, барсақ игі еді, көр, таңда.



ЕСТЕ САҚТА!

Өнертапқыштар — ерекше ойлар мен түрлі жобаларды іске асырған ізденімпаздар. Өнертапқыштар өз жобаларын ұсынады. Біздің елде жас өнертапқыш көп.

Майкл Х. Харт. Альберт Эйнштейн

7—8 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

өнертабыс, қарқынды, тереңдету, дәлдік, салыстырмалы, күрделендіру, икемсіз, қару

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қай пәндерді жақсы көресің?
2. Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді?
3. Альберт Эйнштейн жайлы естуің бар ма?
4. А. Эйнштейн қандай ғалым?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ


2 -тапсырма.
Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде кім туралы айтылған?
2. Мәтіннің кейпкері туралы басқа ақпарат қоса аласың ба?
3. М. Харт немен шұғылданған?
4. Қандай кітап жазған?
5. Оның жазған кітабы не туралы?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқы.



Альберт Эйнштейн 1879 жылдың 14 наурызында кедей еврей отбасында дүниеге келген. Алғаш рет Мюнхендегі католик шіркеуінде білім алған. Шіркеуде діни білім алған. Кейін ғылыми кітаптарды тереңдетіп оқып, ғылым жолын таңдайды. Гимназияда оқыған кезде, мұғалімдер Альбертті қиын оқушы деп ойлаған. Ол математика мен латын тілі пәнінен басқа сабақтарға дұрыс көңіл бөлмеген. Эйнштейннің басты өнертабысы — «Салыстырмалылық теориясы».

Ғалым «Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын ашты және физика ғылымында қарқынды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сол еңбектері үшін А. Эйнштейн 1921 жылы 42 жасында Нобель сыйлығын алды.

Эйнштейн фашизмге қарсы шыққан. 1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде, Америкаға көшеді. Ұлы ғалым ядролық қару жасауға ашық қарсы болған. 1939 жылы Америка президенті Рузвельтке хат жазады. Хатта ядролық қарудың қауіпті екенін ескерткен.

Осындай ұлы адам өмірде аса жаңғалақ, ұмытшақ болған. Бір күні ол өзі оқыған кітаптың арасынан мың доллардың чегін тауып алады. Мұндай ақшасының бар-жоғы, қайда қалғанын да білмейді екен. Күнделікті тіршілікте икемсіз, өте қанағатшыл адам болған. Ол өзінің мекенжайын керек кезінде есіне түсіре алмай қалады екен. Эйнштейн 22 жыл еңбек еткен.

М. Харт

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Жаңа сөздерді мағынасына қарай сәйкес келетін сөздермен тіркестір.

Көңіл бөлмеген	Қарсы болған	Құпия сақтаған	Ескерткен
басқа пәндерге ақшаға далаға діни түсініктерден өзінің киіміне дұрыс тамақтануға	фашизмге киім киюге ядролық қаруға шашын тарауға өтірік айтуға үй салғанда	ұлы жаңалықты баланың атын өзінің мекенжайын сырын дәріс оқу қолжазбаны	қауіпті ие болғанын зардабын батылдықты фашизм қаупін қорқынышпен

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Берілген сөздердің мағынасын түсіндірме сөздік арқылы анықта. Осы сөздерді қатыстырып түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем құрастыр.

Жаңғалақ, ұмытшақ, икемсіз, қанағатшыл.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Үлгі: *басқа сабақтарға дұрыс көңіл бөлмеген, басқа сабақтарды оқымаған, ...*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. Альберт Эйнштейн 1879 жылдың 14 наурызында кедей еврей отбасында дүниеге келген.
2. Алғаш рет Мюнхендегі католик шіркеуінде білім алған жоқ.
3. Шіркеуде діни түсініктерді оқытса да, ғылым жолына бет бұрған.
4. Гимназияда оқып жүрген кезде, Альберт қиын оқушылар қатарына жатқызылады.
5. Ол математика мен латын тілі пәнінен басқа сабақтарға дұрыс көңіл бөледі.
6. Эйнштейннің басты еңбегі — «Салыстырмалылық теориясы» емес.
7. «Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын анықтаған.
8. Фитохимия заңдарын ашқаны үшін А. Эйнштейн 1921 жылы 42 жасында Нобель сыйлығына ие болған.
9. Эйнштейн фашизмге қарсы шыққан.
10. 1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде, Америкаға қоныс аударған жоқ.
11. Ұлы ғалым ядролық қару жасауға ашық қарсы болған жоқ.
12. 1939 жылы Рузвельтке хат жазып, ядролық жарылыстың қауіпті екенін ескерткен.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.
Дұрыс жауабын таңда.

1. Альберт Эйнштейн ... .
а) 1897 жылы туды
ә) 1879 жылы туды

2. Ол дүниеге ... келді
а) неміс отбасында
ә) еврей отбасында

3. Альберт мектепте ... .
а) қиын оқушы болған
ә) момын оқушы болған

4. Эйнштейннің басты еңбегі — ... .
а) «Салыстырмалылық теориясы»
ә) Тартылыс заңы

5. Эйнштейн ... .
а) терапия заңын ашты
ә) фотохимия заңын ашты

6. А. Эйнштейн 42 жасында ... .
а) Сахаров сыйлығын алды
ә) Нобель сыйлығын алды

7. Эйнштейн фашизмге ... .
а) қарсы шыққан
ә) жақтаған

8. 1933 жылы ... .
а) Америкаға көшіп кеткен.
ә) Еуропаға көшіп кеткен.

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Сұрақтарға жауап бер.

1. Альберт қай пәндерді жақсы көрген?
2. Альберт қандай отбасында дүниеге келген?
3. Оның ең басты еңбегі қалай аталған?
4. Қай жылы Нобель сыйлығын алған?
5. Ол өмірде қандай адам болған?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

Қажетті сөздер: көңіл бөлмеген, қиын, иеленген, қарсы шыққан, қоныс аударған, зерттеу жұмыстары, қарсы болған.

Гимназияда оқыған кезде Альберт ... оқушылар қатарына жатқызылған.

Ол математика мен латын тілі пәнінен басқа сабақтарға дұрыс ... . Фотохимия заңдарын ашқаны және теориялық физика саласындағы ... үшін А. Эйнштейн 42 жасында Нобель сыйлығын ... . Эйнштейн фашизмге ... . 1933 жылы Германияны фашистер билеген кезде, Америкаға ... . Ғалым ядролық қару жасауға ашық ... .

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
Сен қандай пәндерді жақсы көріп оқисың? Қандай пәндерді оқуға жеткілікті көңіл бөлмейсің? Қалай ойлайсың, оның себептері не? Ойынды талдап, сыныппен бөліс.

АЙТЫЛЫМ

12 **-тапсырма.**
Сен бір нәрсені ұмытқан кезің болды ма және қаншалықты жиі болады? Ұмытудың себебі бар ма?

АЙТЫЛЫМ

ƒ 13 **-тапсырма.**
«Интервью» рөлдік ойыны. Оқушы мен Х. Харттың 9—10 үнқатымнан тұратын сұхбатын жүргізіңдер.

ЕСТЕ САҚТА!

«Эйнштейн заңы» атанған фотохимия заңын анықтаған. 42 жасында Нобель сыйлығына ие болған. Ол өмірде жаңғалақ, ұмытшақ, қанағатшыл болған.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9 САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: «EXPO-2017» көшпелі көрмесіне қатысып тұрған Мақсат Кәдірханның рөлін ойнап, тілшіге ойлап тапқан электронды киіз үйің туралы сұхбат бер.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 **-тапсырма.**
Түсіндірмелі салалас сөйлемдерді анықта. Жасалу жолын түсіндір.

1. Эйнштейннің мектепте тәртібі нашар болғаны сонша — үнемі сынып жиналысына салынатын болған. 2. Ол Германиядан Америкаға көшкен. 3. Ғалымның жұмысының маңызы сондай — Нобель сыйлығын берген. 4. Эйнштейн үлкен екі ғылыми жаңалықтың иесі: «Салыстырмалылық теориясы», «Эйнштейн заңы» деген фотохимия заңын ашқан. 5. Ол өмірде ұмытшақ, икемсіз, қанағатшыл адам болған.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 **-тапсырма.**
Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Түсіндірмелі салалас сөйлемдерді анықта. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.

Жасанды интеллектіні көп қолданатыным сонша – қазақ тілінен, математикадан үй тапсырмасын орындағанда пайдаланамын. Бірақ үнемі есте сақтау керек: компьютерден дайын нәрсені көшіруге болмайды, тек үлгі ретінде пайдалануға болады. Оны бізге апай үнемі айтады.

Жасанды интеллектіні мектепте де қолдануға болады: мұғалімге оқушының тапсырмасын тексеруге көмектесе алады, қажет ақпаратты тез тауып береді. Жасанды интеллект оқуды қызықты етеді, адамның өмірін жақсартады, жеңілдетеді. Бір сөзбен айтқанда, жасанды интеллект — біздің көмекшіміз. Ал сен жасанды интеллектіні пайдаланасың ба?

Сұрақтар:

1. Сен жасанды интеллектіні пайдаланасың ба?
2. Егер пайдалансаң, қай кезде пайдаланасың?
3. Жасанды интеллект бізге көмекші деген оймен келісесің бе? Келіссең де, келіспесең де ойыңды дәлелде.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Жұптық жұмыс. «Алисамен сұхбат» ойыны. Бір оқушы — Алиса қондырғысы, екінші оқушы — Алисаны дүкеннен сатып алған адам. Сұхбатты жазбаша дайындаңдар. Сұхбатта қаратпа сөздерді қолдан. Тыныс белгісін түсіндір.

1. Алисамен таныс.
2. Қазақ тілін қаншалықты білетінін;
3. Алисадан қазақ тілінде қандай әндер білетінін;
4. Қандай әндерді жақсы көретінін;
5. Бүгінгі жаңалықтарды;
6. Бүгінгі ауа райын;
7. Далаға қандай киім киіп шығу керегін сұра және сұхбатты жалғастыр.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Академик А. Жұмаділдаев туралы ақпарат жина. Тұсаукесер дайында. Сыныпқа таныстыр.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
«Сири не жасай алады?» тақырыбында мәтін құрастыр:

1. Сиридің телефонда не жасай алатынын анықта. Оны ауызша баянда.
2. Өзің Сириді қай кезде қолданатыныңды, не сұрайтыныңды айт.
3. Болашақта Сириден қандай қызмет түрін көргің келетінін ойланып айт.
4. Үлгіні пайдалан.

Үлгі:
- Құрылғыны (телефонды) басқару;
- Телефон байланысын басқару;
- Телефонға кіріктірілген қызметтерді қолдану;
- Ғаламтормен жұмыс;
- Өмірдегі түрлі жағдайларға қатысты кеңес алу;
- Болашақта көрсететін қызметі.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Топтық жұмыс. Бірінші топ — «Алиса», екінші топ — «Сири». Әр топ берілген тақырыптар бойынша 5 сұрақтан дайындаңдар. Ретпен бір-біріңе қойып, жауап беріңдер. Қай топ дұрыс әрі толық жауап берсе, сол топ жеңімпаз болады.

Тақырыптар:
1. ЭКСПО — көшпелі көрме.
2. Жаңа технология, өнертапқыштар.
3. Жасанды интеллекті.
4. Асқар Жұмаділдаев, Альберт Эйнштейн.

БАТЫР ТУСА — ЕЛ ЫРЫСЫ

Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» (үзінді)

1—2 САБАҚ

Батыр туса — ел ырысы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жігіт, қайсар, сүйіспеншілік, ер, ару, ырыс, арқасында, лайықты

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлы Отан соғысы туралы естідің бе? Ол қай жылы басталды?
2. Сен Ұлы Отан соғысының қандай батырларын білесің?
3. Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған батырды білесің бе?
4. Батыр жазушылар туралы не білесің?

ЕСКЕ ТҮСІР!

Салалас құрмалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулық шылаулар:
1) да, де, та, те, әрі, және деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар;
2) бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар.

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Суреттерге қарап, берілген сөздерден құрмалас сөйлемдер құра.





Қажетті сөздер:
батыр, ерлік жасаған, жазушы, ұшқыш, жігіт, және, бірақ, әрі, ырыс, лайықты, арқасында, Ұлы Отан соғысы, қайсар қыз, қатысқан, құттықтау, Жеңіс күні.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3 **-тапсырма.**
Мәтінді тыңда. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Ұлы Отан соғысы жылдары қандай қасиеттер ерекше көрініс тапты?
а) Қайсарлық пен батырлық
ә) Қорқақтық пен жалқаулық
б) Тыныштық пен бейбітшілік
в) Еңбекқорлық пен сабырлылық
2. Бауыржан Момышұлының ерлігі туралы не айтылған?
а) Ол көркем шығармалар жазған
ә) Ол батылдық пен ақылдылық танытқан
б) Ол халықты бейбітшілікке шақырған
в) Ол тек тылда жұмыс істеген
3. Мәтіндегі «сүйіспеншілік» сөзі кімдерге байланысты айтылған?
а) Елге, халыққа
ә) Жауынгерлерге
б) Отбасы мүшелеріне
в) Батыр қыздарға
4. Ержүрек аруларымыздың арқасында елімізде не орнады?
а) Достық пен мейірімділік
ә) Ырыс пен тыныштық
б) Байлық пен молшылық
в) Ерлік пен батырлық
5. Бүгінгі ұрпақтың батырларға деген міндеті қалай көрсетілген?
а) Олар туралы ұмыту
ә) Олардың есімдерін жасыру
б) Жаңа соғыстар ұйымдастыру
в) Ерліктерін құрметтеп, өнеге алу

ЖАЗЫЛЫМ

4 **-тапсырма.**
Тыңдалған мәтін бойынша жаңа сөздерді қолданып, бос орындарға жаз.

Ұлы Отан соғысы жылдары халқымыздың ... мінезі ерекше көрінді. Әрбір ... азамат Отанын қорғауы керек. Соғысқа қатысқан қазақтың ... қыздары да ерекше құрметке ... . Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовадай батыр қыздарымыз өз Отанына деген ... танытты. Олар еліміздің ... болашағы үшін күресті. Бұл ержүрек арулардың ... елімізде ... пен тыныштық орнады.

Бүгінгі ұрпақ үшін Ұлы Отан соғысы батырларының ерлігі — мәңгілік өнеге.

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Мәтінді оқы.



Ұлы Отан **соғысының** аяқталғанына 80 жыл болады. Елдің азаттығы үшін мыңдаған жігіттер мен арулар майданға аттанып, өз ерліктерімен тарихта мәңгілік қалды.

Соғыс **жылдары** қазақ халқы Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлесіміз қатысып, 97 жауынгер қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көптеген батырлар. Сонымен қатар қазақстандық 310, 314-**атқыштар дивизияларының** жауынгерлері де ерлікпен шайқасты. Бейсекбаев Бақтыораз — әуе атқышы, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Ресей Федерациясының Батыры. Ол 1941 жылы 26 маусымда отқа оранған **ұшақты** жау танкілері мен қару-жарақ қоймасына бағыттап, ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. 18 жастағы Жәнібек Елеусізов — Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жігіті. 1945 жылы **Рейхстагқа** ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев 1999 жылы «Халық Қаһарманы» атағын алды. Жанқиярлық шайқастарда аталарымыз бен әкелеріміз ерлік жасап, Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктерін көрсетті. Бұл — Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі.

(Әдебиет порталынан)





ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтінді және қосымша мәліметтерді пайдаланып, берілген кестені толтыр. Мәтінде көтерілген мәселеге қатысты өз ойыңды айт.

Аты-жөні	Өмір сүрген жылдары	Туған жерлері, оқыған оқу орындары	Ерліктері
Рақымжан Қошқарбаев			
Талғат Бигелдинов			
Әлия Молдағұлова			
Мәншүк Мәметова			
Бақтыораз Бейсекбаев			

АЙТЫЛЫМ

7 **-тапсырма.**
Мәтін мазмұны бойынша 7 сұрақ жаз. Парталас досың екеуің сұрақтар алмастырып, жауап беріңдер.

АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
«Батыр туса — ел ырысы» деген нақыл бойынша ой бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздермен ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

10 **-жағдаяттық тапсырма.**
Жағдаят: сен Ұлы Отан соғысы туралы киноның жарнамасын көрдің. Саған өте ұнады. Сен досыңмен барғың келеді. Досыңа телефон шалып, киноға баруға келіс.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11 **-тапсырма.**
«Ұлы Отан соғысының батырлары» тақырыбы бойынша диалог құрыңдар.



ЕСТЕ САҚТА!

Жанқиярлық шайқастарда аталарымыз бен әкелеріміз ерліктерімен Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктерін көрсетті. 97 қазақ жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Қағидат-Полиграф ОНТ

Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат кен аңыз»

3—4 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

ақиқат, бейбіт, өлу, жүректі, даңқты, қайырымды, із, кез

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
«Дидактикалық бәйге». Сұрақтарға жылдам жауап бер.

1. Биыл Ұлы Жеңіске неше жыл болады?
2. Кімдердің батырлығы мәңгі есімізде қалмақ?
3. Соғысқа қанша жерлесіміз қатысты?
4. Қанша қазақ жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағын алды?
5. Өзің білетін Кеңес Одағының батырларын ата.
6. Бауыржан Момышұлы кім?
7. Талғат Бигелдинов Кеңес Одағының Батыры атағын неше мәрте алды?
8. Мәншүк Мәметова қандай ерлік көрсетті?
9. Әлия Молдағұлова қайда тәрбиеленді?
10. Бақтыораз Бейсекбаев қандай ерлік жасады?
11. Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жауынгерін ата.
12. Шамамен қанша ақын-жазушы соғысқа қатынасқан?
13. Рақымжан Қошқарбаев қай жылы «Халық Қаһарманы» атағын алды?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажетті сөзді қойып жаз.

Хиуаз Доспанова ұшқыштық өмір жолын соғыстың ... (алдында, кейін, қатар) Оралдың аэроклубынан бастайды. Кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің ... (үсті, асты, құрамында) болады. Ол 300-ден астам әуе шайқасына қатысқан, сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі ... (жанында, үшін, артында) «Қанатты қыз» атанған еді. Соғыстан (кейін, дейін, ішінде) лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға 2004 жылы Елбасының Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілген болатын.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Әзілхан Нұршайықов қай жылы туған?
2. Жазушы қайда білім алған?
3. Жазушы қандай қызметтер атқарған?
4. Жазушының Ұлы Отан соғысына байланысты жазылған қандай шығармасын білесің?
5. Ол өзінің туындыларымен жас ұрпаққа қандай тәрбие беруді мақсат етті?
6. Әзілхан Нұршайықов қандай соғысқа қатысқан?

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Суреттерге сәйкес сөйлемдерді ретімен тауып жаз.

1)



2)



3)



5)



4)



6)



Ол Семейдегі Абай атындағы Педагогикалық институтта оқыды. Өлеңдері мен очерктері, публицистикалық мақалалары республикалық баспасөзде, соғыс жылдарындағы майдан газеттерінде жарияланып тұрған. М. Шолоховтың «Адам тағдыры» атты туындысын қазақ тіліне аударды. Ә. Нұршайықов II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын мұғалім болып бастаған. Оның «Махаббат, қызық мол жылдар» атты кітабы басылып шықты.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма.
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы қаһармандық рухтағы шығармалардың бірі. Бұл шығармада Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасы ашылады. Жазушы Бауыржанның жастық шағынан бастап, Ұлы Отан соғысы жылдары кезеңі, бейбіт өмірге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілермен баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогіне құрылған. **Шығарманың бас кейіпкері** Бауыржан Момышұлы — Кеңес Одағының Батыры, жазушы. Ол Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег, тактик болған. Шығармада Бауыржан өз айтқанынан қайтпайтын, өр мінезді кісі болғанын

көрсетеді. Ол жас кезінен әкесінің сөздерін жадында сақтап өскен. Өлсе де өтірік айтпайтын, жамандық ойламайтын ақжүрек, қайырымды кісі болған.

Міне, өмірге осындай тамаша туынды әкелген Әзілхан Нұршайықов — әлем әдебиетінде із қалдырған алып тұлға.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

қаһармандық рухтағы	жылдары
азаматтық тұлғасы	соғыстың
Ұлы Отан соғысы	батыры, жазушы
кейіпкердің диалогіне	алып тұлға
Кеңес Одағының	жадында сақтап
Екінші дүниежүзілік	ашылады
өр мінезді, ақжүрек	шығармаларының бірі
әкесінің сөздерін	кісі болған
әлем әдебиетіндегі	құрылған

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Әзілхан Нұршайықов 1922 жылдың 15 желтоқсанында туған.		
Ол Алматы облысында дүниеге келген.		
Семейдегі Мұхтар Әуезов атындағы Педагогикалық институтта оқыды.		
Ол — Ұлы Отан соғысына қатыспаған жазушы.		
Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын дәрігерліктен бастаған.		
Көп жылдар Қазақстан Жазушылар одағы проза кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы қызметін атқарған.		
Ол Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болған.		
Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын мұғалім ретінде бастаған.		
Оның шығармалары баспасөзде, газеттерде жарияланып тұрған.		

Ақпарат	Иә	Жоқ
Тың игерушілердің өміріне арналған алғашқы очерктер жинағы «Махаббат жыры» 1956 жылы жарық көрген.		
Әзілхан Нұршайықов II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.		
Жазушының шығармалары, негізінен, Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өмірін үлгі етуге арналған.		

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Бауыржан Момышұлының батыр болуына не себеп болды деп ойлайсың? Осы сұрақты бірнеше рет қойып, жауабын өзің айт.

Мысалы:
Неге ол батыр болды? — Себебі ол әділ және батыл еді.
Неге әділ еді? — Себебі шындықты жақсы көрді.
Неге шындықты жақсы көрді? — ... (жалғастыр).

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтін бойынша «Қосжазба» күнделігін толтырыңдар. Түсіндіріңдер.

Үзінді	Түсініктеме

АЙТЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
«Кім жылдам?» ойыны. Мұғалім ыңғайлас құрмалас салалас, қарсылықты құрмалас салаластың шылауларын атайды, мәтінмен байланысты құрмалас сөйлемдер құрастырады. Сөйлемді тез әрі дұрыс құраған оқушы жеңімпаз атанады.

Ғаламық-Горизонт

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.
«Көрнекті жазушы» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- мәтін кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құрылуы шарт;
- тақырып дәйектелуі керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды қолдана білу;
- көлемі 80-100 сөз.



ЕСТЕ САҚТА!

Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын ақын, публицист ретінде бастаған. Жазушы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жазушының шығармалары соғыс және еңбек ардагерлерінің өміріне арналған. Жазушы халыққа көркем туындылар сыйлаған.

Көкжиек Принт Офсет

Батырмен сұхбат

5—6 САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

қалыптасу, оқ, жекпе-жек, құтқарушы, қылмыс, жұту, күнбе-күн, ұқсау

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Жаңа сөздерді қолданып, берілген суреттер бойынша диалог құрастырыңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы... Орал ауданын... туған. Мәншүк... ата-анасы ерте қайтыс болып, тәтесі бауырына басады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк медицина институтын... оқиды. 1942 жылы өз еркімен майдан... аттанады. 1944 жылы 1 наурызда сержант М. Мәметова ерлікпен қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағы... Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысы 1945 жылы 9 мамырда Кеңес елінің жеңісі... аяқталды. Бұл — нағыз Ұлы Жеңіс болды. Бұл күн — Қазақстан Республикасы... да мереке күндерінің бірі.

ТЫҢДАЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Берілген сөйлемдерді мәтін мазмұны мен ретін дұрыс орналастырып көрсет.

Сөйлемдер реті
А. Бауыржан Момышұлының өмірі баршаға үлгі боларлықтай.
Ә. Әзілхан Нұршайықов Бауыржанды қарапайым халыққа ұқсатып жазған.
Б. Шығармада шындық пен әділдік дәріптеледі.
В. «Ақиқат пен аңыз» романы Бауыржан Момышұлының өмірі туралы жазылған.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
Топтық жұмыс. «Ақиқат пен аңыз» романының негізгі мазмұнын ашатын постер немесе сурет салыңыз. Постерде шығарманың атауы, негізгі тақырыптары (ерлік, әділдік, қайсарлық), жаңа сөздер және батырдың бейнесі болуы керек.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда. Мәтін бойынша жоспар құр.



Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де сап-тан шықпадым. 1942 жылы полк командирі кезімде, омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше, ес-түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдеңе деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам сөзі мен туралы екен: «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек», — деп безек қағады.

— Сонша не боп қапты? — дедім дәрігерге.

— Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, — деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. — Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен.

— Скальпелің бар ма? — дедім дәрігерге.

— Жоқ.
— Өткір бәкің бар ма?
— Жоқ.
— Ұстараның жүзі бар ма?
— Бар.
— Ендеше, соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!
— Олай етуге болмайды, жолдас капитан...
— Болады! Бұйырамын! Орындамасаң атамын! — деп, етпеттеп жатқан күйімде оң жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. «Батырға да жан керек» деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда, пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.
— Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! — деп, дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты алып, алақаныма салды.
Жарамды таңдырып алып, арқамнан алынған оқты мені санбатқа жеткізген «Блоха» деген жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім.

(«Ақиқат пен аңыз» романынан)

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 **-тапсырма.**
Сөздікке қарап, мәтіннен берілген сөздердің синонимдік қатарын тап. Сұраулы сөйлемдер құрап жаз.

Тез, жараланған, жіберуіміз, жан ұшырып, айығып, ес-түсімді, безек қағады, етпеттеп, аша бастадым, біраз уақытта, шайқас

АЙТЫЛЫМ

9 **-тапсырма.**
Мәтіннен өзің үшін маңызды деп санайтын сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10 **-тапсырма.**
Оқылым мәтініне сүйеніп, батырдың отбасына Отан қорғаушылар күніне орай құттықтау хат жаз.

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

11 **-тапсырма.**
Берілген үзіндідегі Бауыржанның әрекеті және өлең мазмұны бойынша ойталқы өткізіңдер. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бауыржан

Ақынның ақ сұңқардай жүрегі бар,
Алқындым бір көруге болып құмар.
Көктемде күркіреген күн дауысын
Жер естіп, желкілдеген гүл ынтызар.

Ойы бар бірде дауыл, бірде жалын,
Теңіздей тебіренткен терең жанын.
Алғандай бойға жиып бар қуатын,
Кешегі өзі кешкен уақиғаның.

Кейде ол көк семсерлі генералдай,
Кейде ол күй көңілді ақын жандай.
Өмірдің о шеті мен бұ шетіне
Өресі өрен ойдың таралғандай.

(Қасым Аманжолов)

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.
Екі топқа бөлініңдер. Сөздерді бөлек-бөлек қағазға жазыңдар. Қарсы топтан қағазға жазылған сөзге қанша ұпай беретінін сұраңдар. Ең көп ұпай берген ойыншыға сөзді көрсетіңдер. Ол сол сөздің аудармасын айтып, сөйлем құрауы қажет. Команда дұрыс жауап берсе, берілген ұпайлар команданың қорына көшеді. Дұрыс жауап бермесе, ұпай екінші командаға көшеді. Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.
«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ...».
Екінші сөйлем. «Себебі мен оны .... деп түсінемін».
Үшінші сөйлем. «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

ЕСТЕ САҚТА!

Әзілхан Нұршайықов — қазақ әдебиетіндегі алып тұлға. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы қаһармандық рухтағы шығармалардың бірі. Бұл шығарма Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы туралы.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

7 САБАҚ

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Мәтінді оқы. Тыңда. Тақырып қой. Сұрақтарға жауап бер.

Бауыржан бұрын Дзержинский көшесіндегі шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық кеңестен кеңірек пәтер сұрайды. Бір күні оған қалалық кеңестің қызметкері телефон соғып, «Сіздің өтінішіңіз орындалды. Келіп, кең пәтердің ордерін алыңыз», — дейді.

Бауыржан барып, бес бөлмелі пәтердің ордерін алады. Пәтерімді көрейін деп жаңа үйге барса, есік алдында мұңайып тұрған қартаң орыс әйеліне кездеседі.

— Неге мұңайып тұрсыз, шешей? — дейді ойында ештеңе жоқ Бауыржан әйелдің қасына тоқтап.

Әйел қалалық кеңестің осыдан екі бөлмелі пәтер бермек боп уәде етіп келгенін, бірақ дәл ордер берерде ол уәделерінен тайқып қалғанын айтады:

— Маған деген үйді бір үш бөлмелік пәтермен біріктіріп, бір полковникке беріпті. Қайтейін, менің де балам соғыста өліп еді. Әрине, ол солдат еді, — дейді.

Мұны естігенде, Бауыржанның түгі сыртына теуіп шыға келеді. Жирен мұрты едірейіп, электр сымының біріне-бірін жақындатқан екі ұшындай болып, шытыр-шытыр ете қалады:

— Мұңаймаңыз, шеше, қазір ордер беретін жерге барыңыз. Пәтеріңіз өзіңізге тиеді, — дейді де, Бауыржан мініп келген мәшинесіне отырып алып, қайтадан қалалық кеңеске тартады.

— Мен «Маған біреуге берілген пәтерлерді бер!» деген жоқпын! — дейді ол бағана қолына ордер ұстатқан қызметкерге келіп. — Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз! — деп, ол қолындағы ордерді қайтарып береді.

1. Бауыржан қалалық кеңестен не сұрады?
А) үлкендеу пәтер
Ә) екі қабатты үй
Б) мәшине
В) алты бөлмелі пәтер

2. Бауыржан неге ашуланды?
А) қарт ананы көргенде
Ә) кезексіз алған пәтерге
Б) ананың сөзіне
В) пәтер ұнамады

3. Батыр не істеді?
А) ананың сөзін тыңдады
Ә) қалалық кеңеске қайта барды
Б) ордерді қайтарып берді
В) барлық жауаптар дұрыс

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



2 -тапсырма.
Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Төмендегі пікірге келісесің бе, қарсысың ба?

Пікір: «Ерлік тек соғыста көрінеді».
Жауабың: «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріп, 2-3 дәлел келтір.

АЙТЫЛЫМ



4 -тапсырма.
«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген мақалды тақырып ретінде алып, екі топқа бөлініп пікірталас ұйымдастырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.
«Қосжазба» күнделігін пайдаланып, Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріне түсініктеме жаз.

Дәйексөз	Түсініктеме
Ерлік — тәрбие жемісі.	
Мықты ерік-жігер — жеңістің серігі.	
Есімі елдің жүрегінде сақталған ер ғана бақытты.	

Оқулық Горизонт

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.
«Шығарма» ойыны. Мұғалім оқушыларға таза қағаз таратып: «Маған ұнайтын батырлар» тақырыбы бойынша сұрақ қояды. Мысалы: Не? Оқушылар осы сұраққа жауап беретін бір сөзді жазып, жазғанын келесі оқушыға көрінбейтіндей етіп қағазды бүктеп, қасындағы балаға береді. Жүргізуші келесі сұрақты қояды. Мысалы: Қандай? Екінші оқушы да жауабын жазып, қағазды бүктеп, келесіге береді. Келесі сұрақ «Не істейді?» болуы мүмкін. Осылай қайталана береді. Соңында қағазда құрастырылған мәтін оқылады. Ойынның мақсаты: тақырып бойынша сөздерді қайталау, жазу, сөйлем құрау. Әр парақта түрлі мәтін құрастырылып шығуы мүмкін. Ол мұғалімнің сұрақтарды дайындауына, балалардың тақырыпты меңгеруіне байланысты.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.
Бауыржан Момышұлы мұражайлары туралы презентация дайында. Бір мұражай туралы айтып бер.





БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мен істедім дегенше,
Мың істеді десеңші.
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десеңші.
Мен мыңдікі болмасам,
Ер елдікі болмаса,
Кім істеді дер едің?

8-тақырып. ҒАЛАМТОРМЕН ДҰРЫС ЖҰМЫС ЖАСАУ МӘДЕНИЕТІ

Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді)

1-2 сабақ. Ғаламторды пайдаланамын

әлеуметтік — социальный
дәйексөз — цитата
ешқандай — никакой
санаулы — немного
ғаламтор — интернет
рұқсат — разрешение
мазмұн — содержание
мәдениетсіздік — некультурность
желі — сеть
жасанды интеллект — искусственный интеллект
ақпараттық технология — информационные технологии
көшірмеу — не копировать
пайдалану — использовать
жылдамдық — скорость
қосылу — соединение
басқа — другой

3-4 сабақ. Онлайн сөздікті пайдаланасың ба?

ажырау — отделяться, изолироваться, разлучаться, расставаться
сілтеме — ссылка
түпнұсқа — оригинал
кеңею — расширяться
қолдану — использовать
қолданушылар — пользователи
тәуелді болу — быть зависимым
нашарлайды — становится хуже
омыртқа — позвоночник
семіздік — ожирение
өшір — выключай

5-6 сабақ. Электронды кітапханадан Жюль Верн шығармасын оқыдым

шарлау — ходить, ездить, колесить, побывать всюду
қызықтыр — заинтересуй
айдарлар — заголовки, рубрики
тапсырыс — заказ
таралым — тираж
туынды — произведение
саяхат — путешествие
жесір — вдова

7-8 сабақ. «Әлемді шарлау» туралы әлемдік әңгіме

жақындату — приближаться
жөнелту — отправлять, отсылать
түйінін бірлесіп шешіңдер — решите проблему вместе
бәс — спор
кедергі — препятствие
мойымау — не унывать
артынша — после
шығармалар — произведение, творение
ой-пікір — мысли
сым — проволока
дауласу — спорить
әлемді шарлау — путешествовать по миру

9-тақырып. МУЗЫКА. ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

І. Жансүгіров «Күйші» поэмасы (үзінді)

1-2 сабақ. Маған классикалық музыка ұнайды

сырнай — гармонь, гармошка
ән-күй — музыка
елестету — воображать, представлять
сыбызғы — дудка
шаңқобыз — варган
сүйемелдеу — поддержать
әуен — мелодия
аңшылық — охотничество

3-4 сабақ. Қазақтың әншілік өнері

орындаушы — исполнитель
жүлдегер — призёр
байқау — конкурс
жасалу — сделать
мәнер — манера
айтыскер — импровизатор, айтыскер
сазды — мелодичный
талай — много
мұңды — печальный
қуаныш — радость
арнау — посвящать
дүниежүзілік — всемирный

5-6 сабақ. Күй — қазақтың жан серігі, сырласы

ырғақ — ритм
перне — лад
ішекті — струнный
шерт — играй
шертпе — наигрыш на домбре
үкі — сова
кеуде — грудь
жым-жырт — тишина

7-8 сабақ. Күй құдіреті

бөлік — часть
домалақ — круглый
мойын — шея
тиек — муз. кобылка (деревянная подставка под струны)
себепсіз — без причины
жұбату — утешать
мойымау — не унывать
үрмелі — духовой
бұрау — крутить
қиялдау — фантазировать, мечтать
сыбызғы — флейта

10-тақырып. ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ МЕН ЕГІНШІЛІК – ЕЛ БЕРЕКЕСІ

Ғ. Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді).

1-2 сабақ. Ақ бидай

құнарлы — плодородный (-ая, -ое, -ые)
егіс — поля
егістік — пашня, нива
тікенді — тернистый (-ая, -ое, -ые)

себу — сеять, засеять
диірмен — мельница
ауылшаруашылық — сельское хозяйство
құрғақшылық — засуха

3-4 сабақ. Егіннің бастары

егін — посев
егіншілік — земледелие
диқан — фермер
бидай — пшеница
диірмен — мельница
дәнді дақыл — зерно
тыңайтқыш — удобрение
көзі түсу — замечать

5-6 сабақ. Жылқы — ер қанаты

түлік — скот (всех видов)
төрт түлік мал — четыре вида домашнего скота
сіңімді — легко перевариваемый, легко усваиваемый (о пище); перен. общительный; уживчивый
өріс — пастбище
бағу — 1) пасти (скот); 2) воспитывать (детей), ухаживать за больными
байлау — связывать, привязать
жүйрік — быстрый (-ая, -ое, -ые)
ертоқым — седло
соғым — убой скота на зиму
қазы — казы
молшылық — изобилие

7-8 сабақ. Ғабиден Мұстафин «Шығанақ» (романнан үзінді)

жер жырту — вспахивать землю
ұжымшар — колхоз
өгіз — бык
ертемен — с утра
көл — озеро
егеу — точилка
арба — тележка
малшаруашылық — скотоводство
қаймақ — сметана
жемшөп — корм

11-тақырып. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ. АҚ МОЛ БОЛСЫН! ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

М. Мақатаев «Наурыз».

1-2 сабақ. Наурыз — Ұлыстың ұлы күні

жаңару — обновляться
жылда — ежегодно
мерекелік — праздничный
салт — обычай
отырғызу — рассаживать
көрісу — повидаться
құшақтасу — обниматься
ұлыс — всенародный
құтты — приносящий счастье, удачу, благополучие
оқшау сөздер — обособленные слова

Кітаптық-Портал.КЗ

3-4 сабақ. Наурызкөже ішеміз

тағам — еда
көкпар — кокпар (конно-спортивная игра)
тоғызқұмалақ — тогызкумалак (национальная игра)
бүлдіршін — малыш
ерекше — особо
алтыбақан — качели
әткеншек — качели

5-6 сабақ. Наурыз-думан

сыбаға — доля
наным — вера
сапар — поездка
ұлттық ойындар — национальные игры
шаттану — радоваться
көңілді — весёлый
Қызыр Ата — Святой старец
игі — добрый, 2) благой (-ое, -ие)

7-8 сабақ. Наурыздың сәні – зергерлік бұйымдар

әшекейлер — украшения
зергер — ювелир
білезік — браслет
сақина — кольцо
сырға — серьги
ою-өрнек — орнамент
шеберхана — мастерская
күміс — серебро
қимыл-қозғалыс — движение
бұйым — вещь

12-тақырып. ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?
М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі

1-2 сабақ. Ел ертеңі — білімді ұрпақ

сыныптас — одноклассник
еңбектену — трудиться
талапты — целеустремлённый, имеющий стремление; инициативный
табандылық — упорство
төзімділік — выносливость
ұялшақ — застенчивый
шыдамдылық — терпение

3-4 сабақ. Мағжан – ұлы ақын

ашушаң — вспыльчивый
білімпаздық — просвещённость
құрдас — ровесник
кекшіл — мстительный
құрбы — подруга
жалындау — 1) разгораться; 2) пылать, гореть
табыс — доход
танымпаз — любознательный

5-6 сабақ. Мен жастарға сенемін

айбынды — доблестный
айбатты — бравый
жастық — молодость
қайратты — сильный
сену — верить
аспан — небо

қос — соедини
қайрат — сила
икемдел — приспосабливайся
мүдде — интерес

13-тақырып. «МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

1-2 сабақ. Бұл электронды энциклопедия ма?

деректер — данные
сандық жинақ — цифровая коллекция
дереккөздер — источники
мәліметтер — сведения
тұлға — личность
мұра — наследие
қамту — охватить
қолжетімді — доступный

3-4 сабақ. Энциклопедиядағы қызықты деректер

қызықты — интересный
ғылыми дәлел — научное доказательство
іздеу — поиск
күрделі — сложный
ғарыш айлағы — космодром
рухани — духовный
келешек — будущее
тау шыңы — вершина гор

5-6 сабақ. Туған өлкенің танымал тұлғалары

бейнелеу өнері — изобразительное искусство
қалыптастыру — формирование
майталман — храбрый
ұрпақ — поколение
шынайы — истинно
танымал — известный, популярный
қайраткер — деятель
ғалым — учёный

14-тақырып. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ.
Майкл Х. Харт «100 ұлы адам» атты кітабынан — «Альберт Эйнштейн».

1-2 сабақ. Жаңа технология жетістіктері

әдіс — метод
заманауи — современный (-ая, -ое, -ые)
атақ — слава
есептеуіш — вычислитель
заңдылық — закономерность
көшбасшы — лидер
негізін қалаушы — основатель
ғылыми-техникалық — научно-технический
жетістік — достижение
мамандықтар — специальности

3-4 сабақ. Көшпелі өмір

жаңаша — по-новому; по-другому, иначе
нәтиже — результат
келіссөз — переговоры
ұсыныс — предложение, рекомендация

жақсарту — улучшать
үрдіс — процесс
біршама — несколько
жаңғырту — обновлять

5-6 сабақ. Өнертапқыштар

өнертапқыш — изобретатель
ерекшелік — особенность
жасанды — искусственный (-ая, -ое, -ые)
құрылғы — устройство
негіздеу — обосновать
талдау — 1) разделять; 2) анализировать
қаржы — финансы
құндылық — ценность
кейінгі — следующий, последующий, последний
қуаттау — заряжать

7-8 сабақ. Майкл Х. Харт. Альберт Эйнштейн

өнертабыс — изобретение
қарқынды — интенсивный (-ая, -ое, -ые)
тереңдету — углублять
дәлдік — точность
икемсіз — неуклюжий
қару — оружие
күрделендіру — осложнять
салыстырмалы — сравнительный, сопоставительный
мекеме — учреждение
көшу — переехать

15-тақырып. БАТЫР ТУСА – ЕЛ ЫРЫСЫ

Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» (үзінді)

1-2 сабақ. Батыр туса – ел ырысы

жігіт — парень, юноша, джигит
ырыс — удача, счастье, доля, изобилие
сүйіспеншілік — любовь
ер — герой, мужчина
қайсар — упрямый
ару — красавица
лайықты — достойный
арқасында — благодаря

3-4 сабақ. Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз»

ақиқат — правда
бейбіт — мирный
өлу — умереть
жүректі — храбрый
даңқты — знаменитый, известный, прославленный
қайырымды — доброжелательный
із — след
кез — время

5-6 сабақ. Батырмен сұхбат

қалыптасу — формироваться
құтқарушы — спасатель
жекпе-жек — поединок
қылмыс — преступление
жұту — глотать
күнбе-күн — день за днём
ұқсау — быть похожим
оқ — пуля

ГЛОССАРИЙ

Тыңдалым — (аудирование) деген терминнің білдіретін мағынасы — «есту арқылы түсіну». Бұл — айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым. Тыңдай білу — тілдік қатынастарда аса қажетті біліктердің бірі.

Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқылым — графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Интенсивті оқылым — белгілі мақсатта берілген тапсырманы орындау үшін арнайы оқу. Ол мәтіндегі сөйлемдердің қолданылуын, грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқылады.

Экстенсивті оқылым — үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) өз еркімен оқу.

Рефлективті оқу — әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу.

Рецептивті оқу — пысықталған, өңделген ақпаратты оқу, берілген дайын ақпаратты оқып түсіну.

Көз жүгіртіп оқу — мәтіндегі жалпы мағынасын, идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Ақпаратты табу үшін оқу — мәтін ішіндегі нақты ақпаратты іздеп оқу.

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары.

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алу керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойын жеткізе алады.

Мәтіналды жұмыс мұғалімнің білім алушылармен сабақтағы жаңа мәтін бойынша жүргізетін бастапқы кіріспе жұмыс түрі.

Мәтінмен жұмыс жаңа мәтіннің мазмұнымен танысып, мәтіндегі негізгі ақпараттар мен ойбөліктерін түсіну кезеңі.

Мәтінсоңы жұмыс жаңа сабақта игерілген мәтін бойынша қорытынды тапсырмаларды орындау.

Тілдік бағдар қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын түсіндірудің жүйесі.

Көкжиек-Поиск

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редак. басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тіл кеңістігі: Мақалалар жинағы. 3 том. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 580 б.
3. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Астана: Фолиант, – 2022.
4. Асанова С.Ж., Птицина А.П. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: Оқулық. 3-басылым. – Астана: Фолиант, 2016. – 176 б.
5. Сәрсенхан Б. Әміре феномені // Егемен Қазақстан. 2023 ж. 28 наурыз.
6. Жюль Верн. Әлемді 80 күнде шарлау: роман / Ж. Верн. Ауд.: А. Мауданова – Қарағанды: Qasym баспа үйі, 2022. – 286 б.
7. Ілияс Жансүгіров. Құлагер: өлеңдер мен поэмалар / І. Жансүгіров. – Алматы: Атамұра, 2003. – 356 б.
8. Жұбанов А. Қ. Замана бұлбұлдары: қаз. әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер. – Алматы: Жазушы, 2000.
9. Жүнісов С. Ақан сері: роман. – Алматы: Жазушы, 2011. – 480 б.
10. Сағаттың шықылдағы емес ермек. https://7-su.kz/news/cat-11/23248/
11. Шойынбет Ж. Абай мұраларының электронды кітапханасы туралы... 17 Сәуір, 2020. Abai.kz

Көркемөнер баспасы

Мазмұны

8. ҒАЛАМТОРМЕН ДҰРЫС ЖҰМЫС ЖАСАУ МӘДЕНИЕТІ
Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді)

1–2 сабақ. Ғаламторды пайдаланамын 4
3–4 сабақ. Онлайн сөздікті пайдаланасың ба?. 10
5–6 сабақ. Электронды кітапханадан Жюль Верн шығармасын оқыдым 15
7–8 сабақ. «Әлемді шарлау» туралы әлемдік әңгіме 19
9–10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 24

9. МУЗЫКА. ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ
І. Жансүгіров «Күйші» поэмасы (үзінді)

1–2 сабақ. Маған классикалық музыка ұнайды 26
3–4 сабақ. Қазақтың әншілік өнері 31
5–6 абақ. Күй — қазақтың жан серігі, сырласы 36
7–8 сабақ. Күй құдіреті 41
9–10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 46

10. ТӨРТ ТҰЛІК МАЛ МЕН ЕГІНШІЛІК — ЕЛ БЕРЕКЕСІ
Ғ. Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді)

1–2 сабақ. Ақ бидай 49
3–4 сабақ. Егіннің бастары 53
5–6 сабақ. Жылқы — ер қанаты 56
7–8 сабақ. Ғабиден Мұстафин «Шығанақ» (романнан үзінді) 60
9–10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 63

11. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ. АҚ МОЛ БОЛСЫН! ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!
М. Мақатаев «Наурыз» өлеңі

1–2 сабақ. Наурыз — Ұлыстың ұлы күні 65
3–4 сабақ. Наурызкөже ішеміз 71
5–6 сабақ. Наурыз-думан 75
7–8 *сабақ*. Наурыз сәні — зергерлік бұйымдар 79
9–10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 84

12. ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?
М. Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі

1–2 сабақ. Ел ертеңі — білімді жастар 87
3–4 сабақ. Мағжан — ұлы ақын 92
5–6 сабақ. «Мен жастарға сенемін» 97
7–8 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 100

13. «МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

1–2 сабақ. Бұл электронды энциклопедия ма? 103
3–4 сабақ. Энциклопедиядағы қызықты деректер 107
5–6 сабақ. Туған өлкенің танымал тұлғалары 111
7–8 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 114

14. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
Майкл Х. Харт «100 ұлы адам» атты кітабынан — «Альберт Эйнштейн»

1–2 сабақ. Жаңа технология жетістіктері 116
3–4 сабақ. Көшпелі көрме 120
5–6 сабақ. Өнертапқыштар 123
7–8 сабақ. Майкл Х. Харт. Альберт Эйнштейн 128
9 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 132

15. БАТЫР ТУСА — ЕЛ ЫРЫСЫ
Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» (үзінді)

1–2 сабақ. Батыр туса — ел ырысы 134
3–4 сабақ. Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» 138
5–6 сабақ. Батырмен сұхбат 144
7 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 148

Сөздік 151
Глоссарий 157
Әдебиеттер 159

Оқулық

Оқу басылымы

Оразбаева Фаузия Шамсиқызы
Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы
Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы
Рауандина Айтжамал Қалкенқызы
Мукеева Бибігүл Қазбекқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті
Оқулық
2-бөлім

Негізгі орта білім беру деңгейінің
(оқыту қазақ тілінде емес)
7-сыныбына арналған

Ғылыми жетекші П. Қ. Юсуп
Әдіскерлер Б. Қ. Мукеева, Н. Қ. Ұзақбаева
Редакторлар Г. Қ. Омарбекова, Г. Исмағұлова
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина,
М. Мирошников, Н. Буксикова
Фотосуретші П. Михеев
Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор Р. Шайсламов
Беттеуші Р. Ойса, А. Қорабай, А. Галиева
Шығарушы редактор Қ. Р. Мұқашева

16.06.2025 басылымға жіберілді. 60×90 ⅛ форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Таралымы 140 000
İmak Ofset Basım Yayın A.Ş. басылған.

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050059,
Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 235 Б
тел. +7 727 341 08 93
www.kokzhiek-gorizont.kz

Учебное издание

Оразбаева Фаузия Шамсиевна
Даулетбекова Жанат Турарбековна
Рахметова Райгуль Садуакасовна
Рауандина Айтжамал Калкеновна
Мукеева Бибигуль Казбековна

Қазақ тілі мен әдебиеті
Учебник
Часть 2

Для 7 класса
уровня основного среднего образования
(с неказахским языком обучения)

Научный руководитель П. К. Юсуп
Методисты Б. К. Мукеева, Н. К. Узакбаева
Редакторы Г. К. Омарбекова, Г. Исмагулова
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов,
В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников,
Н. Буксикова
Фотограф П. Михеев
Дизайн обложки Д. Н. Буксикова
Технический редактор Р. Шайсламов
Компьютерная верстка Р. Ойса, А. Қорабай, А. Галиева
Выпускающий редактор К. Р. Мукашева

Подписано в печать 16.06.2025. Формат 60×90 ⅛.
Печать офсетная. Гарнитура «DIN».
Тираж 140 000
Отпечатано İmak Ofset Basım Yayın A.Ş.

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050059,
г. Алматы, проспект Назарбаева, 235 Б
тел. +7 727 341 08 93
www.kokzhiek-gorizont.kz